

**ФОНД ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН –  
ЕЛБАСЫ**

**СОВЕТ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ**



**ИННОВАЦИОННОЕ РАЗВИТИЕ И ВОСТРЕБОВАННОСТЬ  
НАУКИ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНЕ**

**XII Международная научная конференция**

**Сборник статей**

**(часть2)**

**Общественно-гуманитарные науки**

**Алматы – 2018**

**УДК 001**  
**ББК 72**  
**И 66**

**ОТВЕТСТВЕННЫЕ РЕДАКТОРЫ:**

**АБДИРАЙЫМОВА Г.С.** – Председатель Совета по науке при Фонде Первого Президента Республики Казахстан, доктор социологических наук, профессор, заведующая кафедрой социологии и социальной работы КазНУ им. аль-Фараби  
**АМИТОВ С.А.** – кандидат социологических наук, доцент кафедры социологии и социальной работы КазНУ им. аль-Фараби

**И 66** **Инновационное развитие и востребованность науки в современном Казахстане: Сб. статей Межд. Науч. Конф.** (г. Алматы, 22-23 ноября 2018 г.). – Алматы, 2018. – 223 с. – каз., рус., англ.  
ISBN 978-601-7079-64-2

В настоящий сборник вошли материалы XII Международной научной конференции «Инновационное развитие и востребованность науки в современном Казахстане» (г. Алматы, 22-23 ноября 2018 г.).

Материалы предназначены для молодых ученых, исследователей, преподавателей, студентов, магистрантов, докторантов, интересующихся проблемами развития современного общества.

Статьи изданы в авторской редакции.

**УДК 001**  
**ББК 72**

ISBN 978-601-7079-64-2

## **ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

### *Түйіндеме*

*Инновациялық қызметті қазақстандық жоғары мектебі дамуының маңызды беталысы ретінде қарастыру кезінде жоғары оқу орындарының инновациялық әлеуетінің қалыптасуы мен дамуы, инновациялық үдерістердің жаңа ұйымдастыру формаларының білім беруге интеграциясы және олардың мемлекеттік, ғылыми, нарықтық және қоғамдық институттар жүйесіне қосылуы мәселелері алдыңғы жоспарға шығады. Қазіргі жағдайда жоғары мектептің инновациялық әлеуеті елдегі білім мен ғылым саласына ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық дамуына да ықпал ету тетігі болып табылады.*

Қазақстан Республикасының 2020 ж дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасына сәйкес, білім берудің бәсекеге қабілеттілігінің басты өлшемі құзыреттіліктің ұлттық жүйесін қалыптастыру және білім беру қызметтерінің халықаралық нарығында қазақстандық жоғары білім берудің беделін арттыру болуы қажет [1].

Шетел тәжірибесі көрсетіп отырғандай, дамыған елдерде жоғары оқу орындары ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді жүргізудің негізгі институционалды элементі болып табылады және ел экономикасының дамуында зор үлес алады. Бүгінгі таңда қазақстандық жоғары оқу орындары аймақтық және жалпы Қазақстан экономикасында инновациялық белсенділік орталықтары мен инновациялық дамудың жылжытушы күші болуы үшін бірқатар шаралардың жүргізілуін қажет етеді. Қазақстанның ұлттық жоғары оқу орындары жақын болашақта зерттеу университеттері болуды өз алдына мақсат етіп отыр. Осы мақсатқа жету үшін жүйелік, қаржылық, құрылымдық тетіктерді дамытуға назар аудару қажет. Сондықтан да осы мәселелерді зерттеу теориялық және тәжірибелік тұрғыдан өте маңызды және өзекті болып табылады.

Жоғары мектептің инновациялық әлеуетін дамыту қажеттілігі халық шаруашылығының әлеуметтік маңызды бөлігі ретінде қазақстандық білім беруге қатысты соңғы онжылдықтың бірқатар үрдістері мен сын-тегеуріндерге байланысты. Бұған экономиканы жаңғырту мен әртараптандыруды; ЖІӨ құрылымындағы қайта өңдеу салаларының үлесін және қосылған құндағы зияткерлік өнімнің үлесін арттыруды; білім және технологиялар нарықтарында бәсекелестіктің шиеленісуін; жоғары оқу орындарының жаңа рөлін озық ғылым мен білім беру орталықтары ретінде ғана емес, сонымен қатар ғылымды қажетсінетін бәсекеге қабілетті өнімді нарыққа шығару жолымен ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін

коммерциаландыруға бағдарланған инновациялық қызметтің маңызды субъектілері ретінде де ұғыну; жоғары оқу орындары санының өсуі және білім беру қызметтері нарығында сұраныс пен ұсыныс құрылымының тепе-теңсіздігі; жоғары оқу орындары арасындағы теңсіздіктің күшейе түсуін жатқызуға болады.

Инновациялық әлеуетті қалыптастыру және дамыту үдерісінде ЖОО тек ғылыми-білім беру орталығы болып қалып қана емес, ол ғылыми-зерттеу институттар, тәжірибелік-конструкторлық өндірістер, конструкторлық бюролар, ғылыми және ғылыми-өндірістік орталықтар, кадрларды даярлау және қайта даярлау орталықтары, технопарктер, инновациялық-технологиялық орталықтар, бизнес-инкубаторлар, шағын және орта инновациялық және ғылымды қажетсінетін кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлер түріндегі инновациялық инфрақұрылыммен өзара іс-қимыл жасайтын ерекше оқу-ғылыми-инновациялық кешенге айналады [2].

Бүгінгі күні отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде «инновациялық әлеует» зерттеу объектісі ретінде көптеп кедеседі. Осы ұғымға берген анықтамаларды келесі кестеде бірнеше бағыттар бойынша бөліп көрсетуге болады (1-кесте) [3].

*1-кесте. «Инновациялық әлеует» ұғымына ғалымдардың берген анықтамалары*

№	Автор(лар)	Жыл	Анықатама	«Инновациялық әлеует» ұғымын зерттеу бағыты
1	Ларина В.П	1999	Инновациялық жобалардың, идеялардың, технологиялардың пайда болуы саласындағы өзін-өзі дамыту және іске асыру қабілеті	Инновациялық әлеует инновацияларды енгізуге мүмкіндік беретін сипаттамалар жиынтығы ретінде
2	Васюхин О.В., Павлова Е.А.	2009	Инновациялық жобаны немесе инновациялық қайта құру бағдарламаларын іске асыру және инновацияларды енгізу арқылы қойылған инновациялық мақсатқа қол жеткізуді қамтамасыз ететін міндеттерді орындау дайындық деңгейі (бұл жағдайда - ЖОО)	
3	Демчик Д.С., Евстигнеев А.Н, Тишков О.И.	2006	ЖОО-ның инновациялық әлеуетін жалпы жағдайда оның негізгі ғылыми-инновациялық бөлімшелерінің (орталықтар, институттар, кафедралар, зертханалар және т.б.) әлеуеттерінің жиынтығы ретінде қарастыруға болады.	
4	Гижко Д.В.	2012	Инновациялық қызметті жүзеге асыруды қамтамасыз ететін ресурстардың болуымен сипатталады... әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын іске асыруға сәйкес	

			инновациялық қызметті жүргізуге даярлығы	
5	АшмаринаС.И., ПлаксинаИ.А.	2013	Инновациялық қызметті жүзеге асыруға дайындық деңгейі	
6	ЗариповаА.В.	2012	Ғылыми-техникалық және технологиялық жаңалықтарды өндіру мен жаңғыртуды қамтамасыз ететін жағдайлар мен ресурстардың (қаржылық, кадрлық, ақпараттық) жиынтығы, сондай-ақ инновациялық қызметті іске асыру ықтималдығы	Инновациялық әлеует инновацияны енгізуге ықпал ететін әртүрлі сипаттағы ресурстардың жиынтығы ретінде
7	Суслов В.И.	2008	Қолда бар және инновациялық мақсаттарға қол жеткізуге (инновациялық стратегияны, бағдарламаларды, жобаларды іске асыруға) арналған ресурстар, сондай-ақ инновациялық қызметтің ұйымдық құрылымдары мен технологиялары (тетіктері)	
8	М. Турсунходжаев, Н. Хашимова	2017	Жоғары оқу орнының инновациялық әлеуетін ішкі инновациялық процестерді (білім беру, ғылыми-зерттеу және басқару) іске асыру үшін қажетті өзара байланысты ресурстардың жиынтығы ретінде қарастыру керек.	
<i>Дерек көзі – [2-5] әдебиеттер негізінде құрастырылған</i>				

«Инновациялық әлеует» ұғымының мәні туралы көптеген терминологиялық пікірталастарға карамастан, отандық жоғары оқу орындарын инновациялық дамыту саласында инновациялық әлеуетті есепке алу және іске асыру мәселелері жеткіліксіз зерттелген. Жоғарыда көрсетілген кестеде ресей ғалымдарының «инновациялық әлеует» ұғымына берген анықтамаларының үш бағыты көрсетілген: біріншіден, инновациялық әлеует инновацияларды енгізуге мүмкіндік беретін сипаттамалар жиынтығы ретінде, екіншіден, инновацияларды жүргізуге даярлығы ретінде, және үшіншіден, инновацияны енгізуге ықпал ететін әртүрлі сипаттағы ресурстардың жиынтығы ретінде қарастырылған.

Жоғары мектептің инновациялық әлеуетінің құраушыларын да бірнеше топқа бөліп көрсетуге болады:

- ЖОО-ның инновациялық қызметін жүзеге асыру үшін қолданылатын ресурстар түрлерін сипаттайтын ресурстық құраушылар (кадрлық, зияткерлік, материалдық-техникалық, қаржылық, инфрақұрылымдық);

- ішкі үдерістер бойынша инновациялық ресурстарды пайдалану бағыттарын сипаттайтын функционалдық құраушылар (инновациялық білім беру үдерісінің әлеуеті, ғылыми-зерттеу үдерісінің әлеуеті, инновациялық басқару үдерісінің әлеуеті).

ЖОО-ның инновациялық әлеуетінің құрылымында ресурстардың үш түрі ерекше орын алады:

1) кадрлық: кадрлардың инновациялық қабілеті мен креативтілігі жоғары оқу орнының инновациялық даму қарқынын белгілі бір шешуші деңгейде айқындайды;

2) инфрақұрылымдық: ЖОО-ның инновациялық инфрақұрылымы ЖОО-ның инновациялық әлеуетінің барлық компоненттерін тиімді пайдалану үшін қолайлы жағдай жасауға арналған;

3) имидждік: университеттердің халықаралық рейтингтеріне сәйкес (атап айтқанда, QS рейтингі), жоғары оқу орнының жұмыс істеу тиімділігін сипаттайтын маңызды көрсеткіштерге университеттік қауымдастықтың пікірі және бизнес-қауымдастықтың ЖОО қызметі туралы пікірі болады, олар нәтижесінде инновацияларды табысты енгізу үшін қажетті имидждік әлеуетін қалыптастырады [4].

ЖОО қызметінің инновациялық сипаты оның келесі бағыттарды дамытуға байланысты аймақтық инновациялық жүйені құрудағы рөлі анықталады:

- Жаңа білім генерациясы және жаңа технологиялар өндірісі;
- Жоғары білікті мамандарды дайындау;
- Өңірде инновациялық саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

- Академиялық ғылыммен, өнеркәсіппен, бизнеспен және аймақтың билік құрылымдарымен стратегиялық серіктестік қатынастарын орнату;

- Өңірдің білім беру мекемелерін оқу-әдістемелік әзірлемелермен қамтамасыз ету, оқу процесіне инновациялық білім беру технологияларын енгізу мәселелері бойынша кеңес беру;

- Бизнес-қоғамдастықта инновациялық мәдениетті қалыптастыру және т.б. [5].

Ішкі инновациялық үдерістерді жүзеге асыру үшін ЖОО-ның қолда бар инновациялық әлеуетті тиімді пайдалануы жоғары инновациялық белсенділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді, ол жоғары оқу орнының инновациялық әлеуетті қалыптастыру және пайдалану қабілетін қалаған нәтижелерге қол жеткізу мақсатында қалыптасқан инновациялық климат жағдайында ішкі инновациялық үдерістерді тиімді ұйымдастыру негізінде түсіну керек. Осылайша, инновациялық белсенділік инновациялық әлеуетті одан әрі арттыруға негіз болатын инновациялық қызметтің нәтижелері (әлеуметтік, ғылыми, ғылыми-техникалық, экономикалық) маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын жоғары оқу орнының инновациялық дамуының кешенді сипаттамасы болып табылады. Демек, ЖОО-ның инновациялық қызметінің тиімділігі қалыптасқан инновациялық климат жағдайында ішкі инновациялық үдерістерді іске асыру кезінде оның инновациялық қызметінің нәтижелеріне инновациялық әлеуеттің өзгеру дәрежесімен анықталады [4].

Қазіргі кезеңде экономиканың тиімділігін арттыру үшін жоғары оқу орындарының ішкі әлеуетін – білімді, шығармашылықты, зияткерлік әлеуетті басқару жүйесінде сапалы өзгерістер қажет. Инновациялық әлеует жоғары

оқу орнының инновациялық қызметін жүзеге асыру үшін негіз болып табылатындықтан, оны бағалау ерекше маңызға ие болады. Қазіргі уақытта жоғары оқу орындарының инновациялық әлеуетін бағалаудың бірыңғай әдістемесі әлі күнге дейін қалыптаспаған, сондықтан бұл авторлық тәсілді әзірлеуді талап етеді. Мұндай талдау нарықтың перспективалы сегменттерін иелену, білім беру қызметтерінің сапасын арттыру тұрғысынан оқу орындары арасында салауатты бәсекелестіктің пайда болуына ықпалдасады. Біздің пікірімізше, бұл білім беру саласындағы стратегиялық жоспарлау жүйесінің нәтижелілігі мен тиімділігін жеке оқу орнының ғана емес, мемлекет ауқымында да арттыруға мүмкіндік береді.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 4 маусымдағы № 579 Жарлығы.
2. Д.А. Шевченко, Д.А. Каплан. Инновационный потенциал ВУЗа.
3. Н.Н. Шестернева. Инновационный потенциал высшего профессионального образования в области градостроительства. // Инженерный вестник Дона. – №4. – 2014.
4. М. Турсунходжаев, Н. Хашимова. Формирование и использование инновационного потенциала вуза // Biznes – эксперт. – №4 (112). – 2017.
5. Г.В. Варламов. К вопросу о формировании инновационного потенциала исследовательского вуза // Экономика в промышленности. – №3. – 2011. – 125-128 б.

*Абдримова Феруза Асильовна  
ҚазҰПУ аға оқытушысы  
[Feruza\\_abdrimova@mail.ru](mailto:Feruza_abdrimova@mail.ru)*

*Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан*

### **ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген [1].

Мұндай үлкен міндеттерді шешу үшін, дәстүрлі оқыту жүйесінен біртіндеп қарқынды даму шеңберіне жеткізе алатын жаңа оқыту технологияларын қолдану керек. Осыған байланысты, бүгінгі таңда

ақпараттық және коммуникациялық технологияларды игеру әрбір жеке тұлға үшін қажетті шартқа айналуға. Себебі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктері мен жетістіктерін пайдалану оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынасты жақсартады және оқу үрдісінің тиімділігін арттырады.

Қазіргі қоғам – жаңа ақпараттық технологиялар дәуірі. ХХІ ғасыр – ақпарат ғасыры, бүгінде ғылымның әр саласын дамыту ақпараттық жаңа технологияларды игерумен тығыз байланысты.

Сондықтан бүгінгі қоғам талаптарының бірі – ақпаратты меңгере алатын, жан-жақты білімді, жаңа білімдерді игеруге қабілетті ұрпақ қалыптастыру болып табылады.

Жаңа ақпараттық технологиялар нақты білім беру жүйесі бойынша, біріншіден, білім берудің мазмұнынан, екіншіден, ЖОО қызметін ұйымдастырудан, үшіншіден, оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынастан, оқыту әдістерінен көрініс табады.

Оларды қолдану барысында төмендегідей іс-әрекеттер жүзеге асады:

- студенттердің оқып-үйренуге деген қызығушылығын көтеру;
- оқытушы мен студенттің белсенді іс-әрекетін қалыптастыру;
- ақпаратпен жұмыс істей білу дағдыларын қалыптастыру;
- дұрыс шешім қабылдауға үйрету;
- қарым-қатынас жасауға үйрету.

Ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде оқытушыны оқу үрдісінде тек білім беруші емес, ол студенттің бағыт-бағдар берушісі болып есептелінеді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың негізгі артықшылықтары мынадай:

1. Олар студенттерге тақырып шеңберінде немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуы тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады;
2. Білімге бір-бірінен үлкен арақашықтықта орналасқан әртүрлі оқу орнында отырып қол жеткізуге болады;
3. Оқыту жүйесінің көп деңгейлі жетілдірілуі оқу материалдарының сапасын арттырады [2; 215].

Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді және компьютерді пайдалануға, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді.

Электронды оқулық – бұл бағдарламалы-әдістемелік комплекс, компьютердің көмегімен дидактикалық әдіс-тәсілдер және ақпараттық технологияны қолдануға негізделген ғылыми-педагогикалық құрал. Білім берудің кез келген саласында электрондық оқулықтарды пайдалану студенттердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен жұмыс істеуге жағдай жасайды.



Қазіргі заманғы жаңа технологияларды, оның ішіндегі электрондық оқулықтарды пайдалану студенттердің ақпаратпен жұмыс істей білуін қалыптастырады. Электронды оқулықтар жоғары ғылыми және әдістемелік деңгейде жасалады және бағдарлама мен стандарттың дидактикалық бірліктерін анықтайтын, мамандықтың білім беру стандарттарына толығымен сәйкес келуі керек. Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, анимация, гиперсілтеме, видеокөріністер, дыбыс және музыка тыңдатып көрсетуге болады. Бұл, әрине, оқытушының тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі әсерлі.

Электрондық оқулықтардың тиімділігі:

- теориялық материалды өз бетімен оқып үйренуге, зерттеуге мүмкіндік береді;
- сабақты иллюстрациялық материалдармен жабдықтауға көмектеседі;
- сабақта және сабақтан тыс уақытта өз бетімен әртүрлі деңгейлі шығармашылық тапсырмалар орындауға мүмкіндік береді.

Интерактивті құралдарға интерактивті тақта, қалам, панель құрылғысы, планшет және тағы басқалар жатады.

Интерактивті тақта сабаққа қатысушылардың барлығының ойын бір ортаға жинақтап, қажет ақпаратты өңдеу арқылы жалпыланған ақпараттық біліктілікті қалыптастыратын тиімді құрал болып табылады. Алдын ала дайындалған оқу материалдары – презентациялар, мәтіндік, графикалық ақпараттық объектілер – сабақтың жақсы өтуін және барлық ақпарат түрлерін қолдануды қамтамасыз етеді.

Қазіргі ақпараттандыру дәуірінде студенттердің жеке тұлғасын қалыптастырып, ақпараттық қоғамда өмір сүруіне, оның ақпарат ағымында дұрыс бағдар жасап, тиімді шешім қабылдауына қажет ақпараттық технологияларды таңдап алу және оларды қолдану қабілеттілігін қалыптастыруда Интернет көздерін қолданудың маңызы зор.

Онлайн шаралары да бүгінгі күндегі ақпарат алудың тиімді тәсілі. Мысалы, қашықтықтан оқыту, және онлайн конференциялар және т.б.

Ал, инновациялық педагогикалық технологиялар кез-келген пәнді оқыту барысында болашақ мамандардың ой-өрісін кеңейтіп, кәсіби даярлық деңгейін көтеріп, шығармашылықпен жұмыс істеуге, жаңашыл тәжірибелер мен әдістемелерді кеңінен пайдалануға және студенттерге білім беру жаңашылдық тұрғысынан жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сондықтан мұғалімдердің даярлығын жетілдіру инновациялық педагогикалық технологиялардың орны ерекше. Оқу үрдісіне сәйкес келетін инновациялық педагогикалық технологияларды тиімді таңдап алу мен пайдалану бойынша ғылыми зерттеулерде мынадай қағидалар ұсынылған:

- технологияның білім беру мақсатына қол жеткізу үшін атқаратын қызметін анықтау;
- студенттерге тән тұлғалық сапаларға, нақты пәнге, оның мақсаты мен мазмұнына сәйкестігін есепке алу;
- технологиялардың ерекшеліктерін, мазмұнын, пайдалану жолдары

мен іске асыру шарттарын жетік меңгеру;

- технологиялардың өзара байланысын игеру [2; 299].

Инновациялық педагогикалық технологияларға модульдік технологиясы, білім беруді ізгілендіру технологиясы, проблемалы оқыту технологиясы, деңгейлеп – саралап оқыту технологиясы, тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясы, түсіндіру басқарып оқыту технологиясы, сын тұрғысынан ойлау технологиясы, жобалап оқыту технологиясы, мәселелік оқыту технологиясы, толық меңгерту технологиясы, ойын технологиясы, жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологиясы, оқытудың ықпалды технологиясы және т.б. жатады.

Қазіргі кездегі барлық білім беру технологияларының алдына қоятын мақсаты – студенттің жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру болып табылады. Жаңа педагогикалық технология оқытушы шеберлігін жетілдіруге ықпал жасап, студенттің ойлау қабілетінің кеңеюіне зор мүмкіндік туғызады.

Қорыта айтқанда, оқу үдерісі – бір орында тұрып қалмайтын, өзгеріп, жаңарып, толықтырылып, дамып отыратын құбылыс, сондықтан ақпараттық-коммуникациялық және инновациялық технологияларды оқу үдерісінде үнемі қолданып отыру керек.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Білім туралы. Қазақстан Республикасының Заңы. 2007 жыл 27 шілде, «Егемен Қазақстан».
2. «Көптілді білім беру негізінде бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру» атты ОҚМПИ-ның 75 жылдығына арналған Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектері. I том. Шымкент, 2012.
3. Педагогикадағы жаңа технологиялар – дамытушы алғышарттар. Қазақстан мектебі, №3, 2011.

*Абитова Сымбат Иембергенқызы*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Әлеуметтану мамандығы,  
магистратура, I курс*

*Исмуханова Гульнара Геннадьевна*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Ә.ғ. кандидаты, доцент м.а.*

### **ЖҰМЫСБАСТЫЛЫҚ ТЕОРИЯЛАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ**

Жұмыспен қамтамасыз ету адам әлеуетін сақтау мен дамытудың негізгі факторлары болып табылады. Сондықтан мемлекеттің жұмыспен қамту

саласындағы саясатын өңдеу мен жүзеге асыру-әсіресе нарықтық экономикада өте маңызды әрі күрделі мәселе.

Жұмысбастылық түсінігіне экономикалық теориядағы негізгі экономикалық мектептердің өкілдері де көптеген анықтамалар береді, сол себепті де бұл экономикалық категорияның теориялық жағын қарастырып көрелік. Классикалық политэкономияның пайда болуы кәсіпкерлік қызметтің, сауда, ақша айналысы, оның сауда операцияларына тарауымен қатар, өнеркәсіпте және өндіріске түгелдей енуімен тығыз байланысты. Экономикалық теорияның атасы саналатын классикалық мектептің ең көрнекті өкілдері ағылшын экономистері У.Петти, А.Смит және Д.Рикардо. Олардың барлығы да өз дәрежесінде және де жекелей тұрғыда негізгі теориялардың бірі - еңбек құн теориясының негізін қалаушылар болып табылады [1].

Экономикалық категория тұрғысынан алғанда, жұмыспен қамту – бұл халықтың еңбекке кірісу мөлшерін, жұмысшы мен оның жеке мұқтаждықтарының қанағаттандырылу дәрежесін, ақы төленетін жұмыс орындарындағы табыс табуға мүдделілігін көрсететін еңбек қызметіне қатысуы жөніндегі қатынастар жиынтығы [2].

А.Смит «Көрінбейтін қол» теориясының негізін қалаушы. «Көрінбейтін қол» туралы айтқанда А.Смит, шаруашылық іс-әрекетке араласатын әрбір адам өз мүддесін басшылыққа алады және жеке мақсаттарын көздейді деген, яғни оның мәні нарықтық экономика автоматты түрде өзін-өзі реттейді дейді (нарықтағы сұраныс пен ұсыныстың ауытқуы, бәсеке, бағалардың, жалақының, пайданың өзгеруі, және т.б.). адамдар өзінің бас пайдасын ойлай отырып, қызмет барысында олар қоғамдық өнімнің ұлғаюына, жалпы игіліктердің өсуіне ықпал етеді. Бұл нарық заңдылықтарының «көрінбейтін қолы» арқылы жүзеге асырылады, сонда адам өз пайдасын ойлай отырып қоғам мүддесіне сай қызмет етеді екен. Нарықтық экономикадағы тәртіп бәсеке арқылы орнайды. Еркін бәсеке жағдайында өндірістің реттеушісі баға болады. Ол ресурстардың көлемін, бөлінуін, жұмыс күшінің қозғалысын реттейді.

А. Смиттің қызықты түсініктері мен ұстанымдары еңбек ақысына байланысты болды. Ол жұмысбастылық пен оның байланысын тікелей қарастырмады, бірақ еңбекақы еңбектің жеңілдігіне немесе қиындығына, ондағы тазалық немесе қолайсыздыққа, аталмыш жұмыстың мәртебелігі немесе төменділігіне тәуелділігіне орай өзгереді деп тұжырымдады.

Давид Рикардо классикалық мектептің екінші белгілі өкілі, өз уақытында ең басты ағылшын экономистерінің бірі ретінде танымал болды. Оның ең басты еңбегі 1817 жылы «Саяси экономиканың және салық салудың басталуы» атты тақырыпта жарық көрді. Ол А. Смиттің негізгі ережелерін әрі қарай дамытып, оның зерттеулеріндегі бірқатар кемшіліктерді түзетті. Д. Рикардо құнның еңбектік теориясы позициясын нық ұстанып, еңбектік құн заңдылығын нарықтық шаруашылықты еңбасты реттеуші қағида деп есептеді және де тауардың айырбас құны оның өндірісіне кеткен еңбекке

пропорционал деп есептеді. Ең кең таралған ойдағы тауардың құны тек ұсыныс пен сұранысқа тәуелді болады деп тұжырымдау ғылым мен тәжірибедегі көптеген қателіктерге себеп болады деп есептелді [6].

Д. Рикардо экономикаға, еркін саудаға мемлекеттің араласуын барынша шектеуді қолдады және де нарықтық капитализмнің жүйесіу шаруашылықтың ең ұтымды жүйесі деп есептеді.

Осыған орай, классиктер нарықтық жүйе ресурстарын, соның ішінде жұмыс күші ресурстарын толық пайдалануды қамтамасыз етуге қабілетті деп болжады. Олар толық жұмысбастылық нарықтық экономиканың нормасы, ал ең жақсы экономикалық саясат - мемлекеттің экономикалық өмірге араласпау саясаты деп тұжырымдады.

Жұмыспен қамтудың классикалық теорияларын қорытындылай келе, келесідегідей тұжырымдар жасауға болады:

1) Толық жұмыспен қамту нарықтық экономиканың басты нормасы болып есептеледі. Нарықтық жүйе автоматты түрде өзін-өзі реттеуші болып толық жұмыспен қамтамасыз етуді қамтиды.

Осы ретте, еңбек нарығында пайда болатын стихиялық теңсіздіктер жалпы тепе-теңдіктің негізін қалайды. Сондай-ақ, экономикада жұмыспен толық қамтылған кезде өндіріс деңгейі қамтамасыз етіледі.

2) Басқа ресурстар нарығындағыдай еңбек нарығындағы реттеу автоматты құралдар есебінен жүзеге асырылады. Тауар нарығындағы бағаның арзандауы еңбек ақының төмендеуіне немесе оның деңгейі өзгермеген кезде жұмыссыздықтың пайда болуына алып келеді. Жұмыс күшіне деген сұраныстан ұсыныстың артуы жалақы мөлшерін азайтады. Ал, ол өз кезегінде айтарлықтай төмен жалақы төлей отырып, қосымша жұмыс күшін тартуға мүмкіндік береді.

3. Еңбек ресурстарын толық пайдалана алуға мүмкіндік беретін, жұмыс күшінің өзін-өзі реттейтін нарығы жағдайында мемлекет еңбек нарығы механизіміне араласпауы тиіс. Сонымен қатар, оның араласуы орынсыз және зиянды болып саналады. Бұл теория экономикалық субъектілерге қатысты мемлекеттің бейтараптық қағидасын қалыптастырады және ХХ ғасырдың 30 жылдарында, «Ұлы депрессияға» дейін жұмыспен қамту саласында мемлекеттің араласпауы жөніндегі өз ұстанымдарын дәлелдеді.

Жұмыспен қамту теорияларының экономика ғылымының бір бөлігі ретінде қалыптаса бастауын, бірқатар мемлекеттерде жұмыссыздықтың қатты белең алуына Ұлы тоқырау себеп болды. Осы уақытта жұмыссыздық мәселесін шешуге көңіл бөле отырып, бірқатар теориялар пайда болды. Яғни бұған жұмыспен қамтудың экономикалық теориясында төңкеріс ретінде қабылданған, ағылшын экономисті Джон Мейнард Кейнстің «Жұмыспен қамтудың, пайыздың және ақшаның жалпы теориясы» атты басты еңбегінің шығуы дәлел бола алады. Кейнстік теорияның классикалық теориядан өзгешелігі, ол нарықтық экономика мен жұмыспен қамтуды талдауда және бір жүйге келтіруде жаңа көзқарасқа сүйенді. Кейншілдіктің негізі нарықтық экономикада толық қамтылуды қамтамасыз ететін жұмыспен қамтудың

автоматты тетігі жоқ екендігі туралы қағида. Бұл ілімде, жұмыспен қамтудың классикалық теориясындағы баға мен еңбекақы икемділігі мен пайыз қойылымдарының ауытқулары, нарықтық экономиканың толық қамтылуды қамтамасыз ете алатындай автоматты реттеу тетіктері деген тұжырымы жоққа шығарылады. Кейнс бойынша жұмыспен қамту деңгейін күтілетін тұтыну шығындарынан және болжанатын капитал салымдарынан қалыптасатын тиімді сұраныс динамикасын анықтайды. Дж.М.Кейнстің теориялық тұжырымдамасының басты мәселесі, оның пікірінше «адамдар көбінесе табыстары өскен сайын өздерінің тұтыну деңгейлерін өсіруге бейім, бірақ бұл табыстың өсу мөлшеріне толық сай емес» деген тұжырымынан туындайтын негізгі психологиялық заң» арқылы анықталатын «тұтыну бейімділігі» мен «сақтау бейімділігі» арасындағы функциялық байланысты табу. [7].

Әлеуметтік маңыздылығы жағынан жұмысбастылықты ең жоғары құндылыққа жатқызуға болады. Оның анықтамасы және мәселесі қазіргі кезде экономикалық әдебиеттерде өте маңызды орынды алады. Көп жағдайда оны өндірістік көзқарас тұрғысынан қарастырады. Бұл тұста экономист-ғалым А.Э.Котлярдың жұмысбастылыққа берген түсініктемесі өте орынды болып келеді, яғни «жұмыс орындарын қамтамасыз ету бойынша және шаруашылық іс-әрекетте қатысуына қарай болатын адамдар арасындағы қарым-қатынастар жүйесі» деп көрсетеді. Жұмысбастылық процесі, бір мезгілде жұмысшы күші және жұмыс орындары сатылатын және сатылып алынатын еңбек нарығында жүреді (жұмыс беруші жұмыс орындарын ұсынады, ал жұмысшы күшінің иегері өзінің еңбекке қабілеттілігін ұсынады). Яғни жұмысшы күшінің және жұмыс орындарының нарықтары халықтың жұмысбастылық формасында жалдамалы еңбекпен бірігеді. Сонымен «халықтың жұмысбастылығы дегеніміз адамдардың еңбектік іс-әрекетке тартылу шаралары, олардың еңбектегі қажеттіліктерінің қанағаттандырылу дәрежесі, жұмыс орындарымен қамтамасыз етілулері» деп білеміз.

Экономистердің бірқатары 4-5 % шегіндегі жұмыссыздықты экономикалық қолайлы деп есептеуге болады және оны әлеуметтік қамту проблема туғызбайды деп есептейді. Әрине бұл орынды, өйткені олар жұмыссыздықтың «табиғи» нормасы деп бұл жерде жұмыспен қамту деңгейіне сай келетін норманы айтып отыр. Бұл деген табиғи жұмыссыздық, жұмыс күшіне деген сұраныспен қатаң анықталған дегенді білдіреді. М.Фридмен, кез-келген уақытта нақты жалақы ставкасының құрылымындағы тепе-теңдікпен сай келетін жұмыссыздықтың қандай да бір деңгейі болады дейді. Бұл кезде жұмыссыздық деңгейіне нақты жалақы ставкасы белгілі бір «формальды» қарқынмен өсу тенденциясында болады, яғни капиталдың жасалуы, техникалық жаңалықтардың енуі және басқа да процесстер өздерінің ұзақ мерзімді траекторияларында қалатын кезге дейін үздіксіз ұсталынып тұратын қарқынмен өседі. Егер де саясаткер, жұмысбастылықтың табиғи деңгейін сол кездегі шегінен ары қарай асырғысы келетін болса, онда бірінші кезекте бағаның өсуі тұрады. Жұмыссыздықтың

«табиғи нормасы» теориясының басты кемшілігі – оның еңбек нарығында да, тауар нарығында да жетілген бәсекені алатыны, ал егер ақшалай жалақының динамикасы инерциялы болса және де бәсеңдеуге көнбесе, онда бұл жағдайда күтілетін баға өсуі мен қазіргі бағаның сәйкес келуі бір ғана емес, әр түрлі жұмыссыздық нормасында орын алмақ (М.Фридмен бойынша ол жұмыссыздықтың деңгейінің «табиғи» белгісі болып келеді), яғни еңбек нарығы тепе-теңдік жағдайда болуы міндетті емес.

Еңбек нарығының екі жақтылығы жас мамандар үшін басты кедергілердің бірі болып табылады. Ішкі фирмалық еңбек қатынастарының механизмдері мен институттарына үлкендік принципі тән.

Қорыта келгенде әрбір ЖОО аяқтаған жас тұлғаның кәсіби-біліктілік дәрежесінің жоғары болуы, бәсекелестік дамыған нарық қоғамындағы оларға деген сұраныстың жоғары болуына негіз болады. Сондай-ақ, жұмыс берушілердің жұмысқа қабылдау кезінде қоятын талаптарына толықтай жауап бере алады.

### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Волгина Н.А. - М.: Экзамен, 2003. - 2-е изд., перераб. и доп. - 480 с.
2. Рынок труда. Учебник/ под ред. Буланова В.С. и Волгина Н.А. - М.: Экзамен, 2003. - 2-е изд., перераб. и доп. - 480 с.
3. Сураганова С.К. Рынок труда и занятость. - Астана: Елорда, 2001. - 228 с.
4. А. Смит . Исследование о природе и причинах богатства народов.- Москва: Издательство социально-экономической литературы, 1962. -680с.

*Амантаева Джамия Бериковна,  
докторант каф. социологии и социальной работы,  
КазНУ им. аль-Фараби  
[jamik177@mail.ru](mailto:jamik177@mail.ru)*

*Бурханова Дана Камаловна,  
PhD, и.о. доцента каф. социологии и социальной работы,  
КазНУ им. аль-Фараби  
[dana.burkhanova@gmail.com](mailto:dana.burkhanova@gmail.com)*

*Тауекелова Толганай Батырбековна,  
старший преподаватель каф. истории Казахстана и СГД,  
КазНМУ им.С.Д. Асфендиярова [batyrkyzy76@mail.ru](mailto:batyrkyzy76@mail.ru)*

## **ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ ОБЗОР РАЗВИТИЯ ИНДУСТРИИ КРАСОТЫ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНЕ**

### *Резюме*

*Қазіргі заманғы Қазақстанда сән индустриясы танымал әлеуметтік тенденцияға айналады. Сән индустриясын зерттеудің өзектілігі мыналармен анықталады: біріншіден, өзгеріп жатқан қазақстандық қоғамда "сән" және*

*"тартымды сыртқы келбет" категориялары тек әйелдер үшін ғана емес, ер адамдар үшін де маңызды болуда. Бұл мақалада бьюти-сәннің және косметика жарнамаларының, пластикалық хирургия үшін құралдардың белсенді дамуының күшейтілуі және жанана түрде қазіргі заманғы кез келген адамның сыртқы сән келбеті дамуының құндылықтары көрсетіледі.*

Индустрия красоты в современном Казахстане становится популярной социальной тенденцией. Для начала необходимо дать определение понятия «индустрия красоты». В большом толковом социологическом словаре, нет точного совпадения, поэтому рассматриваются термины: «индустрия услуг» - (service industries). Индустрия, в большей степени связанная с производством услуг, а не товаров, например, туризм.[1]

*Красота* - высшая степень целесообразности в природе, гармонического соответствия и сочетания элементов (в том числе и противоречивых) во всяком устройстве, во всякой вещи и во всяком организме. [2]

Существует тысяча определений красоты, и тысяча ее стандартов.

Актуальность изучения индустрии красоты в современном Казахстане определяется, во-первых, тем, что в меняющемся казахстанском обществе термины (категории) «красота» и «притягательный внешний вид» стали ценностно-важными не только лишь для женщин, но и для мужчин. Данный тезис подкрепляется активным развитием бьюти-красоты и рекламы косметики, средств для пластической хирургии, что косвенно показывает о росте ценности красивого внешнего вида в ежедневной жизни любого современного человека.

В развитие социологии тела большой вклад внесли своими идеями кроме М. Фуко также Г. Зиммель, Ж. Бодрийяр, Н. Элиас, М. Мосс, У. Самнер, И. Гоффман, П. Бурдьё, Р. Мерфи и др. Еще у Г. Зиммеля социология пространства строилась с учетом телесности человека. В классической работе «Экскурс о социологии чувств» (1923) Георг Зиммель описывает не только зрение и слух, но и феномен чувственной близости.[3] Каждый человек в той или иной мере, зависит от моды на внешность.

Ежемесячные расходы казахстанцев в бьюти-индустрии становятся обязательной статьей расходов наряду с расходами на образование, продовольствие, жилье и одежду и досуг. Изображения красоты повсюду. Фотографии красивых мужчин и красивых женщин украшают страницы глянцевого журналов, телевидения, рекламных щитов, потребительских товаров и Интернета. В развивающемся мире озабоченность телом и красотой усиливается, а индустрия красоты, несмотря на многие годы феминизации, - это многомиллионные траты в год. Каждый современный человек заинтересован в привлекательной внешности.

В Казахстане в любом газетном киоске, на полках супермаркетов продают десятки журналов по различным аспектам красоты, стиля, моды и здоровья.

Индустрия красоты имеет очень глубокие корни в истории. Некоторые из самых ранних записей о человеке включают некоторые украшения тела. На протяжении всей истории люди искали способы сделать себя более заметными и красивыми. Главное, что постоянно меняется, - это то, как разные культуры определяют человеческую красоту.

Индустрия красоты была естественным результатом человеческой потребности улучшить свою внешность, основанную на современном восприятии красоты.

Бьюти-индустрия включает всебя не только продажи косметики, парфюмерии и продуктов для ухода за кожей и волосами. Салоны красоты и курорты считаются сервисным сектором индустрии красоты. Кроме того, некоторые экономисты включают в себя клубы здоровья и косметический уход, пластическую хирургию в своем определении рынка.

Современные социальные потребности, следствием чего стало бурное развитие индустрии красоты в последние десятилетия, имеют объективную природу. Они возникли в результате определенных социальных процессов, характерных для общества постиндустриальной эпохи. Достижение красоты - это не просто тщеславие. Когда дело доходит до личного и профессионального успеха, более привлекательные люди имеют явное преимущество перед своими менее привлекательными сверстниками.[4]

Социологи и ученые изучающие средства массовой информации утверждают, что «эстетический капитал» - статус, полученный из красивой внешности, - это форма символического капитала. [5]

Бурдые отметил, что внешность не полностью зависит от траекторий классов, один и к счету для ресурса физического облика. [6] Социологи разработали ряд понятий: телесный капитал (Wacquant, 1995), физический капитал (Шиллинг, 1993) и эстетический капитал (Anderson, 2010).

В совокупности эти работы показывают, как воплощенные капиталы конвертируются для индивидуальных вознаграждений, таких как заработок, статус и романтический результатов (например, Hammermesh, 2011).

Коэффициенты пересчета телесного капитала являются гендерными (Martin & George, 2006), и некоторые феминистские ученые утверждают, что сама по себе женственность и красота является формой капитала, недоступной для мужчин, например, в поле работы внимательности (Huppatz, 2009).

Эти анализы косвенно определяют первичную стоимость чьего-либо воплощенного капитала как проживание с держателем капитала себя. Крайняя версия этого аргумента – концепция "эротического капитала", который Хаким утверждает, является женским коллективом актив, потому что биологический мандат делает сексуальную привлекательность женщин более ценной, чем у мужчин.

Сохраняя фокус на капитале как личном активе с индивидуальными результатами, социологи неявно делятся с неоклассические экономисты выдвинули предположение о том, что самоинвестирование приводит к лучшим рыночным результатам, парадигматичность человеческого



капитала(Becker, 1994), это эксплицитен словно обрамление эротического капитала, который позиционирует красоту как валюту, кто обладает ей, тот получает возможность 'тратить' его. Такой подход является примером неолиберальной философии личного императива для самоинвестирования и игнорирование системных властных отношений, которые неравномерно распределяют стоимость «красивого» капитала народности. Этот подход также объединяет владельца данного имущества в качестве его владельца, игнорируя тем самым политическую экономию, которая структурирует стоимость капитала (Chauvin & Jaunait 2015). Выходя за рамки личной выгоды, возникает вопрос: кто, помимо одаренного индивидуума, извлекает выгоду из ценности воплощенного капитала людей и как?

Исследования показывают, что чем более привлекательным является человек, тем более вероятным он или она должен быть успешным. Хорошая внешность дает людям хороший старт в большинстве областей жизни, включая бизнес и отношения. Привлекательным обычно легче найти работу, и во многих случаях красота может играть роль в развитии потенциала.

В большинстве культур женщины должны быть привлекательными, а мужчины часто поощряют их внешность, и, возможно, именно поэтому женщины «делают» огромное количество продаж в индустрии красоты. В современном обществе красота лица и тела, яркий, привлекательный внешний вид, следование модным тенденциям приобретают весомую ценность, определяют важную оценку в сознании людей, так как привлекательный имидж становится значением, эмблемой или символом, демонстрирующим определенный социальный статус и степень успешности, счастья человека

Казахстан по рейтингу [UN Comtrade Database](#) в 2015 году занимал 79 место из 137 стран с объемом экспорта продуктов индустрии красоты в \$17,57 млн. Причем в 2015 году наблюдалось сокращение внешнеторговых операций по данным видам продукции: экспорт сократился на 39%, импорт на 22%. [7]

В РК на сегодняшний день, индустрия красоты, и исходящие от бьюти-сферы объективные социальные потребности, не стали предметом конкретного социологического анализа.

Что же представляет собой индустрия красоты? Во-первых, это отрасль экономики, в которую входят: производство и продажа косметических средств, предоставление бьюти-услуг (маникюр, стрижки, макияж, татуаж и так далее), моду, а также реклама, маркетинг и PR-технологии.

Во-вторых, это социальный институт, который помогает вкладывать в свой собственный человеческий капитал. «Человеческий капитал» как концепция сформировалась на рубеже 1950–60-х гг. XX века благодаря американскому экономисту Т. Шульцу и базовым разработкам Г. Беккера в труде «Человеческий капитал». [8]

В-третьих, это бизнес, который приносит немалый доход, и находится на одном из первых мест по уровню прибыли среди других сфер услуг.

Само назначение таких предприятий красоты и здоровья предполагает, что индивиды (клиенты) посещают эти заведения с целью инвестирования материальных средств в усовершенствование и поддержание красоты и здоровья. Усвоение этих видов человеческого капитала укоренено в сетях межличностных отношений, основанных на взаимном доверии всех участников этого процесса. Поскольку в современном обществе ценность капитала красоты и здоровья возрастает, а чрезмерное стремление к улучшению внешних показателей может привести к заболеванию организма (например, нерациональное применение лазерных технологий, ботокса и т. п.), люди склонны производить инвестиции в себя в тех предприятиях, которые вызывают у них доверие.

Такое доверие обычно основывается либо на собственном опыте, либо на информации, полученной от вызывающих доверие осведомителей, которые уже имели дело с данным предприятием. [9]

По данным приложения «2-gis» в современном г. Алматы зарегистрировано: 2704 салона красоты, 2053 парикмахерских, 1949 ногтевых студий, 1448 косметологических клиник, 1019 салонов визажа или макияжа, 702 организации предоставляющие услуги по татуажу лица, 140 spa-организаций, 57 барбер-шопов, 46 пластических клиник.

В Алматы, самым популярными организациями бьюти-индустрии являются салоны красоты и парикмахерские, на их долю выступает - 47% от всей емкости рынка индустрии красоты. Хотя доля пластической хирургии и косметологии на общем рынке составляет 15%, и их доля с каждым разом будет расти, так как популярность эстетически-хирургического спроса растет с каждым днем. Рынок индустрии красоты и здоровья постоянно развивается, рост индустрии красоты составляет около 15–20 % в год. [10]




Диаграмма 1. Распределение видов организаций индустрии-красоты в г. Алматы, ноябрь 2018

Модельные стрижки для мужчин в целом по Казахстану обходятся дешевле, чем аналогичные женские, но сама услуга дорожает быстрее. Так, по итогам мая, женская модельная стрижка стоила в среднем по стране 1742 тг, что на

5,1% больше, чем годом ранее; мужская - 1158 тг, сразу на 7,2% дороже, чем год назад. [11]



Диаграмма 2. Средняя стоимость модельной стрижки в разрезе крупных городов, и в РК, тыс. тенге

В Казахстане «индустрия красоты» приобрела активное развитие в годы после «перестройки» и распада СССР и прошла длинную дорогу становления от примитивных парикмахерских на «базаре», простых не очень оборудованных спортивных залов и так далее, до места, куда приходят не только стричься, бороться с внешними недостатками и делать макияж и маникюр, но и омолаживать кожу, корректировать фигуру, бороться со стрессом, увеличивать свой социальный капитал.

Несмотря на внушительные показатели роста данного сегмента бизнеса, на сегодняшний день индустрия красоты и здоровья представляет собой новый социальный институт, находящийся в процессе постоянных трансформаций.

#### Список источников:

1. Джери Д., Джери Дж. Большой толковый социологический словарь. В 2-х томах: Пер. с англ. Н.Н. Марчук. М.: Вече, АСТ, 1999.
2. <http://ru.wikipedia.org/>
3. [https://psyera.ru/sociologiya-tela\\_7929.htm](https://psyera.ru/sociologiya-tela_7929.htm)
4. Hamermesh, D.S., 2011. Beauty Pays: Why Attractive People Are More Successful. University Press, Princeton, NJ: Princeton. ISBN1400839440, 9781400839445 Всегостраниц: 232
5. Anderson, T., Grunert, C., Katz, A., & Lovascio, S. (2010). Aesthetic capital: A research review on beauty perks and penalties. *Sociology Compass*, 4(8), 564– 575
6. The body. Bourdieu, 1984, p. 91.
7. <https://kursiv.kz/news/tendencii-i-issledovaniya/2017-03/beauty-industriya-krasota-vsegda-v-cene>

8. Беккер Г. Человеческий капитал (главы из книги). Воздействие на заработки инвестиций в человеческий капитал // США: экономика, политика, идеология. 1993. № 11. С. 109–119., с. 115
9. Пузанова Ж.В., Троцук И.В. Нарративный анализ: понятие или метафора? // Социология: 4М. 2003. № 17. С. 56–82.с. 60
10. Индустрия красоты в цифрах [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://www.beautyforum.kz/ru/article/93> (дата обращения: 27.05.2013)
11. Расчеты на основе данных КС МНЭ РК

*Амантаева Д.Б.,  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты,  
[jamik177@mail.ru](mailto:jamik177@mail.ru)*

*Толғанай Батырбекқызы Тауекелова,  
С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ, аға оқытушы,  
[batyrkyzy76@mail.ru](mailto:batyrkyzy76@mail.ru)*

## **БАСҚАРУШЫ МЕНЕДЖЕРДІҢ БЕДЕЛІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰНДЫЛЫҚ РЕТІНДЕ**

### *Түйіндеме*

Мақалада басқарушы менеджердің беделінің басты әлеуметтік құндылық екендігі қарастырылады. Бедел ұғымына әлеуметтанулық анықтама бере отырып, оның басқарушы менеджер үшін маңыздылығы зерттеліп, топ-менеджердің беделі мен басқарушының өзара байланыстылығын түсіндіруге арналған.

**Түйін сөздер:** бедел, құндылық, билік, инновация, креативтілік, бұйрық, басқарушылық шешімдер, басқарудың беделді стилі, басқарудың демократиялық стилі, креативті менеджер.

Қазіргі заманғы басқару кез келген ұйымның басқару элементі екені даусыз. Басқаруды жетілдіру түрліше жүреді, тәжірибені пайдалану (эмпирикалық тәсіл) және анағұрлым күрделі мәселені шешу, сонымен қатар дамуды да шектеуі мүмкін (прагматикалық тәсіл). Бүгінгі күнде басқару жүйесін зерттеу-басқаруды жетілдірудің ғылыми тәсілінің басты факторы ретінде қарастыруымыз керек.

Бедел (латын тілінен auctoritas-билік, ықпал) деген мағына береді. Философиялық және социологиялық әдебиеттерде бедел ұғымы кең және тар көлемде анықталады. Беделді ерекше қатынастың түрі ретінде қарастыруға да болады, яғни беделді иеленуші субъектімен (басқарушы) және бедел арқылы ықпал етуші объекті (бағынушы) арасында қалыптасады. Сонымен қатар, бұл қатынас әлеуметтік мазмұнда ғана емес, беделді иеленуші тұлғалық қатынастармен де көрініс береді. Белгілі бір беделді

иелену мен оның қалыптасуы қоғамдық қатынастардың жүйесінде, оның ішінде, экономикалық, саяси, әлеуметтік, діни, кәсіби-іскерлік салаларда айқын қалыптасатынын, қызмет ететінін және бекітілетінін білеміз. Себебі, бедел жалпыға ортақ ережелер мен құндылықтар тарапынан қолдау табатыны белгілі. Қандай жағдайда да, бедел әлеуметтік құндылық болып табылады деген сұраққа жауап іздейтін болсақ, яғни ол, әлеуметтік құндылық ретінде оны иеленушінің бейімділігі, қоғамдық және тұлғалық қызметтерін сәтті орындауы, өзінің нақты басқарушылық қызметінің алдында, басқаратын ұжымының алдындағы, қоғам мен өзінің алдындағы саналы түрдегі жауапкершілігінің жоғары деңгейі мен шыдамдылығы, компетенттілігі мен толеранттылығы қасиеттерімен, ережелер мен құндылықтарға сүйенген билікпен куәландыра аламыз. Себебі, құрмет-осы беделдің негізі болып табылады. Ал беделдік қатынастар ешбір жарғылармен, ресми бұйрықтармен, қаулылар мен заңдармен жасалмайды. Сондықтан да, ол формальды емес. Көптеген ғалымдар атап айтсақ, М.Вебер, Б.Рассел, Д. Истон, Р.Бершедт беделді биліктің бір формасы ретінде қарастырғандар, билік пен бедел бір-бірімен сәйкес келеді, жалпы және ерекше негізде, яғни, бедел биліксіз мүмкін емес дейтіндер. Мысалыға, «М.Вебер беделді құрылымдар әр әлеуметтік институтта бар екенін және оның саяси көзқарастары осы құрылымдарды барлық жағдайларда талдауымен байланысы екенін атап өтті. Әрине, оның мемлекеттік құрылымға қатысы көзқарастары үшін аса маңызды болды Ол өзінің беделді билік құрылымдарын талдауын іс-әрекеттер сипаты туралы болжамдарына сәйкес келетін жолмен бастады. Ол үстемдік түсінігін былай анықтады: «Кейбір нақты топтардың белгілі бір адамдар тобына бағыну ықтималдығы». Үстемдік әртүрлі негіздерге, заңды және заңсыз, сүйенуі мүмкін, бірақ М.Веберді қызықтырғаны үстемдіктің заңды нысандары немесе бедел деп аталған түрі болды» деп жазады Дж. Ритцер [1]

Британдық социолог Дж. Голдторп ХХ ғасырдың 70-80жылдары «таптық кестені» еңбекпен қамтамасыз ету ұғымында таптық позицияның жіктелуін жасаған. Ол он бір таптық критериидің негізіне еңбек жағдайына (авторитет) және нарықтық жағдай (экономикалық мүдделер және өмірлік шанстарды көрсеткен.) Оның ойынша, кәсібилер, басқарушы қызметкерлер (менеджерлер) және әкімшілік қызметкерлер (бюрократия) тапты құрайды, олар айналысатын сфералары бойынша қоғамдық текке бөлінеді, олардың ерекшелігі – жұмыстағы жауапкершілік сипаты мен автономдылығы. Бұл тапты ол «қызметтік» немесе «сервистік» деп атаған. Бұл ұғымды Дж.Голдторп енгізе отырып, оларды орта таптың бөлігі немесе секторы деп түсінеді де, оларға мемлекеттік қызметкерлерді, техникалық қызметкерлерді және жоғары табыс төленетін кәсібилерді жатқызады. «Сервистік таптың әлеуметтік-экономикалық белгісі – жалдамалы жұмыскерлер, қоғамдық еңбек бөлінісі жүйесінде үстемдік етуші позицияны алғанмен жеке капиталдары болмайтындар. Бұл тапқа кіретіндер екі категория бойынша жүреді: білім және формальды

квалификация. Бұл таптың мүшелері нарықтық экономикада басымдыққа ие және жұмысының привилегиясы жоғары, жоғары авторитетті иеленеді, жоғары материалдық марапат пен карьера кепіл бола алады. «Сервистік» атаудың өзі қазіргі капиталистік қоғамның талаптарына қызмет етеді»- деп жазды.[2]

Бедел ұғымын әлеуметтанулық әдебиеттерде бекітілген және заңдастырылған басқа адамдардың әрекеттері мен мінез-құлығын басқару құқығы деп береді. «Бедел әрдайым басқаруды, сонымен қатар бағынуды білдіреді. Кім басқару өкілеттігіне ие болса, сол бағынушыларды бақылап отырады; яғни олар өздерінің психологиялық ерекшеліктеріне емес, айналасындағылардың міндетіне қатысты басымдыққа ие болады. Бедел сияқты, бұл міндет адамның өзіне емес, лауазымдарға бекітілген. Билік жалпыланған әлеуметтік құбылыс емес, кімнің тексеруге жататыны, сонымен қатар, тексерудің рұқсат етілген сфералары қоғамда көрсетілген. Соңында, бедел заңды түрде болғандықтан, санкциялар оны орындамағандарға қатысты болады» деп жазады Р.Дарендорф. Ғалымның пікірінше, бедел басқара білу мен бағындыра білуден тұрады деп қарастырған.

- үй тапсырмасы тек әр студенттің мүмкіндігіне қарай (әркім өзі орындай алатын жағдайда ғана) беріледі;

Ғылым мен білімнің дамуында инновациялық технологиялар үлкен рөл атқарады. Соның ішінде, ақпараттық, зияткерлік және инновациялық білім беру технологияларын атап айтуға болады. Ақпараттық білім беру технологиялары -ғылыми зерттеулер мен басқарма, сондай-ақ ақпараттық және әдістемелік қамтамасыз етудегі арнайы бағдарламалар секілді білім беру технологиялары. Ақпараттық технологиялар арнайы техникалық ақпараттық құрылғыға бағытталуы мүмкін, себебі қазіргі таңда білім беру жүйесінде әр түрлі ақпараттық құрылғылар қолданылады. Мысалы: электронды оқулықтар, мультимедиялық жүйе, эксперттік жүйе, автоматты жүйе жобасы, банктер және мәліметтер базасы, электронды кітапхана каталогі және ғаламтор, сонымен қатар халықаралық байланыс және т.б. Компьютерлік техника мен бағдарламалық қамтамасыз етілудің жылдам дамуы оқу жүйесіне мультимедиялық-технологиялар, ғаламторлық технологиялар секілді технологиялардың енгізілуіне алып келді, ал оны дұрыс пайдалана білу тұлғаның сауаттылығын дамытуына одан әрі жағдай жасайды. Ал инновациялық білім беру технологиясы бұл процесс ретінде белгілі бір мақсатқа бағытталған, жүйелі және тәжірибелі бірыңғай новаторлық тәсілді белгілі бір күтілетін нәтижені анықтаудан туындайтын толықтай білім беру процесінен құралған педагогикалық қолданыстарды және құралдарды енгізу болып табылады [3].

Білім беру инновациясында алдымен оқушыларға білім берудегі жаңа тәсілді түсінуіміз қажет. Атап айтқанда, мектептерде қолданылатын жаңа әдіс-тәсілдер қатарындағы негізгі білім беру аясын құрайтын инновациялық технологиялар: заманауи оқыту құрылғылары (соның ішінде аудиовизуалды), белсенді оқыту тәсілдері: «Миға шабуыл», «Ыстық орындық», «Сангвейн», «Венн диаграммасы», «Автор орындығы», «Семантикалық карта», «Не білемін, не білдім?», «Кубизм», «Фишбаум», «Кейстер тәсілі», «Пиза әдісі», «6 қалпақ тәсілі» және т.б. заманауи оқыту технологиялары: дебат, диспут, тренинг ойындар, постер қорғау және т.б. Сонымен қатар, әр түрлі деңгейдегі оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстары жатады. Жоғары мектептегі инновациялық білім беру үдерістерін басқаруға қатысты педагогикалық теория мен практикаға деген көзқарастың жаңа сипатта қалыптасуын талап етеді. Жоғары оқу орындарындағы инновациялық білім беру үдерісінің тиімділігін теориялық тұрғыдан қарастыру эмпирикалық ақпаратпен үйлесімді түрде абстрактілеуге негізделеді. Демек, ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде көрсетілген жоғары мектепте инновациялық білім беру үдерістерін басқарудағы педагогикалық шарттарды тәжірибесіне сараптама жасау оның негізгі қарама-қайшылығын ашуға мүмкіндік туғызды. Бұл — жоғары оқу орындарына инновациялық білім беру бағдарламалары мен технологияларын жаппай, бейберекет енгізу мен жоғары мектептегі білім беру үдерісінде оқытудың инновациялық технологиясының педагогикалық шарттарын енгізудің ғылыми-педагогикалық негізі мен оны дамытудың

педагогикалық шарттарының жеткіліксіз зерттелуі арасындағы қарама-қайшылықты сипаттайды. Осылайша, Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық қайта құру жағдайында жоғары мектептегі инновациялық технологияларын енгізудің теориялық негізін және оларды ұйымдастырудың педагогикалық шарттарын анықтау, психологиялық-педагогикалық тұрғыда сараптау мәселесі туындайды.

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38-2 тармақшасына сәйкес жоғары оқу орындарындағы педагогтардың «Заманауи педагогикалық технологиялар» жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтар оқытушыларының біліктілігін арттыру мақсатында жұмыстар жүргізілген. Қазіргі таңда педагогтар технологияларды игеріп жұмыстар істеуде.[4] Негізінен, қазіргі ғылым мен техниканың дамыған заманында еліміздің өркендей түсуі үшін экономикалық хал-ахуалымызды арттыру мақсатында жоғарғы мектептерде жаратылыстану бағытындағы пәндерді тереңдете оқыту қолға алынып отыр. Осыған орай, білім беру технологиялары оқушылардың жеке қабілет, ерекшеліктеріне қарай ғана емес, сондай-ақ саралап оқыту тәсілі жеке дара тіл табысу арқылы жүзеге асырылады. Бұл тәсіл оқушының жеке таланты мен шығармашылығын, дарындылығын, сабақты меңгеру қабілетін тануға көмектеседі. Ал сабақты топтық тәсіл арқылы жүргізу -оқушының өз ойын топ алдында ашық жеткізе білуге, өз қатарластарымен тығыз байланыс жүргізуіне көмектеседі.

Инновациялық технологияларды оқытудағы басты мақсат сапаны көтеру және еуропалық стандартқа сай білім беру деңгейін қолжетімді ету. Бұл бағыттағы өзекті міндеттер:

- 1) Талапқа сай білім беру
- 2) Бағалау жүйесін еркін түрде жүргізу
- 3) Сапа және оның дамуындағы ғылым және білім интеграциясы

Қазіргі таңда еуропалық стандартта оқытылатын мектептер қатарында кейбір жекеменшік мектептерден өзге Назарбаев зияткерлік мектептерін атап өтсек болады. Мұндай мектептер республикамыздың өзге мектептеріне қарағанда 12 жылдық білім беруімен ерекшеленеді. Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқу бағдарламасы да өзге мектептерге қарағанда өзгеше түзілген. Мысалы, мұнда үш тіл (қазақ, орыс, ағылшын) Кембридж технологиясы бойынша төрт дағдыға сүйеніп оқытылады. Яғни: тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым дағдысы. Бұл оқушының ойлау жүйесін дамытуға ықпал етеді. Сондай-ақ, мектепте оқушылардың ағылшын тілінде еркін сөйлеуіне ағылшын тілі пән мұғалімдерінен бөлек, педагогика саласында арнайы білім меңгерген шетел мұғалімдері де қол ұшын беруі өте тиімді. Бағалау жүйесін жетті, талпынды, жетпеді (достиг, стремится, не достиг) түріндегі бағалау шкаласы арқылы қою үлгісі оқушылардың білім көрсеткішін анықтаудағы тиімді тәсілдердің бірі. Пән мұғалімінің күн сайынғы бағалауын оқушылар және ата-анасы ғаламтордағы күнделігі арқылы көре алады. Бұл әдіс жоғары оқу орындарында қолданылады. Демек,



ата-ананың қадағалаудағы рөлі мен ықпалы өте тиімді жолмен іске асырылады деп айтуға тұрарлық. Бұл дегеніміз ата-ана мен мұғалімнің арасындағы тығыз қарым-қатынасты қалыптастырады.

Заманауи оқыту тәсілдері көбінесе компьютерлік жүйелерді, web-сайтты, электронды оқулықтарды, видеобағдарламалар мен бұқаралық ақпарат құралдарын (БАҚ) қолдануға ықпал жасайды. Мұны қолдану тек ғылыми бағытқа әкеліп қана қоймай, сондай-ақ оқушылар арасында және оқушы мен мұғалім арасындағы байланыстың белсенділігін арттырады. Сонымен қатар интерактивті құрылғылар ақпарат алмасу мен білім жүйесіндегі барлық қатысушылардың бірігіп хабар алмасуына мүмкіндік береді. Ауылдық мектептердің көбісі интернет желілерінің болмауынан мұғалімдер мен ата-аналар арасында түсініспеушіліктер орын алып отыр. Қазіргі таңда жаңа оқулықтардың шығуына байланысты тапсырмалар интернет желісі арқылы іске асады. [5]

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011 -2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан -2030» жолдауы.
3. Бұзаубақова К.Ж. «Жаңа педагогикалық технологиялар» Тараз 2003ж.
4. «ҚР Білім туралы» Заңы.
5. Инновациялық педагогикалық технологиялар.Қ.Сарбасова.2006 ж.

*Болат Жансая Болатқызы  
«Әлеуметтік жұмыс» мамандығы  
Магистратура, 2 курс  
Әл-фараби атындағы ҚазҰУ,  
Алматы қ., Қазақстан*

#### **МАСКҮНЕМ ОТБАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР**

Әлеуметтік өмірдің мәселелік жағдайының даму тенденциясының маңызды көрсеткішінің бірі- маскүнем отбасылар санының артуы болып табылады. Маскүнем отбасы дегеніміз- отбасында ата-ананың бірге немесе әке, ананың біреуінің маскүнемдікке салыну тәуелділігінің ұзақ мерзімді немесе периодты түрде ішімдікке салыну мінез-құлқының зардаптық көрсеткіш формасының бірі түрі. Маскүнем отбасы(дисфункционалды) медициналық клиникалық анықтамаға сәйкес дамудың кері дағдарысының қалыпты емес жағдайы болып

табылады. Арнайы мамандардың ғылыми зерттеулеріне сәйкес, ішімдікке салынған отбасында тәрбиеленіп отырған баланың психологиялық дамуындағы кері синдром, соғысқа қатысушы тұлғаның бойында қалыптасатын психикалық күйзеліс синдромының дәрежесімен сәйкес келеді. Ішімдікке тәуелділіктің клиникалық симптомдарын, ауру симптомын, когнитивті бұзылудың ерте пайда болуы мен жедел өсуі мәселесін Егоров А.Ю., Сиволап Ю.П., Савченков В.А., Энтин Г.М. терең талдады. Қатерлі маскүнемдік (ішімдікті тұтынудың үздіксіз 2 жылдық көрсеткіші немесе күнделікті жүйелі түрде ішімдікті тұтыну дозасының өсуі) ішімдік ауруының сиптомдары мен синдромдарының клиникалық негіздерінің қалыптасуы мен интеллектуалды мнемоникалық құлдыраудың жедел өсуінің тұлғалық және әлеуметтік кері бейімделу жағдайы. Маскүнемдіктің бұл түрін қатерлі маскүнемдік деп атайды және бұл тақырыпта Бокий, Удальцова, Энтин, Иванец и Винниковалар терең талдаған. М.Шакит қатерлі маскүнемдіктің дәрежесін анықтау үшін келесі критерийлер бойынша бағалауды ұсынады:

- 1) ішімдік саны;
- 2) ішімдікті тұтынудың мөлшерлік деңгейі және таңдау типі;
- 3) теріс медициналық, физикалық және әлеуметтік салдардың науқас

денсаулығына әсері [1].

Робинсон Б.Э. маскүнем отбасын психологиялық шайқаспен тең түрде салыстырып қарастырады. Отбасында балалар көбінесе әке немесе ананы таңдап, күресуге мәжбүр болады. Кей жағдайда отбасыдағы ұрыс-керіс ата-аналар мен балалар арасында болуы мүмкін. Кейбір ата-аналар жеке басында туындаған мәселелерін жасырын позицияда ұстап, ішімдікті тұтыну арқылы осы мәселені шешуге ұмтылады. Ата-ананың отбасында балалармен өзара терең байланыс орнатпауының салдарынан, баланың өсіп-жетілу процесінде кері даму қалыптасады. Ата-аналары маскүнем балалардың мінез-құлқында жағымсыз әдет-көріністер қалыптасады. Баланың бойында өзге балалардан өзін төмен санау іс-әрекеті жүзеге асады. Баланың өмірінде жағымды, қолпаштау сөздер өте сирек, ал дөрекі сөздер жиі кездеседі. Сөздер мен кеңестер баланың өзі туралы жағымсыз ойлар ретінде қабылданады.

АҚШ-та 80 млн. адамның отбасында маскүнемдікке тәуелді бір адамның өмір сүретіндігі анықталған. Ресейде халықтың 50% - ын маскүнем отбасы ретінде саналады және осы отбасыларда балалар тәрбиеленеді [2]. Әлеуметтік зерттеулердің көпшілігінде маскүнемдердің қолында тәрбиеленген ересек балалардың мәселелерінің мүмкіндігінше күрделі формасымен анықталады. Көпшілігінде отбасында ұл балалар әкенің мінез- құлқын игерсе, қыз балалар анасының дағдыларын өзіне қалыптастыруға бейім келеді. Статистикалық мәліметтердің негізінде, маскүнем отбасында өсіп келе жатқан ұл немесе қыз баланың кәмелеттік жасқа жетпей аутоагрессивтік мінез-құлқында суицидтік немесе суицидтік іс-әрекетке деген құлшыныстың басым болатындығы және осы мәселенің құрбаны болған балалардың бар екендігі анықталған.

Маскүнем отбасында тәрбиеленіп отырған балалар, ересек адам секілді отбасында белгілі бір маңызды орынға ие. Балалардың рөлдік қызметтері- кез-келген жағдайда стресс арқылы көрініс табады. Балалардың өздеріне алатын төрт негізгі рөлдері анықталған:

- Отбасының батыры, жауапкершіл бала. Бұл бала оқу үлгерімі мен жауапкершілігі арқылы ерекше көзге ілігеді. Бірінші кезекте өзінің қызығушылығы емес, басқа адамдардың қызығушылықтарын бірінші орынға қояды. Бала сыныпта немесе компанияда өзін лидерлік қабілетімен көрсете біледі және талап етуші жағдайлар мен кез-келген оқиғаларға белсенділікпен кіріседі. Отбасында бұл балалар көпшілігінде үйдің үлкендері болып келеді және күнделікті өмірде өз мүліктерін тиянақты ұйымдастыруға бейімділігі жоғары болып табылады.

- Мәселелі бала, «бұзақы, бүлікші». Бірінші кезекте өзіне назар аударуға мінез-құлықтың жағымсыз формасы арқылы көзге түсетін бала. Өзін эмоционалды тұрғыда кері кетуші ретінде сезінеді, өзінің мінез-құлқы арқылы отбасыға жағымсыз әсер етеді. Өзі секілді, оның достары да қиын жағдайда алыстап кетеді және жиі балалармен кикілжіңге ұшырайды. Ішімдік және есірткі қолданатын топтармен тез және оңай қарым-қатынас қалыптастыра біледі.

- Жоғалған бала, момын бала. Отбасымен жиі қарым-қатынасқа түспейді, өз фантазиясымен өмір сүретін бала. Уақыттың көп бөлігін жалғыздықпен өткізеді, оқумен айналысуды оңаша

түрде жүзеге асыруды қалайды. Ата-аналары оны өзіне көңіл аударуға мұқтаж емес бала және өзін толықтай басқаруға қабілетті деп есептейді. Ол мұқтаж жандарға көмек көрсетуді ұнатады, өз қиындықтарын басқалардың қиындықтарынан әлдеқайда маңызды деп санайды. Бұл балалар есейген сайын, өзінің психологиялық жағйлылығын қалыптастыру үшін, есірткіні пайдаланатын жағдайлар жиі кездеседі.

• Отбасының сүйіктісі, отбасы талисманы. Көпшілігінде бұл отбасының кенже баласы, өзінің жас ерекшелігіне сәйкес жағдайды жауапкершілікпен қабылдамайды. Гиперактивті, өзгелердің назар аудару үшін әзілдер, ойындарды жиі қолданады. Өзін ерке бала ретінде, түпкі мақсатында сайықмазақ ретінде көрсетуге ұмтылады [3].

Балалар әр уақыт мерзіміне байланысты әр түрлі рөлдерді игеруі мүмкін, рөлдік қызметтері өзгеріп отыруы мүмкін. Балалардың бойында атмосфераның шеңберінде күтілетін әсерлерге дайын болу. Маскүнем отбасында өскен балаға, мүмкіндігінше уақытымен психокоррекция жасалмаса, болашақта баланың өмірінде жаңа мәселелер туындауы мүмкін. Отбасында жауапкершіл бала тез есейеді, ересек кезеңде өз өмірінде туындайтын мәселелермен, қателіктерімен күресуге мүмкіндігі төмен болады, өйткені, өзін қоршаған ортаның барлық жағдайына жауапты адам ретінде ұстанады. Отбасында белгілі бір мәселесі бар бала, мектеп қабырғасында білім алу барысында делинквентті мінез-құлықпен, жағымсыз формада қалыптасады. Бала қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түсу барысында ашу, реніш, жағымсыз іс-әрекеттерді мүмкіндігінше жиі көрсетеді. Момын баланың әлеуметтік өмірлік портреті бойынша, ол мүмкіндігінше қоғамнан, отбасынан, қарым-қатынасқа түсетін адамдардың өмірінен алшақ түрде өмір сүруге бейімділігі басым болып келеді. Отбасының сүйіктісі ретінде тәрбиеленген баланың өз бетінше өмір сүруге қабілеттілігі өте төмен деңгейде болады. Өйткені, бала білім алу барысында туындайтын мәселелер және қоршаған орта тарапынан туындайтын мәселелермен күресу психологиялық, эмоционалдық тұрғыда дайын болмайды. Қалыпты отбасында тәрбиеленген балалар өздеріне анықталған рөлдерді кез-келген ситуацияда, жаңа ортада алуға қабілетті болып келеді.

Маскүнем отбасында тәрбиеленген балалардың барлығы маскүнемдікке тәуелді болмайды. Көп жағдайда, ата-ананың

тарапынан жағымсыз отбасында тәрбиеленген баланың, өз өміріне және болашақ әлеуметтік ортасын құруға жауапкершілігі мүмкіндігінше оң көзқараста болады. Роберт Акерман өзінің «Маскүнемдердің балалары» атты кітабында аурудың деңгейі, тәуелділіктің фазасы ата-ананың маскүнемдікке салынуының күрделі жағдайы, баланың бұл мәселелерді қабылдауының теріс көзқарасымен анықталады. Маскүнем отбасында тәрбиеленген балалар тобын «бірнеше тәуекел топтары» ретінде қарастырады. Маскүнемдердің ересек балалары өздерінің балалық шағында болмаған қалыпты отбасыны, жайлы өмірді құруға аса маңызды назар аударатындығы анықталады.

3. Фрейд, Э.Берн, Дж. Боулби, В. Сатир, Б. Хеллингердің зерттеулеріндегі әр түрлі көзқарастар бойынша, отбасының өткен және қазіргі жағдайы баланың өмір жолын анықтайтындығын көрсетеді. Отбасының кез-келген мүшесіне маскүнеммен өмір сүру белгілі бір кері күрделі өзгерістердің өмірінде пайда болуына алып келеді. Ата-ана мен бала арасында өзара кикілжіңдер туындап, өзара түсініспеушіліктің пайда болуына алып келеді. Бала ана-анасына деген құрмет пен жақын қарым-қатынас қалыптастыруға құлшыныс білдірмейді және маскүнемге өз теріс мінез-құлқын көрсетуге бейімделеді. Гармониялық емес тәрбие стилі ата-ана мен бала арасында (авторитаризм, эмоционалдық бас тарту, шамадан тыс талаптар, баланы жандандыру, қайшылықты білім) қалыптасады. Тәуелділіктің негізгі сипаты - бұл адамның теріс бағдарлануы, өзін-өзі бағалаудың төмендігінен және басқа адамдардың тарапынан туындайтын төмендетушілік көзқарасының ықпалынан, адамның бойында өзіне сенімсіздіктің қалыптасуы. Келеңсіз отбасылардан шыққан балаларды тәрбиелеу процесінің маңызды ерекшеліктері келесідей анықталады:

- балалар әлемнің қауіпті орын екендігіне және адамдарға сенуге болмайтындығына (әлемнің негізгі сенімсіздігі) деген сенімділікпен өседі;
- балалар ересектер қабылдауы үшін шынайы сезімдерін және тәжірибелерін жасыруға мәжбүр болады;
- балалар өздерінің сезімдері мен қажеттіліктерін, тиісінше, адамдар арасындағы қарым-қатынас пен өзін-өзі жүзеге асырудағы проблемаларға әкеп соқтыратын сезімдер мен қажеттіліктерді жүзеге асыра алмайды;

- балалар ересектердің эмоционалды қабылданбауын сезінеді, егер қателіктерге байланысты қателіктер жасалса, ересектердің күтуіне сай болмаса, олардың сезімдерін және қажеттіліктерін ашық көрсетеді;

- балалар, әсіресе отбасындағы үлкендер, басқа адамдардың мінез-құлқы үшін жауапты болады. Олар жиі ата-аналарының мінез-құлқына кінәлі.

- ата-аналар сезімін бөліспейді және баланың мінез-құлқын мақұлдамайды; оның әрекеттеріне немқұрайдылық немесе айыптау оның тұтас тұлғасының теріс бағасын қалыптастырады;

- балалар өздерін теріс формада, қажетсіз ретінде қабылдайды;

- балалар өздерін «өзгелерге ұқсамайды» деп ерекше сезінеді, өзін басқалардан жаман деп санайды;

- балалар нақты өмірдің қиындықтарымен күресуге және өз тағдырының шебері болуға қабілетсіз дамып, жағымсыз қиял әлеміне кіреді;

- ата-аналар баланы бөлек деп қабылдамауы мүмкін және баланың өздері секілді қабылдайды және солай әрекет етуі керек деп есептей алады;

- ата-аналардың өзін-өзі бағалауы баланың мінез-құлқына байланысты болуы мүмкін; ата-аналар балаға баласы болу мүмкіндігін бермей тең, ересек адам ретінде қарауы мүмкін;

- балалар басқа адамдарға тәуелді болады, өйткені олар ұзақ уақыт бойы ата-аналарының жағдайына тәуелді;

- балалардың «құрбан кешені», өздерін жоғалтуы;

- отбасындағы жағдайға жауап ретінде баланың сезімі, мысалы, ашулану, ренжіту, қорқыныш, кінәсіздік, болашақтағы өмірде қозғаушы күшке айналады [4].

Маскүнем отбасында тәрбиеленуші балалардың әлеуметтік-психологиялық даму қарқындылығы кез-келген жағдайда кері эмоционалды формада жүзеге асады. Қазіргі таңда әлемдік деңгейде маскүнемдік және маскүнем отбасы мүшесі (ата-ана, бала) мәселесі маңызды жағдай болып табылады. Баланың әлеуметтік жетілуі мен белгілі бір тұлға болып қалыптасуында, отбасының атқаратын рөлі өте маңызды. Маскүнем отбасында тәрбиеленуші баланың психологиялық көңіл-күйі мен өмір сүру жағдайын өз мерзімінде қалыпты психотүзету жұмысы арқылы түзету, маңызды реабилитациялық жұмыс болып табылады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. <http://www.voppsy.ru/issues/1991/914/914065.htm#a13>.
2. Москаленко В.Д. Дети больных алкоголизмом (возраст от 0 до 18 лет). М.: НПО «Союзмединформ», 1990. 68 с.
3. Рудзинская Т.Ф. Социально-психологические аспекты феномена родительства //Известия Саратовского университета. Новая серия. Акмеология образования. Психология развития. 2012. Т. 12. № 4. С. 62-65.
4. Целуйко В.М. Психология неблагополучной семьи: Книга для педагогов и родителей [Текст] / В.М. Целуйко. – М.: Изд-во ВЛАДОС-ПРЕСС, 2004. – 272 с.

*Болысбаева Айгерим Кананиевна*

*[a.bolysbayeva@mail.ru](mailto:a.bolysbayeva@mail.ru)*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,*

*Философия және саясаттану факультеті,*

*«Әлеуметтану» мамандығының 1 курс магистранты*

*Ғылыми жетекшісі: соц. ғ. докторы, профессор*

*Абдирайымова Г.С.*

## ӘЛЕУМЕТТІК ИНТЕГРАЦИЯ ТҮСІНІГІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ- ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Әлеуметтік интеграция мәселесі әлеуметтану ғылымында маңызды орын алады. Әлеуметтік интеграция қоғамның дамуында да бірқатар әлеуметтік қызметтерді атқарады. Атап айтатын болсақ, интеграция ұрпақтар сабақтастығын, үлкен буыннан кіші буынға білімдердің, әлеуметтік тәжірибенің алмасып отыруын қамтамасыз етіп отырады. Адам әлеуметтік жан болғандықтан, үнемі басқа адамдармен қарым-қатынаста болуы оның қажеттіліктерінің бірі болып табылады. Тұлғааралық коммуникация қажеттілігі әлеуметтік интеграция арқылы жүзеге келтіріліп отырады. Адамның әлеуметтенуінің өзі де әлеуметтік интеграцияға байланысты. Себебі адамның қалыптасуына қоршаған ортасы үлкен әсерін тигізеді, жанұясының, достарының және ұжымының ықпалы аса зор.

Әлеуметтануға «интеграция» термині математика, биология, физика секілді жаратылыстану ғылымдарынан енген. Интеграцияны жеке дифференциалданған бөліктердің біртұтасқа бірігу жағдайы ретінде, сонымен бірге осы жағдайға апаратын процесс деп те сипаттауға болады. Интеграция кешенді пәнаралық сипатқа ие, философия, әлеуметтану, педагогика, психология, медицина, мәдениеттану сияқты ғылымдарда қарастырылады. Соның ішінде әлеуметтануда әлеуметтік интеграция

ұғымына көңіл бөлінген. Белгілі әлеуметтанушылар Г.Спенсер, Э.Дюркгейм, Т.Парсонс, М.Вебер, қазіргі әлеуметтану өкілдері Ю.Хабермас пен Э.Гидденс әлеуметтік интеграция түсінігін зерттеп, еңбектерінде талқылаған.

Әлеуметтік интеграция (латын тілінен *integration* – қалпына келу, толықтырылу, *integer* – толық) – салыстырмалы түрде тәуелсіз, өзара әлсіз байланыстағы объектілердің (индивидтердің, топтардың, мемлекеттердің) бірлескен, тұтас жүйеге айналу процесі, бұл процесс ортақ мақсаттар, мүдделер негізінде құрамдас бөліктері өзара келісушілігімен және өзара тәуелділігімен ерекшеленеді; әлеуметтік институттар, топтар, билік тармақтары мен басқару арасында оптималды байланыстар құрайтын және қоғаммен ортақ идеология құру процесі. [1, 947 б.]

Әлеуметтік интеграцияның негізі қандай да бір қоғамдық-саяси құрылыстың шегінде адамдардың қоғамдық іс-әрекеті болып табылады.

Қазіргі әлеуметтанулық әдебиеттерде көбінесе интеграция түсінігі бір тұтасқа бірігу жағдайы мен процесі, жүйенің бұған дейін жеке дара бөліктері мен элементтерінің өзара тәуелділігі мен бірін-бірі толықтырушылығы негізінде бірге өмір сүруі, сонымен бірге түрлі әлеуметтік топтардың арасындағы қарым-қатынастарды үйлестіру процесі деп түсіндіріледі.

«Интеграция» түсінігінің мазмұнын әлеуметтануға алғаш рет эволюционизм мектебінің өкілі Г.Спенсер енгізген. Дегенмен оның интеграция ұғымына ұсынған анықтамасы терминнің қазіргі интерпретациясынан біршама өзгеше болып табылады. Ол қоғам дамуын тірі организмдердің дамуымен теңестіре отырып, барлық даму процестерінің екі жағын дифференциацияны және интеграцияны бөліп көрсетіп, интеграцияны индивидтердің топтарға бірігуі, олар өздеріне тән функцияларды орындайды деп тұжырымдаған.

Француз әлеуметтанушысы Э.Дюркгейм қоғамды интеграцияланған біртұтастық деп анықтады. Э.Дюркгейм «әлеуметтік интеграция ... индивидтің қоғамға қатты тәуелділік сезімі, ол өзін шынайы құндылықтарға сәйкес бағалауға, яғни өзін тек біртұтастың бөлшегі ретінде ғана, организмнің мүшесі ретінде қарастыруға үйретеді». Өз кезегінде қоғам да «өзін құрайтын мүшелеріне өзінің құқығы бар заттарға сияқты емес, оларсыз болмайтын және олардың алдында міндеттері бар қызметкерлері сияқты деп қарауға үйренеді.» «Еңбек бөлінісінің шынайы қызметі – екі немесе бірнеше тұлғалар арасында ынтымақтастық сезімін туындату». [2, 58 б.]

Э.Дюркгейм қоғамды интеграцияланған біртұтас деп анықтай отырып, қоғамның екі типін ажыратты: механикалық (көне қоғам) және органикалық (индустриалды қоғам) ынтымақтастығы бар қоғамдар. Органикалық ынтымақтастық – бұл консенсус, дифференциация салдарынан туындайтын немесе онымен түсіндірілетін ұжымның ұйымшылдығы. Дюркгейм ынтымақтастық қоғам тұрақтылығының шарты деп қарастырды, ал әлеуметтік институттардың негізгі функциясы ретінде интеграциялық функцияны атап өтеді. [3, 178 б.]

Т.Парсонстың еңбектерінде индивидтің әлеуметтік жүйеге



интеграциясы процестері кең түрде қарастырылған. Оның көзқарастарына сәйкес индивид басқа адамдармен қарым-қатынас процесі барысында ортақ құндылықтарды өзіне сіңіреді, соның нәтижесінде ортақ нормативтік стандарттарды ұстану оның ынталандырушылық құрылымының бөлшегіне, оның қажеттілігіне айналады.

Т.Парсонс үшін интеграция әлеуметтік жүйенің (социеталды қоғамның) фундаменталды қасиеті немесе функционалды императивы болып табылады, ол қоғам мүшелерінің ынтымақтастығын және бір-біріне, жалпы алғанда жүйеге деген ниеттестігінің қажет деңгейін қамтамасыз етіп отырады.[4,151 б]

М.Вебер интеграция процесін индивидтің өзінің және оның мінез-құлқының бірлігі арқылы қарастырады. Жеке индивид пен оның мінез-құлқы әлеуметтану мен тарихтың «жасушасы», ол өздігінен әрі қарай ыдырауға келмейді деп есептеген.

Осылайша әлеуметтік интеграция түрлі әлеуметтік топтардың, индивидтердің құндылықтары, мақсаттары, мүдделерінің сәйкес келуі мөлшерінің сипаттамасы болып көрсетілді. Индивид біртұтастың элементі ретінде қарастырылып, оның құндылығы біртұтасқа қосқан үлесімен анықталды.

Әлеуметтік интеграция түсінігі қазіргі заманда да өзінің өзектілігін жоғалтпай, көптеген әлеуметтанушылардың еңбектерінде басты зерттеу тақырыбына айналып отыр. Әлеуметтік интеграция түсінігін қазіргі әлеуметтану өкілдері Э.Гидденс пен Ю.Хабермас зерттеген. Ю.Хабермас әлеуметтік теорияның фундаменталды мәселесі «жүйе» және «өмірлік әлем» деген түсініктермен белгіленген екі концептуалды стратегияларды қалай қанағаттанарлықтай қосуға болатынында екендігін пайымдай отырып [5, 149 б], бұл концептуалды стратегияларды «әлеуметтік интеграция» және «интеграция жүйесі» деп атайды. Бұл стратегиялар шегінде әлеуметтік интеграцияның тағы бір факторы – коммуникация анықталады.

Осылайша Ю.Хабермас әлеуметтік интеграцияны құндылықтар мен нормалар арқылы әлеуметтік әлемнің бірлігін қамтамасыз ету деп түсінген.

Ағылшын әлеуметтанушысы Э.Гидденс «интеграция» түсінігін ұйымшылдық немесе консенсус синонимі ретінде емес, өзара әрекеттестік процесі ретінде түсіндірді. Ол «жүйелік интеграция» және «әлеуметтік интеграция» түсініктері арасындағы айырмашылықтарды келтіре отырып, әлеуметтік интеграцияны – әрекет субъектілері арасындағы өзара әрекеттесу деп анықтайды.

Жоғарыда көрсетілген әлеуметтік интеграция терминіне берілген интерпретацияларды тұжырымдай келе, біз келесідей қорытындыға келеміз. Әлеуметтік интеграция қоғам дамуында зор рөл атқара отырып, қоғамның негізі болып табылатын қоғамдық ынтымақтастықты, ұрпақ сабақтастығын, индивидтің әлеуметтік топқа, тапқа, түрлі еңбек ұжымдарына ену мүмкіндігін қамтамасыз ету құралы болып табылады. Сондықтан қазіргі заманғы трансформацияланушы қоғамда әлеуметтік интеграцияны

социумның одан ілгері дамуына ықпал етіп отыратын катализатор ретінде қарастыруға болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Социология: Энциклопедия/ Сост. А.А. Гришанов, В.Л. Абушенко, Г.М. Евелькин, Г.Н. Соколова, О.В. Терещенко. – Мн.: Книжный Дом, 2003. – 1312 с. – (Мир энциклопедий).
2. Дюркгейм Э. О разделении общественного труда. Метод социологии / Пер. с фр. и послесловие А.Б. Гофмана. – М.: Наука, 1990. – 575 с.
3. Дюркгейм Э. О разделении общественного труда: Метод социологии. М., 2000. – 433 с.
4. Парсонс Т. Система координат действия и общая теория систем: культура, личность и место социальных систем // Американская социологическая мысль. М., 1996. – 151с.
5. Хабермас Ю. Теория коммуникативного действия. Бостон, 1987. Т.2. – 149с.

*Дүкенбаева Ж.Т. студентка 3 курса  
КазНПУ имени Абая по специальности  
5В012300 – Социальная педагогика и самопознание*

*Научный руководитель:  
Булшекбаева А.И. Доктор PhD.,  
ст.преподаватель КазНПУ имени Абая*

## **РОЛЬ СОЦИАЛЬНОГО ПЕДАГОГА В ИНКЛЮЗИВНОМ ОБРАЗОВАНИИ**

***Түйіндеме.** Қазақстан Республикасының қазіргі білім беру жүйесінде мүгедектігі бар балаларды және арнайы білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуға көбірек көңіл бөлінеді.*

*Соңғы жылдары біздің қоғамның ерекше қажеттілігі бар адамға қатынасы әртүрлі мүмкіндіктері бар, бірақ тең құқықтармен қоғамның лайықты және тең құқылы мүшесі ретінде танылуы күрт өзгерді. Осы мақалада авторлар инклюзивті білім берудегі әлеуметтік педагогтың рөлін қарастырады.*

**Инклюзивное образование** (фр. *inclusif*-включающий в себя, лат. *Include* - заключаю, включаю, вовлекаю) — практика общего образования, основанная на понимании, что инвалиды в современном обществе могут (и должны) быть вовлечены в социум. Данная практика ориентирована на формирование условий доступности

образования для всех. В том числе она обеспечивает доступ к образованию для детей с инвалидностью[1].

В законе Республики Казахстан ст.1. п. 21-3 дано понятие инклюзивного образования, как совместное обучение и воспитание лиц с ограниченными возможностями, предусматривающее равный доступ с иными категориями обучающихся к соответствующим образовательным учебным программам обучения, коррекционно-педагогическую и социальную поддержку развития посредством обеспечения специальных условий[2].

Семьи, в которых растут дети с ограниченными возможностями здоровья, испытывают тяжелый психологический стресс и напряжение все члены семьи. И особые дети объект пристального внимания. Зачастую семейные отношения ослабевают, наряду с постоянной тревогой за больного ребенка, чувства потерянности, слабости и депрессия являются причинами распада многих семей. Но существует небольшой процент случаев, когда семья спланируется в такой жизненной ситуации. Как правило, в семьях увеличиваются финансовые, материально-бытовые и жилищные проблемы.

Исследования и анализы показывают, что среди семей с детьми с ограниченными возможностями здоровья самый большой процент составляют неполные материнские семьи. У многих родителей произошел развод по причине рождения особого ребенка. Поэтому к проблемам семьи ребенка с ОВЗ прибавляются проблемы неполной семьи. [3]

Инклюзивное обучение - это обучение детей с особенностями физического или психического развития совместно с их сверстниками в одном классе, а не специально выделенной группе при общеобразовательной школе.

Основные критерии инклюзивного образования это:

- во-первых, максимальная социальная адаптация;
- во-вторых, профессиональная и трудовая адаптация детей с ОВЗ;
- в-третьих, образовательная адаптация и соответствующая динамика освоения программного материала. [3]

Социальный педагог – специалист по социально-педагогической работе с детьми и родителями, с подростками, молодежными группами и объединениями, со взрослым населением в условиях образовательных и специализированных учреждений, по месту жительства. Социальный педагог призван обеспечивать направленную социально-педагогическую помощь и поддержку процесса социализации различных категорий детей и молодежи, способствовать их социальному воспитанию в условиях жизнедеятельности, оказывать психолого-педагогическую и социально-педагогическую помощь семье, различным воспитательным учреждениям, помогать подросткам в период их социального и профессионального становления. [4]

Социальный педагог – это педагог, который изучает социальное воспитание ребенка.

Цель социального педагога – помочь семье справиться с трудной задачей воспитания ребенка с ОВЗ

Задача – помочь родителям занять активную позицию в реабилитации и адаптации ребенка

Выделяют 3 типа семей по реакции родителей на появление ребенка-инвалида:

- с пассивной реакцией, связанной с недопониманием существующей проблемы;
- с гиперактивной реакцией, когда родители усиленно лечат, находят «докторов-светил», дорогостоящие лекарства, ведущие клиники и т.д.;
- со средней рациональной позицией: последовательное выполнение всех инструкций, советов врачей, психологов. [5]

В своей работе социальный педагог должен опираться на позиции третьего типа семьи.

Работа с семьей строится на идее сотрудничества, увеличения ее воспитательных возможностей, установления гармоничных детско-родительских отношений. Задачами этой работы являются изменение психологических установок родителей на роль семьи в образовательном процессе; изменение стиля взаимоотношений с ребенком; более широкое использование педагогических возможностей семьи. Кроме этого, социальная работа предполагает знакомство учащихся и родителей с их правами и обязанностями, законодательными документами, а также – информирование об общественных и государственных организациях, имеющих отношение к лицам с ограниченными возможностями здоровья, как в Республике Казахстан, так и за рубежом. [2]

В условиях инклюзивного образования отбор методов обучения происходит с учетом особенностей детей с ограниченными возможностями. Педагог выбирает методы обучения с учетом структуры дефекта особых учащихся. Как указывает Г.В. Федина, в обучении и воспитании детей с ограниченными возможностями используют следующие методы:

- 1) методы моторной коррекции (методы релаксации, паралингвистические, телесноориентировочные методы, методы пластритмики);
- 2) сенсомоторные методы (методы слухового и зрительного восприятия учебного материала; наглядные, практические методы);
- 3) когнитивные методы (методы организации психических процессов, вербальнологические методы: репродуктивные, проблемнопоисковые, исследовательские). Внедрение данных методов в инклюзивном образовании предполагает их рациональное соотношение с методами обучения обычных детей [6].

В педагогике нет единой классификации методов обучения. Среди имеющихся классификаций методов обучения – классификация Ю.К. Бабанского, Л. Йовайши, Л.С. Ларионовой, И.Ф. Харламова и других [7].

Инклюзивное образование в Республике Казахстан.

На государственном уровне нет пока четких правовых и экономических норм для инклюзивного образования. Тем не менее именно это направление признано приоритетным во многих казахстанских основополагающих документах.

В законе Республики Казахстан ст.1. п. 21-3 дано понятие инклюзивного образования, как совместное обучение и воспитание лиц с ограниченными возможностями, предусматривающее равный доступ с иными категориями обучающихся к соответствующим образовательным учебным программам обучения, коррекционно-педагогическую и социальную поддержку развития посредством обеспечения специальных условий. [3]

**Задачи, которые ставит перед собой социальный педагог в процессе работы с родителями ребенка с ОВЗ:**

- формирование адекватного восприятия родителями своего ребенка: важно отойти от понятия «болезни» и перейти к понятию «особых законов развития»;
- формирование благоприятного микроклимата в семье для максимального раскрытия имеющихся у ребенка личностных, творческих и социальных ресурсов;
- формирование партнерских взаимоотношений родителей с учреждениями, реализующими взаимосвязь и взаимодополнение знаний, обогащение опытом;
- личностное и социальное развитие родителей, формирование навыков социальной активности и конструктивности поведения. [8]

Таким образом, процесс внедрения инклюзивного образования в Республике Казахстан приобретает комплексный и системный характер, в нем участвуют различные государственные структуры, органы и организации образования и др. Вместе с тем, для полного удовлетворения прав детей с ограниченными возможностями в развитии в получении качественных образовательных услуг необходимо проводить широкомасштабную работу по проведению научных исследований по проблемам инклюзивного образования, направленных на разработку технологий включения детей с ограниченными возможностями в общеобразовательную среду. [9]

Инвалиды являются частью нашего общества. Отношение к ним определяет уровень культуры и социального развития. Равнодушие и жестокость по отношению к инвалидам ведут к духовной деградации всего общества.

Гармонично организованная работа педагогов образовательных учреждений с семьями, имеющими детей с ОВЗ – гарантия успеха образовательного и воспитательного процесса, адаптации детей-инвалидов в детском коллективе.

### **Список использованной литературы**

1. Пугачев А.С. Инклюзивное образование // Молодой ученый. — 2012. — №10. — С. 374-377.

2. Государственная программа развития образования РК на 2011-2020 гг. / Приказ №1118 от 07.12.2010
3. <https://infourok.ru/rol-socialnogo-pedagoga-v-inklyuzivnom-obrazovanii-2330980.html>
4. [https://social\\_pedagogy.academic.ru](https://social_pedagogy.academic.ru)
5. Инклюзивное образование: перспективы развития в России (материалы к конференции) Москва, 23-24 июня 2004 г. – 108 с.
6. Инклюзивное образование: методология, практика, технология: Материалы международной научно-практической конференции (20-22 июня 2011, Москва) / Моск.гор.психол.- пед.ун-т; Редкол.: С. В. Алехина и др. — М.: МГППУ, 2011.
7. Инклюзивное образование: практика, исследования, методология: Сборник материалов II Международной научно- практической конференции / Отв. ред. Алехина С. В. — М.: ООО «Буки Веди», 2013.
8. Рекомендации по организации интегрированного (инклюзивного) образования детей с ограниченными возможностями в развитии. Приказ Министерства образования и науки Республики Казахстан от 16.03.2009 - №4-02- 4/450.
9. Вестник КазНПУ. Серия «Специальная педагогика» Мовкебаева З.А. Развитие инклюзивного образования в Республике Казахстан (с.66-67)

*Елемес Сымбат Арманқызы,  
Алматы Технологиялық университеті,  
«Ақпараттық жүйелер» мамандығының 2-курс студенті.*

## **МАСКУЛИНИЗМ- ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМ РЕТІНДЕ**

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Заман сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» деп атап өткен болатын[1].

Рухани жаңғырудың түбірі ұлттықидеяға барып тіреледі. Соның негізінде өте өзекті болып табылатын гендерлік саясат аясындағы қазақ қоғамындағы ер-азаматтардың әлеуметтік аспектісін қарастырдым.

Бүгінгі таңда феминистік дүниетанымды ұлықтаудан гөрі еркек адамның бағасын беру, тиісті орнын көрсету біздің қоғамымыз үшін қажет болып отыр. Қазақ жігіттерінің үйлене алмай, жүріп қалуы, үйсіз, жұмыссыз жүрген еркектердің саны артуда. Осы мәселелер мені қатты алаңдатады. Мемлекет мықты болу үшін -еркек мықты болуы керек секілді. Батыс әлеуметтанушысы Георг Зиммель: «Біздің өркениетіміздің бәрі маскулиндік өркениет. Мемлекет, заңдар, мораль, дін және ғылым – бұның бәрі еркектердің шығармашылығы. Тіпті еркектің жетістіктері мен керемет

істерін табиғат сыйға берген, соңында керемет іс тындырған әйелдің өзін еркекке теңейді», – деуі де тарихи шындық [2,236б.].

Мемлекет басшысының қолдауымен 2006 жылы гендерлік теңдік аясында бірқатар Заңдар қабылданды. Гендерлік заңда әйел адамдарға басымдық танытады. Негізінде гендердің түптеп келгенде ерлерге де тікелей қатысы бар. Олай дейтінім, гендер ұғымын алғаш рет американдық феминистер емес, 1955 жылы психиатр және сексолог Джон Мани (1921-2006) енгізген. Ол биологиялық тұрғыдан ер мен әйелдің табиғилығына мән берген. Қоғамдық пәндер еркек пен әйел қатынасын биологиялық түр шеңберінен анағұрлым ауқымды түрде мәдени әлеуметтік бірлікте алып қарастырады.

«Гендер» («genus» латын тілінен ауд. «тек» деген мағ.білд.) жыныстар арасындағы айырмашылық. Гендерлік айырмашылық-тардың иерархиясының негізінде маскулиндік (еркек) үстем, ал феминдік (әйел) бағынышты деп белгіленеді..»[3,4б.].Маскулинді дегеніміз – ер болмысы қоғамның басты субъектісі болып табылады дегенді білдіреді.

Әлеуметтанушы Сессилия Риджвей «гендерлік теңсіздіктің гендердің мәртебеге сену себебінен сақталатынын дәлелдеген.Гендерлік мәртебеге сену- бір жыныс басқаға қарағанда сыйлы, лайықты және құзіретті екенін білдіреді. Бұл сенім әлеуметтік қарым-қатынаста үнемі күшейе береді. Ерлер билік құрылымдарын жиі басқарғандықтан, біліктілігі арта түседі деген оймен жұмыс берушілер ер адамдарды әйелдерге қарағанда құзіретті және лайықты деп жоғары бағалайды. Нәтижесінде, ер адамдар өздерін еркін және сенімді сезінеді»[4,259б.].

Бүгінгі таңда Риджвейдің пікірі керісінше болып бара жатқан сияқты. Дүниежүзі бойынша феминизм үрдісі етек алуда. Батыста 70-жылдардан бастапфеминизмге қарсылық таныту барысында ерлер қозғалысы пайда болды. Бұл қозғалыс саясатында:

- гомесексуалдыққа қарсы;
- ерлердің әйелдермен тең дәрежеде пенсияға шығуы;
- ерлердің денсаулығы;
- әйелдерге некесіз репродукция жолымен жүкті болуға тыйым салу;
- оқу орындарында ер мұғалімдерді көбейту
- талаптары қарастырылады.

Батыстың басынан өткен жағдай бүгінгі күні біздің қоғамда жүріп жатыр. Гендерлік ілім негізіндегі маскулинизмге немқұрайлы қарауға болмайтынына көзіміз жетіп отыр. Себебі, біздің қоғамда ер мүддесі мен құқығы тасада қалып, ерлердің заңдық, отбасылық, жеке тұлғалық, денсаулық тұрғыдағы мәселелері бүгінгі күні шешімін таппай отыр.

Осының барысында жоғарыдағы мәселені ескере келе, жастар арасында гендерлік мәселеге байланысты сұхбат жүргіздім.


**Зерттеу әдіснамасы.** Қойылған мақсатқа жету үшін зерттеу жұмысымда келесі зерттеу әдістері қолданылды:сауалнама, сұхбаттасу

**Зерттеу нәтижелері.**

1. Сауалнама 2-ші курс студенттерімен жүргізілді.220 респондент қатысқан сауалнама нәтижесі :

№	Сұрақ	«иә»	«жоқ»
1.	<b>Ер мен әйел теңсіздігі бар.</b>	123	97
2.	<b>Елімізде ерлердің құқықтары шектелуде .</b>	118	102
3.	Ерлердің құқықтарын қорғайтын заң немесе арнайы ұйым қажет .	59	161
4.	Ерлерден үлкен табыс, жоғары кәсіби біліктілік күтіледі.	180	40
5.	Маскулизм туралы білесіз бе?	54	166

1-кесте.



2-кесте.

## 2.Сұхбаттасу.

Қазақстандық отбасылардағы ер мен әйелдің рөлін анықтау үшін жүргізілген сұхбат келесі азаматтардан алынды:

1. Жарымбеков Ерлан - жеке кәсіпкер;

2. Бектасова Нұрсұлу - Мұғалім;

1. Сіздің шаңырағыңыздағы отбасын асырау,қорғау міндеті кімге жүктелген?

2. Физикалық күшті талап ететін үй шаруасындағы жұмыстар кімнің мойнына жүктеледі?

3. Бала тәрбиесімен кім айналысады?

1.1 Ежелгі салт-дәстүрімізге,бойымызға сіңген тәрбие бойынша,бұл міндет-отағасының міндеті деп білеміз.

1.2Бұл міндет физикалық,логикалық жағынан күшті, қиын сәтте суыққандылық таныта алатын ер адамда болады деп есептеймін.

2.1 Әрине,менің! Физикалық тұрғыдан ер адамдар өте мықты екені дәлелденген нарсе ғой!



2.2 Менің ойымша, болашақ күйеуімнің.

3.1 Бала тәрбиесі-екі ата ананың жұмыла істеуі қажет процесс.

3.2 Бала тәрбиесінің көп бөлігі анаға тапсырылғанмен, бұл процессте әкенің орны ерекше деп білемін.

### **Қорытынды**

Зерттеу барысында ерлердің құқығына, теңсіздік мәселесінде сұралған респонденттердің 80% ер азаматтардың табыс табуын міндеттейді. Теңсіздік мәселесіне келгенде, тең дәрежеде тек 5% жоғары. Ер-азаматтардың арнайы ұйымының құрылуына жастар қауымының 75% қарсы. Маскулизм ұғымы 20% респонденттерге ғана таныс.

Әрбір еркек атаулы, қоғам алдында, отбасы алдында тұрған өзінің міндеті барын ұғынуы керек. Еркек болып туылу үлкен мақтаныш, ер азамат бейнесі еш нәрсемен салыстыруға келмейтін болмыс. Ұлға «ер –азаматтың болуға тиіс» бағдарламасын санасына сіндіргенде ғана қоғамды азғындықтан сақтай аламыз, сонда ғана ұлт ретінде тарих бетінен жұтылып кетпейміз дегім келеді. Ғылыми жобамда төмендегідей тұжырымдама ұсынамын

### **Ғылыми тұжырымдама:**

Ер адамдар саясатын жетілдіру. Ер адамның қасиетін, артықшылығын, бағалау. Батыстық феминистік теорияны емес, ер адамның өзіндік орнын насихаттау. Ұлттық құндылықтар жүйесі мен ұстанымдары арқылы ғана момын, тұйық ер адамдардың мінез-құлқын өзгертуге болады. Халық санын арттырып, ұлт генофонын сақтау үшін, ұлттық идея қажет.

Жинақталған мәліметтерді біліп отыратындай арнайы еркектер сайтын ашу керек. Интернет арқылы өзінің ішкі проблемаларымен бөлісуге мүмкіндік жасау керек.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Егемен Қазақстан» // №213 6.11.2017.
2. Георг Зиммель. Созерцание жизни / Избранное. Т.2. – М.: изд. «Юристъ», 1996. – С.605
3. Мани, Дж. Ориентация // Сексология: хрестоматия/под.ред. Д.И.Исаева. – СПб., 2001. – С.415
4. «Рухани Жаңғыру» 100 кітап. Д.Бринкерхоф, Р.Уейтс. Әлеуметтану негіздері. – Алматы, 2018. – 464б.

*Есбергенова Гульнур Бакитбековна*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің докторанты*

### **ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК СЕБЕПТЕРІ**

Біз ХХІ ғасырда ғылыми-техникалық прогресс пен компьютерлендіру ғасырында өмір сүріп отырмыз. Адамзат өзінің дамуында көп ілгері жылжыды.

Жасөспірім бойында ес біле бастағанан қалыптасатын қызғушылық, кей жағдайда есейе келе үлкен өкініштерге әкеліп соғып жатады. Олай дейтініміз - кей ата-ана ойнап жүріп қасындағы баласының қолына іліккен ойыншығын алып келген баласына қайдан алдың? – не болмаса «апарып бер» деген сұрақ – бұйрықтың орынына керісінше баласына, жат әрекетін мақұлдағандықтан танытса, ол баланың санасына сенім ұялатып келесі сондай іс-әрекетті қайталауына жол ашады.

Олардың әртүрлі іспен шұғылданбауы немесе жан-жағындағы қоршаған ортасының, айналасындағы достарының немесе біреудің қорқыту, үрейлету қасақана қылмыс жасауына итермелеу арқылы түсіп кету болып жатады.

Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің типтік өзгешеліктері эмоциялық тұрғыдан ашуланшақ, білектің күшіне сену, білекті баланың алдында жалпақтау, мейрімсіздік, дөрекілік қиқарлық, сезімшілдік, менмендік қылықтарымен сипатталады.

Я.И.Гишинскийдің позициясы бойынша, девиацияның көзі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктің, әртүрлі әлеуметтік топтардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігі айырмашылығының жоғарғы дәрежеде болуында [1].

Ауытқымалы мінез-құлықтың жалпы заңдылықтары ретінде девиациялардың әртүрлі формалары арасындағы өзара тұрақты байланыс деректері баяндалады. Бұл байланыстар бір құбылыс басқасын күшейтетін әлеуметтік патологияның бірнеше формаларының индукция түрінде болуы мүмкін. Мысалы алкоголизм бұзақылықтың күшеюіне әсер етеді. кейбір жағдайларда керісінше, кері корреляциялық тәуелділігі (адам өлімі, өз-өзіне қол жұмсау деңгейі) қондырылған.

Девианттылықтың байқалуының барлық формалары экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, мәдениеттілік және т.б. көптеген факторларға тәуелділігі де бар.

В.Н.Иванов девиацияның мынадай себептерін белгіледі: бұл маргинализация ұғымында көрініс алған қоғамның әлеуметтік қарым-қатынастарындағы өзгерістер, яғни әртекті әлеуметтік патологиялардың «тұрақсыздығы», «арақашықтығы», «көшуі», «тарауы» [2].

Әлеуметтік күтілетін жағдай мен әлеуметтік қажеттіліктер деңгейінің төмендеуі маргиналдардың әлеуметтік мінез-құлқына тән ерекшеліктің бірі. Бұның қоғам үшін ең қатерлі ізі – оның рухани өмірде, тұрмыста, өндірісте байқалатын қарапайымдылығы болып табылады. Анық және жасырын формаларда өсіп жатқан жұмыссыздық қоғам маргинализациясының күшеюінің негізгі әлеуметтік көзі болуда.

Басқа себептер тобы әртекті әлеуметтік патологияларды таратумен байланысты. Жекекөп алсақ, психикалық аурулардың, алкоголизм, наркоманияның кең етек жаюы, тұрғындардың генетикалық қорларының нашарлауы. Сонымен қатар түрлі әлеуметтік ауытқулар: қаңғыру, қайыр сұрау және жезөкшелік формаларындағы әлеуметтік паразитизм кейінгі уақытта кеңінен тараған. Осыған ұқсас әлеуметтік ауытқуды өмір сүру

калпына қалыптастыратын прогрессивті орнықтылық. Бұл паразитизм әртүрлі формаларда қауіпті.

Осындай әлеуметтік мәселелер (наркомания, алкоголизм, агрессия, бұзақылық т.с.с.) бізді көбіне не себепті болатыны жайлы ойландырады. Неге бала алғашқыда ашық, мейірімділікке ұмтылған болады, кейін өсе келе, мінез-құлықтың асоциалды типін меңгереді. Біздің қоғамымызда қайырымдылық, мейірімділік, бір-біріне құрметдеген ұғымдар жетіспеушілігі көбіне бала тағдырына немқұрайлы қатынасты орнатады. Балаларды мектеп-интернаттарына, балалар үйіне, сонымен қоса арнайы мектептерге жіберу мұғалдімдерді мүлдем толғандырмайтын да болды.

Осыдан денсаулық сақтау, білім беру және басқада қатысты мекемелердің ұйымдары сәйкес шараларды қабылдау қажеттігі туындайды. Балалар мен жасөспірімдер арасында алдын-ала қолданылатын шаралар жұмыстарын ұйымдастыру үшін, жедел түзету, оның нәтижелілігін бағалау үшін әрқашан жағдайларды тексеріп отыру қажет. Ол үшін мектеп психологтары өз орындарында қауіп факторларының мониторингісін өткізіп отыру қажет.

Қазіргі кездегі девиантты мінез-құлықты жасөспірімдерге тән ерекшелік, олардың шамамен 90%-ға жуығы мектеп, оқу бағдарламаларында үлгермеушілер. Бұлардың көпшілігінің ақыл-естері бар, дендері сау оқуға қабілетті. Бірақ араларында кездесіп қалатын бірлі-жарым жасөспірімдердің ақыл есінде көзге көріне қоймайтын ақаулары бар, сол себептен олар, үлгермеушілер қатарында қалып қояды

Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдерге мінездеме бергенде, олардың еңбекке қатысы туралы өзгешеліктеріне де көңіл аудару қажет. Қиын оқушылардың 94%-ы өзін-өзі күту, тұрмыс еңбектерін тиянақты атқаруға әдет-дағдылары жоқ болса, олардың 32%-ы бұл еңбек түрінен әр түрлі сылтаулар айтып, бойларын аулақ ұстауға тырысады.

Девиантты мінез-құлық категориясын туындататын себептер мыналар болуы мүмкін:

1. Басқа мемлекеттердің идеологиялық және моральдық теріс әрекеттері. Қазіргі заманда жастарға қатты әсер ететін фактор - бұқаралық ақпарат құралдарының кең таралуы (әсіресе теледидар арқылы батыстық, яғни Батыстың «әдемі» өмірі жайлы мифтер, т.б ) таратуы.

2. Адам санасында және өмір салтында дәурені өткен жаман әдет қалдықтарының қалып қоюы. Мұндай элементтер: ұлтшылдық, шовинизм, басқыншылық, бюрократизм және т.б.

3. Адамның әлеуметтік прогрестегі пассивті ұстанымы. Адамның қоғамдық қатынастарға және еңбекке салғырттық сияқты жаман қылықтарға бой алдыруы.

4. Тұлғаның өз даму қатарынан артта қалуы, адамдармен дұрыс қарым-қатынасқа түсе алмауы. Баланың тәрбиесіздігі, әдепсіздігі, дөрекілігі және т.б жағымсыз мінез-құлық бітімдері олардың ортадағы өмірін қиындатады.

5. Балалар мен жасөспірімдерге қоғамдық тәрбие берудегі кемшіліктер мен қателіктер. Мектеп өзінің тәрбиеленушілеріне ерте бастан әлеуметтік қажетті кәсіп таңдауына көмектесуі керек. Тек сонда ғана тәрбиеленушінің қоғамдық өмірге деген қызығушылығы артуы мүмкін.

6. Мектептегі және отбасындағы тәрбиедегі кейбір жетіспеушіліктер. Мұнда кейбір жасөспірімдер педагогикалық ұжымда жүргізіліп жатқан тәрбиелеу іс-шараларына жете бағынбайды, сөйтіп ал өзінің интеллектуалды даму жолынан қалып қояды [3].

Жанұядағы, мектептегі тәрбие жұмыстарынан кеткен қателіктер, кемшіліктер, жинақталып келіп қоғамдық тәрбиедегі қателіктері байланысып балалардың тәртібін одан әрі шиленістіре береді. Жанұядағы кеткен кемшіліктер мектеп жағдайында одан да бетер күрделендіре түседі. Себебі мектепте де баланың жеке басын сыйламаушылық кездеседі. Мектеп мұғалімдері мен жасөспірімдердің қарым-қатынастары ақыл айту мен ұрысу мен ар-ожданына тию тәрізді педагогикаға жат әрекеттерімен сипаталынады.

Белгілі педагог А.В.Сухомлинский кезінде баланы тәрбиелеудің екі қайнар көзі бар екенін атап көрсеткен болатын.

Біріншісі – оқушыға, тәрбиеленушіге, саналы түрде әсер ету.

Екіншісі –баланы қоршаған «күрделі» орта деген [4].

Девиантты мінез-құлықты балаларды тәрбиелеу процесін ұйымдастыруда педагогтар оқушылардың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін ескере білулері қажет. Себебі педагог қандай да бір ықпалдар жасамасын, олар баланың ішкі жан дүниесімен сабақтасып жатуы тиіс.

А.В.Сухомлинский көзімен қарайтын болсақ бірінші деп, тәрбие жан-жақты, нәтижелі болу керек.

Екіншіден баланы «қоршаған ортасы» өмірдің көлеңкелі жақтарының әсер етуі – белгілі мөлшерде стихиялы сипат алады.

Адамның қоғамдық белсенділігі, оқуға, спортқа, көркем өнерпаздыққа деген қызығушылықтарын арттырады. Қоғамдық жұмыспен айналыспайтын жасөспірімдер жағымсыз істерге жақын жүреді.

Жасөспірімдердің психикасы, жас балалардың да, ерsekтердің де психикасынан өзгешелік бар, импульсивтік, жоғары әсерленгіштік, қызбалықа тез түсіп, көңіл күйінін тұрақсыздығы, өз-өзіне, сенімсіздік өз әрекетінің дұрыстығына жиі күмәндану тән. Олардың бойындағы психикалық қасиетер мәселен, мақсаттылық пен табандылық, тұрақсыздыққа өз-өзіне сенімділік пен сыйламаушылық, сенімсіздік пен жабырқаушылыққа жиі алмасып отырады. Бұл жағдай бала бойындағы тұрақсыздық құбылмалдығын көрсетеді. Бұл сияқты құбылмалы психикалық қасиетер-жасөспірімдердің девиантты әрекеттер жасауына өз әсерін тигізбей қоймайды. Бұл оның айқын дәлелі. Кез келген жасөспірім өз бетінше әрекет етуге, өзін-өзі реттеуге тәрбиелеуге, қабілетті өзін-өзі ұйымдастырушы жүйе ретінде таныла отырып, тәрбиеленудің тек объектісі ғана емес, сонымен бірге субъектісі болып танылады сондықтан жасөспірімді жай оқытып және тәрбиелеп қана қою аз. Сондай-ақ оны өзін-өзі тәрбиелеу мен саналы түрде

айналысуға үйрету қажет. Көптеген жағдайлар сыныптас балаларымен өзіне деген нашар қарым-қатынасын, жақын қабылдап, қатты күйзеліске түсетін оқушылар да табылады. Сыныптастарына қанағаттанбағандықтан, олардың қоғамға жат әрекетінен көрініп, кейде кері әрекеттерге ұрындырады көбінесе, сабақа үлгермеушілік, жат қылықтар жасауына себепші бола алады. Осыған байланысты педагогикалық мәселелердің маңызды жақтары туындайды. Жекеленген баланы сыныпта ешкім жақсы көрмейді, ешкім достасқысы келмейді. Достарымен қатынасының болмауы ол баланың жеке басына көптеген кері әрекетерін ұялатып, ол тәртібінің өзгере бастауынан көрінеді. Жекеленіп қалған жалыздық шеккен балалар девиантты мінез-құлықты балалар санын толықтырады.

Жекешеленіп бөлектенген балалар өзіне жақын ортаны тағы да басқа жақтан іздейтіндіктен қоғамда жолыққан кездейсоқ достарының да өзі сияқты болмасына кім кепіл.

Кей кездері мұғалімдердің балаға сенімсіздікпен қарауы үлкен зиянын тигізеді. Соның нәтижелері баланын өзінің қоршаған барлық дүниеге қалай болса, солай қарап, мұғалімнің талабын тыңдамай, тік мінезділік, дауыс көтерушілік, ашу шақырушылық сияқты қылықтарымен көзге түседі.

Біздің пікірімізше, балаға мұғалім тарапынан бақылаудың болуы, болса да нашар болуы тағы да оның тәртіпке зиянын тигізбей қоймайды, бір қарағанда сабақтан қалу, үйге берілген тапсырманы орындамау, сабаққа кешігу, сылтау ретінде өтірік айту түкке тұрмайтын айғақтар сияқты көрінген мен оның болашаққа тигізер зияны мол.

Мұғалімдердің мұндай әрекетке өз дәрежесінде назар аудармауы бала бойына еркіндікті дамытып, жауапсыздыққа, немқұрайлыққа деген сенімін артыра түседі.

Қазіргі кездегі жасөспірімдердің девиантты мінез-құлықты болуының басты себебі – баланың пайдалы іспен айналыспауы десек, жоғарғыда айтып кеткендей оның бос сандалыстан көп өкініштерге ұрындырып жататыны айтпаса да түсінікті. Осы орайда В.М. Бехтеревтың «Баланы тәй-тәй басып қолына затты мықтап ұстай бастағаннан бастап-ақ үнемі еңбекке үйрету керек» – деген пікірі мен келісуге болады. Мектептен тыс уақытта кітап оқу, үйірмеге қатысу, көркем өнерпаздар үйірмесіне қатысу не болмаса спорттық көптеген түрлерімен айналысу – қазіргі кезде жасөспірімнің әрекетінен қалып бара жатқан құбылыс әрине бұл жерде бір бала өзіне пайдалы іспен айналыспай, бос сандалыс пен күй кешеді деген жаңсақ пікір тумасы керек [5].

Бала ағзаның құлдырауына әкеп тірейтін нәрсенің бірі ішімдік болса, ол өткен ғасырлардың аяғындағы көрнекті дәрігерлердің тәжірбиесімен дәлелденген. Ағза қаншалықты жас болса, оның әсері де соғұрлым жоғары болады. Әсіресе кері әсері 12-13 жас аралығында жасөспірімнің ағзасына әсері зор. 12-13 жасөспірімнің арақтың әсерінен есту қабілеті төмендейді, бойында немқұрайлық пайда болады, оқулықты нашар меңгереді.

Сонымен ішімдік жасөспірімнің сана-сезімінің жетілуіне, қалыптасуына зор зиянын тигізеді. Бұл оның айналасындағы болып жатқан оқиғаларға өз тұрғысынан баға беруін төмендетіп, мектептегі сабаққа бармауын, қалыптастырады. Бос жүріске, кездейсоқ ортаға әуестендіреді. Мұндай әрекеттер баланың девиантты мінез-ұлықты боуына бірден-бір себептер бола алады.

Жастық шақ баланың сана сезімінің жан-жақты толысып дүниеге көзқарастың өзгеріп үлкен өмірге дайындағының аяқталатын кезеңімен тығыз байланысты. Жасөспірімдердің жастық шаққа өтер кезеңдері ( 9-13) оның өміріне көп өзгерістер әкелері хақ. 12-13 жастағы балалар ағзасын толық қалыптасатын бұл оның сыртқы бет келбетінде көп өзгерістер енгізеді. Сондықтан жастық шақ өтпелі кезең аталып кейде ата-аналар мен педагогтар үшін «қиын» баланың қалыптасуына әср етсе «қиын» жас деген атауға иеленеді.

Сонымен қорыта айтқанда, өтпелі кезеңде жасөспірімнің еліктегіш келетіні, жақсыға ұмтылу, ұқсағысы келетіні, қайталағысы келетіні белгілі. Өтпелі кезеңнің «құйын» сияқты өткінші елестерге толы болуы бала өміріне қауіп төндіреті де сондықтан.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Гишинский Я.И. Девиантное поведение подростков: состояние, проблемы, перспектива //Бюллетень Защиты прав Ребенка.-СПб.,1994.-С.7-12.
2. Уманов Г.А. Причины преступности несовершеннолетних.- Автореф. дисс. канд. пед. наук.-М.,-1965 – 16 с.
3. Сухомлинский В.А. Балаға жүрек жылуы.-Алматы:Мектеп,1976 -215б.
4. Қайырова Ж.А. Мінез-құлық ауытқушылығының себептері//Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика.-2005.-№4.-Б.6-52 .

*Жақыпбек Айгерим Айдарбекқызы  
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
Философия және саясаттану факультеті,  
Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасы  
1-курс докторанты*

#### **ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ҚАРТТАРҒА ЖАСТАРДЫҢ ҚАТЫНАСЫ: АЛМАТЫ МЕДИЦИНА КОЛЛЕДЖІ СТУДЕНТТЕРІ МЫСАЛЫ НЕГІЗІНДЕ**

Көптеген жылдар бойы «қарт» мағынасы «мықты», «тәуелсіз», «зор» мағыналарына теңеліп келді. Жас сөзі, керісінше, «әлсіз», «тәуелді», «қорғансыз» мағынасын берген.

Халықтың қартаюы медициналық және экономикалық себептермен анықталады деген ұғым болған, соның ішінде адамның өмір сүруінің орташа жасының ұлғаюы, өмір сүру сапасының жақсаруы, және тағы басқалары. Бірақ, біздің көзқарасымыз бойынша, бұл ортаның әр сатысына тән маңызды құндылықтардың бейнесі. Демографиялық «қартаю» үрдісі барлық елдерге тән емес, мысалы Африка, Азия, Шығыс елдерінде салт-дәстүрді берік ұстанады және олардың әлеуметтік өмірі белгілі бір догмалармен анықталады. Осы елдердің демографиялық «жасаруын» анықтайтын бір фактор ол туудың жоғары болуы. Оның басты себебі бірнеше жағдайға байланысты, яғни дәстүрлі ұлттық ортаға, сонымен қатар, қоғамның діни көзқарастарына тікелей байланысты. Айта кету керек, дәстүрлі ортаның қоғамын қайта өркендету құрылымында «үшінші жас» қарттықтың статусы мен құндылығын анықтай отырып, жоғары құндылықтарды сақтау және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің ерекше мәні бола алады [1].

Ортаның қартаюымен қатар, әлеуметтік-қоғамдық құндылықтардың болашақ ұрпаққа берілу жүйесінде өзгерістер жүреді. М.Мидтің айтуынша, біз жаңа нақтылы ғасырға аяқ бастық, «префигуративті», яғни қарттар немесе «үшінші жастағылар» ақырындап дәстүрлі әлеуметтік-қоғамдық құндылықтарды үйретуші орнын жоғалтып, тек оның бір мүшесі болып қалатын модельді қоғам қалыптасқан. Нәтижесінде дәстүрлі қарым-қатынас үзіледі, жаңа қоғамдық құндылықтар қолжетімді болады, қарттар қоғамдық бірыңғай шоғырлану жағдайында қалады.

Қазіргі қоғамда «қартаю» ұғымы сәтсіздік, артқақалушылық, үлгермеушілік, жарамсыздық, кертартпалық деген сөздердің синонимі болып табылады. Басқаша айтсақ, кәрілік дегеніміз индустриалды және постиндустриалды социумның өзекті құндылықтарына мысалы, дербес табыс, табыс нәтижесі, материалдық байлық, жылдамдық, жинақтылық дегенге қарама-қайшы мағынада бейнеленеді. Біз қазіргі заман қоғамының бет-келбетін айқындайтын «жастық-кәрілік» антогонизмінің өрбуінің куәсі болдық. Атақты философ Х. Ортега-и-Гассет жазғандай «Қазір үлкен-кішісіне қарамастан, жасаруға бейімделе бастады және өндірістік қоғамда жас ерекшеліктерінің басымдылығы айқындалып келеді. Қазіргі заман қоғамында «3-ші жас кезеңі» адамзат дауының кезеңі ретінде қабылданбайды, тіпті теріске шығарылады [2].

Қарт адамдардың қоғамдағы орнына жастардың көзқарасын анықтау қазіргі модернизация заманындағы қазақ қоғамы үшін өте маңызды. Сол себепті, қазіргі замандағы қазақ қоғамында қарттарға деген жастардың көзқарасы дәрежесін анықтауға байланысты арнайы Алматы медицина колледжінде студенттер арасында әлеуметтанулық зерттеу жүргізілді. Зерттеуге қатысқан респонденттер саны – 55. Олар 1-3 курс арасындағы қазақ және орыс топтарының студенттері. Зерттеуге сандық әдіс анкеталық сұрау әдісі қолданылды. Берілген эмпирикалық ақпараттарды өңдеуде SPSS бағдарламасы арқылы қолдан өңделетін математикалық талдау және

математикалық статистика қолданылды. Зерттеудің нәтижелері төмендегідей.

Сауалнама Алматы қаласында жүргізілді. Сауалнамаға қатысқандар саны 55 респондент, олардың 100% - Алматы медициналық колледжінің студенттері. (1-кесте).

Кесте 1 - Іріктеу статистикасы


	Жалпы саны	Пайызы	Жуық пайызы
Алматы	55	100	100
Барлығы	55	100	100

2-кестеде іріктеу барысында жыныстық бөліп қарастыру көрсеткіштері берілген. Пайыздық көрсеткішпен көрсетер болсақ 22% - ер респонденттер, 78% - әйел респонденттер (2-кесте).

Кесте 2 – Жынысына қарай бөліп қарастыру

	Жалпы саны	Пайызы	Жуық пайызы
Ер	12	22	22
Әйел	43	78	78
Барлығы	55	100,0	100,0

Респонденттердің демографиялық көрсеткіштері бойынша статистикасы жоғарыдағыдай болды. Бұл көрсеткіштер зерттеуге арналған іріктеу мен зерттеу барысында сауалнаманың кедергісіз жүргізілгендігін көрсетеді. Сауалнаманың бірінші сұрағы ретінде респонденттерге «Сіздің ойыңызша, біздің қазақ қоғамына қарттар үйі қажет пе?» деген сұрақ қойылды. Сұраққа жауап келесі диаграммада көрсетілген (диаграмма-1).



**Диаграмма 1. Сіздің пікіріңізше, біздің қазақ қоғамына қарттар үйі қажет пе?**

Диаграммада көріп тұрғанымыздай респонденттердің жауаптарына сәйкес, біздің қоғамымызда қарттар үйі не керек, не қажет емес екендігіне көз жеткізе алмадық, қажет деуге болады деушілер 20%, «иә, қажет» деп




нақты санаушылар саны 29%, «қажет емес деуге болады» деушілер 16% құраса, 22% респондент «тіпті қажет емес» деп санайды, ал жауап беруге қиналғандар 13% құрады.



## Диаграмма 2. Қазіргі таңда елімізде қарттар үйінің көбеюіне не себеп?

2-ші диаграммада көрсетілгендей респонденттерден «Қазіргі таңда елімізде қарттар үйінің көбеюіне не себеп?» деген сұрақ сұралды. Респонденттердің жауабы бойынша «Жастардың қарттарға деген мейірімділігін жоғалтуы» деген жауап көп таңдалды, 69% респондент осы жауапты таңдаса, екінші болып көп таңдалынған жауап «қазіргі жастардың құндылықтарында қарттарға қамқорлық жасау міндетінің болмауы» - 15% респондент таңдады. Респонденттердің 7%-ы – «қарттардың баларына қоғамға лайық тәрбие бермеуі» және «қарттардың өмірін ұзартуда өз қатарластарымен қатынас ұстануына байланысты» жауабын таңдады. олардың 1-әйел, 3-еркек, 8 респондент «жастардың қарттар мәселесіне немқұрайлы қарауы» деген жауапты таңдады, олардың 3-еркек, 1-әйел. Сонымен бірге қарттардың өмірін ұзартуда өз қатарластарымен қатынас ұстауына байланысты, қарттардың өз еркімен жастарға масыл болмау үшін баруы деген де жауап берілген болатын, бұл жауап респонденттермен таңдалмады.

Бұл көрсеткіштерге сүйене отырып, қазіргі таңда қарттардың қарттар үйіне баруына немесе сонда болуына себеп көп, алайда жастардың құндылық бағдарларының өзгеруі мен жауапкершіліктерінің төмендеуіне байланысты қарттардың қарттар үйіндегі үлесінің саны артуда екендігін байқауға болады.




**Диаграмма 3. Сіздің пікіріңізше, қоғамдық көліктерде қарттарға орын беру міндет пе?**

3-ші диаграммада көріп тұрғандай «Сіздің пікіріңізше, қоғамдық көліктерде қарттарға орын беру міндет пе?» сұрағына «иә, міндет деп есептеймін» (87%) деп жауап қайтарды. Сонымен бірге, «міндет емес, ол әр адамның өз қалауы» (11%) деген жауап та респонденттермен белгіленді. Ал «жоқ, еш жерде жазылмаған, сол себепті міндет емес» деген жауапты ешқайсысы белгілеген жоқ.


Алматы қаласының жастары қарттарға қоғамдық көлікте орын беруге байлынысты ойлары, «иә, міндет деп есептеймін» деген оймен көбірек келісті.

Келесі сұрақ, осы таңдалған жауаптардың себебін білуге байланысты қойылды. Респонденттердің пікірінше, қарттарға орын беру немесе оларды сыйлау ол жазылмаған, алайда міндет деп есептеушілердің ойынша отбасындағы тәрбие қазақ мәдениетінде қарттарды сыйлауға үйретеді, оларды әрдайым құрметтеу мен олардың жай-күйін ойлау және солар секілді ертеңгі күні өзінің қартаюын ойлау қарттарға кез-келген жерде орын беруді жазылмаған, бірақ міндет. Ал, ол міндет емес деп санаушылардың пікірі бойынша, әр адамның өзінің ойы мен ойлау өрісіне байланысты қарттарға қатынас жасауында оларға орын беру не бермеуді сол кездегі жағдайға қарап шешу деп есептейді.



**Диаграмма 4. Қарт кісі жолдан өткенде өзіңіз асығып тұрсаңыз көмек бере аласыз ба?**


Респонденттерден «Қарт кісі жолдан өткенде өзіңіз асығып тұрсаңыз көмек бере аласыз ба?» деген сұрау алынды. Респонденттердің көпшілігі көмек беретіндігін айтты. Алайда, өздерінің жұмыстары болып тұрса олардың көмек беруі төмендейді. Сонымен бірге, «егер қарт адамның жасы 70 асқан деп ойласам ғана көмек беремін» деп санаушылар аз болды, ал «мененде басқа адамдар бар көмек беретін деп ойлаймын» деп санаушылар мүлдем жоқ. Қуантарлығы «міндетті түрде көмек беремін, ол менің парызым» деп санаушылар 71% құрады. Бұл іс-әрекетті парыз деп санау елдің қарттарына деген құрметтің жоғары екендігін көрсетеді.



**Диаграмма 5. Қамқоршысысыз қалған қарттарға үй шаруасында көмек бергенсізбе?**


5-диаграммадағы мәліметтерді талдай келе «Қамқоршысысыз қалған қарттарға үй шаруасында көмек бергенсіз бе?» сұрағына 29% - респондент «мектеп кезінде арнайы барып көмектескенбіз» деп жауап берді, 27% респондент «иә, бергенмін», 4% - «менің ойымша мен көмек беруге міндетті емеспін» деп жауап берді, ал 31% «жоқ ондай танысым болмаған» деген

жауап қайтарса 5% респондент «студент кезде тәрбие жұмысы негізінде көмектескенбіз» деген жауап танытты. Жауаптарды талдай келе, респонденттердің немесе жастардың қазіргі кезде қарттарға көмек беру дәрежесі немесе оларды өз еркімен қолдау дәрежесі төмендеген. Мектеп кезінде немесе студент уақытында белгілі бір іс-шара барысында сондай көмек беру үлесі жоғары. Қуантанатыны, жасатар арасында волонтерлік іс-әрекеттердің жаймен олардың өмірінде бір орын алуы. Бұл әрекет кейінгі ұрпаққа жаңа бір тәрбиенің бастауы болуы мүмкін.




**Диаграмма 6. Сіздің пікіріңізше, қарттарды құрметтеуде жастарда қандай құндылық басым болу керек?**

6-диаграммада берілген жауаптарға сай респонденттердің пікірінше «қарттарды құрметтеуде жастарда қандай құндылық басым болу керек?» сұрағына 42% - адамгершілік деп жауап қайтарды. 2% - міндеттілік, 2% - аяушылық, 27% - мейірімділік, 5% - жауапкершілік, 4% - парызды түсіну десе 2% - эгоизм деген жауап қайтарды.



**Диаграмма 7. Қазіргі таңда жастардың қарттарға қатынасы қандай деп ойлайсыз? (шкала бойынша бағалаңыз, 1-төмен, 5-жоғары)**

Қазіргі таңда жастардың қарттарға қатынасы орташа, яғни респонденттердің пікірінше шкала бойынша 1 яғни өте төмен деушілер 33% құрады, 2 яғни төмен деуге болады деушілер - 13% құраса, 3 яғни, орташа деп жауап қайтарғандар - 20%, ал 4 – жақсы дегендер 27%, 5 деп жауап қайтарғандар 33% құрады.



**Диаграмма 8. Соңғы 10 жылмен салыстырғанда жастардың қарттарға қатынасы өзгерген, жастардың қарттарды сыйлауы төмен деген оймен қаншалықты келісесіз?**

«Соңғы 10 жылмен салыстырғанда жастардың қарттарға қатынасы өзгерген, жастардың қарттарды сыйлауы төмен деген оймен қаншалықты келісесіз?» деген сұраққа респонденттердің басым көпшілігі «келісемін деуге болады» - 42% таңдады, 5% -келіспеймін деуге болады , 7% - толықтай келісемін деп жауап қайтарса, келіспеймін дегендер- 4% құрады, толықтай келіспейтіндер 24%, ал келісетіндер 18% құрады.

Бұл жауаптар қазіргі кезде қарттар үйінің көбеюіне себеп қарттарға деген жастардың көзқарасының өзгеруі екендігін дәлелдейді. Бұл кіші әлеуметтанулық зерттеу үлкен зерттеулердің бастамасы болмақ. Себебі біздің еліміздегі қарт адамдардың өмір салты мен демалысын зерттеу, оларға мемлекетпен қоғамдық ұйымдардың назар аударылуы жеткілікті дәрежеде зерттелмеген және ұйымдастырлмаған. Сонымен қатар, елімізде қарттардың тәжірибесі мен күш қуаты толық дәрежеде пайдаланбайды. Зейнеткерлікке шыққан соң олардың қоғамдық өмірге белсене араласуға мүмкіндігі төмендеген.

Қарт адамдар зейнеткерлікке шығу психологиялық жағынан даяр болмайды. Бос уақыттарын дұрыс пайдаланбайды. Тұрмыс жағдайы төмен болған соң қарттар көп уақытын үй шаруасына арнайды. Рухани мүдделерге онша мән бере бермейді. Қарт адамдармен қоғам-ағарту жұмыстарын жүргізуге талдау жасау, оның толық жоспарланбағандығын, қарттардың мүддесін ескерумен, олардың қажеттіліктеріне немқұрайлы қарау сипаттарын көрсетеді.

Қарт адамдардың демалысын ұйымдаструдың нәтижелі формаларын теориялық әдістемелік жақтан әзірлеу олардың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін түсінуді және жеке тұлғаның ерекшеліктерін ескеруді қажет етеді. Бұлардың барлығы ауқымды әлеуметтанулық зерттеулерді қажетсінеді. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, мемлекет тарапынан қарттардың өмірін белсенді етуге байланысты арнайы бағдарламалардың ұйымдастырылуын қазіргі қоғам талап етеді.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Проблемы социальной адаптации пожилого человека: монография / М. Ф. Пузиков, А. А. Калиева. - Алматы : ТОО 378, 2011. - 224,
2. Социальная работа с пожилыми людьми: учеб.пособие / Е. И. Холостова. - 5-е изд., перераб. и доп. - М. : Дашков и К, 2008. - 345

*Зүлкәпіл Динар  
Әл-фараби атындағы ҚазҰУ  
Философия және саясаттану факультеті  
Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасы  
I курс докторанты*

### ОТБАСЫНДАҒЫ ЗОРЛЫҚ КӨРГЕН ӘЙЕЛДЕРДІҢ ӨМІРЛІК СТРАТЕГИЯЛАРЫН ӨЗГЕРТУ МҮМКІНДІКТЕРІ

*Резюме. Бұл мақалада отбасында зорлық-зомбылық көрген әйелдердің өзін-өзі дамытуы өзіндік мүмкіндітерін бағалауы туралы айтылады. Автор ғалымдардың өмірлік стратегияны өзгерту туралы пікірлерін зерттей келе өмірлік стратегияның тәсілдеріне талдау жасайды.*

Қазіргі қоғамда бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін зорлықсыз өмір сүрудің идеаларын, барлық адамзатқа ортақ құндылықтың негіздерін іздеу қажеттігі туып отыр. Тұрмыстық зорлық-зомбылық-мемлекеттің даму деңгейі мен мәдени хал-ахуалына қарамастан, әлемнің барлық елдерінде кездесетін мәселе. Қазақстанда да осындай мәселе орын алып отыр. Мемлекетімізде әйел азаматтарының 60пайыздан астамы өмірінде бір рет болса да зорлық-зомбылықтан, мәселен, дене, сексуалдық, экономикалық, әлеуметтік, психологиялық болсын, зардап шегеді екен. Жыл сайын елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты, тіпті өлтіру бойынша он мыңдаған оқиғалар тіркелді. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың көрністерінің негізгі себептері тұрмыстық ұрыс-керіс, қолайсыз материалдық жағдай, қызғаныш, отбасындағы теріс психологиялық климат, басқалардың мүдделерін елемеу болып табылады. Зорлық-зомбылықтың кеңірек тараған түрі –моральдық-психологиялық, ал таралуы бойынша екінші орында дене зорлығы. Көп жағдайда жас-жұбайлардың тату отбасылық өмірі ұрыс-керіс пен денсаулықтарына зиян келтіруге дейін жетіп жатады.

Қылмыстық жауаптылықпен байланысты күрделі әлеуметтік мәселелерге алып келетін отбасындағы зорлық зомбылықтың алдын-алу мақсатында мемлекет тарапынан да көптеген қолдаулар көрсетіліп жатыр. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы Жарлығымен «Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясаттың кешенді тұжырымдамасы» бекітілді. Аталмыш

құжат әйелдерді жынысына қарай кемсітуге жол бермеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» 2009 жылғы 4 желтоқсандағы Заң қолданысқа енгізілді. Заң аясында адамның және азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына кепілдік беріледі, отбасын қолдау және сақтау, өмірлік қиын жағдайда жүрген әрбір адаммен және азаматпен жеке жұмыс жүргізу қарастырылады. [1] Тұрмыстық жәбір көрген әсіресе қазақ әйелдері отбасының шырайын тұтастығын сақтап қалу үшін өз өмірлерін құрбан етіп жатады. Сондықтан отбасын сақтай отырып, өмірлік стратегияларын да өзгертулері тиіс. Қазіргі таңда ғалымдар өмірлік стратегияларды зерттеу үлкен қызығушылық тудыруда. Әсіресе осындай бір адам өмірінің кризистік жағдайындағы стратегиялар өзекті болып отыр. Тұрмыстағы зорлық-зомбылық осы кризистік жағдайға жатады. Ол әйелдің өзін-өзі дамытуға өзіндік мүмкіндіктерін бағалауға үлкен әсер етеді. Өзіндік бағалау мен дамыту қажеттікті өтеуде тұрмыстық жәбір күрделі әлеуметтік – психологиялық және әлеуметтік феномен болып табылады. Шетелдік ғалымдар тұрмыстық зорлық-зомбылық зардаптарының екі деңгейін қарастырады қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді. Қысқа мерзімді зардаптар денсаулыққа зиян келтірумен тығыз байланысты. Қысқа мерзімді зардаптар зардап шегушіге денсаулыққа зиян келтірумен қатар зорлықтың күәсі болған адамның эмоционалды реакциясымен тығыз байланысты. Ал ұзақ мерзімді зардаптар зардап шегушінің өмірге қоршаған ортаға және өмірлік стратегияның деформациясына әсер етеді. Бұл пікірден әрине адам өмірлік стратегиясын өзгерту үшін міндетті түрде ұзақ мерзімді зорлық-зомбылық шегу керектігі айтылмайды. Керсінше адам осы қатігездіктен агрессиядан үлкен сабақ алуы мүмкін. Бізге тұрмыстық жәбірден жәбір көрген әйелдердің қаншалықты өз өмірлерін өзгертуге талпынатындығын талдаған маңызды болар, бұл әлеуметтік мекемелердің оңалту бағдарламаларын реттеуге, жәбір көрген әйелдермен әлеуметтік жұмыс жүргізудің тиімділігін арттыруға үлесін тигізеді.

Өмірлік стратегияны анықтаудың бірнеше тәсілдері бар. Т.Е.Резник пен Ю.М.Резник өмірлік стратегияны өмірдің басты бағдары ретінде моралдық құндылықтар мен сонау болашаққа бағытталған өмір туралы тұлғаның әлеуметтік және мәдени түсінігінің күрделі жүйесі ретінде түсінеді [2]. Өмірлік стратегияны қалыптастыру кезінде міндетті элементтері ретінде әрекеттің саналылығы мен тұлғаның белсенділігі жүреді.

Тұлғаның белсенділігі деп жағдайларға өзгеру, өз өмірінің барысының бағытына, жеке өмірлік ұстанымын қалыптастыру қабілеті түсіндіріледі. Өмірлік стратегияны жасау тек өзінің қалауы мен қажеттілігін, сонымен қатар өзі тұратын әлеуметтік жағдайларды талдай алатын, өзіне өмірлік қажеттіліктерді анықтай алатын және алға қойған жоспарларын іске асыратын тәсілді саналы таңдай алатын (өзіндік жеке әрекеттер, жақын маңдағы ресурстарды пайдалану) адамның ғана қолынан келеді. Зерттеушілердің ойынша өмірлік стратегияның бар болуы тұлғаның

әлеуметтік кемелденуінің, оның өзіне жауапкершілікті алу қабілетінің, өмірлік кедергілерді еңсере алуы туралы, қоғамның талаптарын өз мүдделерімен ара қатынасын белгілеуінің дәлелі болып табылады. Осындай ара қатынастың салдарынан өмірлік стратегия қиындықтармен күресу жеке және әлеуметтік қайшылықтарды еңсерумен күресу стратегиясы ретінде жиі қолданылады. Егер адам күресуден бас тартып, жағдайға көнсе, онда оның өмірлік стратегиясы туралы айту қиын, себебі ол өзінің болашағын бағамдамайды, тек тұтастай жағдайларға және басқа адамдардың мүдделеріне тәуелді болады. Мұндай жағдайда екі ситуацияны нақты бөлу қажет: 1) адам жақсылыққа үміт артады, өзінің мақсаттары бар және оларды іске асыруды көздейді және ситуация жақсы жаққа өзгерген кезде, ол өзінің өмірлік стратегиясына сай әрекет етсе, 2) немесе адам бірдеңеге талпынбаса, тек күнделікті тіршілікпен айналысса, күндегі мәселелермен бас қатырса және нақтылаған мақсаттары болса. Бірінші жағдайда өмірлік стратегия жасаған, бірақ оны іске асыруға әлеуметтік жағдайлар кедергі келтіреді, ал екіншісінде өмірлік стратегия жоқ, бұл тұлғаның әлеуметтік дамуының төмен деңгейін, оның пассивтілігін көрсетеді [3]. Сонымен қатар Г.В.Иванченко ұстанатын екінші көзқарас бойынша керісінше адам минут сайын өмірлік маңызды мақсаттарға жетуге бағдарда болмайтындығын, өзінің әрекеттерін үнемі бағалауға және үнемі ойланып әрекет ете алмайтындығын айтады, өмірлік стратегия Ю. М. Резника пен К.А.Абульханова Славскаяның жұмыстарында көрсетілгеннен аздап саналы және рационалды болуы мүмкін, адам барлық жағдайларды жоспарлауға қабілетті емес және өмірлік стратегияның бар болуының өзі адамның әрекетінің толық саналылығын, өз өмірі үшін жауапкершілік ала білуін білдірмейді, себебі ол стратегияның жеке тәсілін минимумға дейін төмендету арқылы толық дербестіктің орнына әлеуметтік ортаны тірек ретінде таңдауы мүмкін [4]. Басқаша айтқанда өмірлік стратегия ең алдымен санада қалыптастырылған және нақты сызылған өмірлік мақсаттарды (олар әлеуметтік ортаның әсерінен қалыптасуы мүмкін) көрсетеді, бірақ оларды іске асыру көбінесе нақты жағдайға және адамның қабілетіне байланысты болады, яғни оларды таңдау көп жағдайларда аяқ астынан болуы мүмкін. Дегенмен шешім қабылдауды қаламау өмірлік стратегияның жоқ екендігін білдірмейді, бұл жағдайда адамның өмірлік таңдауына әсер ете алатын, өзінің күшіне сенімсіздерге немесе тоқыраудың салдарымен жылдам күресе алмайтындарға көмек беретін әлеуметтік топтар мен институттар айрықша мәнге ие болады. Өмірлік стратегияны анықтауға әр түрлі тәсілдердің болуына қарамастан өзінің стратегиясы мен белсенділігін іске асыру кезінде саналы әрекеттердің қажеттілігі басты болып қалады. Бұл жағдайда белсенділік адамның өз бетінше әрекеттерінде, қиын жағдайларды шығармашылық тұрғыда шешуінде, жақын ортаның ресурстарын пайдалануында, өзінің мақсатына жету үшін басқа адамдарға айла-шарғы жасауында, тіпті қиындықтар мен қайшылықтардан саналы түрде жалтаруында көрініс беруі мүмкін. Белсенділік деп адамның әлеуметтік талаптарды өзгертуге талпынысына



және қоғамдық өмірге араласу үшін мүмкіндіктерді іздеуге байланысты әлеуметтік белсенділігі түсіндіріледі [5]. Өмірлік стратегия өзара байланысты бірнеше элементтерден тұратын кешенді құбылыс ретінде жүреді, олардың айрықша қосылысы адамның қайталанбас өмірін құрайды. Элементтердің біреуінің өзгеруінің өзі тұлғаның өміріне елеулі өзгеріс алып келеді. Өмірлік стратегияның өзара байланысты үш компоненті бар: 1) жеке (ішкі), яғни өз өмірін жобалауға дайындығы, өзінің жеке стратегиясын қалыптастыруға белсенділігі, талаптану деңгейі, өмірлік мақсаттың болуы; 2) әлеуметтік, яғни қоғамда белгілі бір әлеуметтік жағдайға ие болуы, әлеуметтік топқа кіруі, қалаған әлеуметтік мәртебеге ие болуы, қоғамдық нормаларға бағдарлануы; 3) мәдени - нақты бір мәдени үлгілерді ұстануы, дәстүрді сақтауы [6]. Өмірлік стратегияның жеке компоненті өз кезегінде сандық (жауапкершілік пен өмірдің саналығы деңгейі) және сапалық (өмірлік мақсаттар, тұлғаның құндылық жүйесі) болып бөлінеді [7]. Өмірлік стратегия өзіне бірнеше компоненттерді біріктіре отырып адамның жеке тұлғалық, әлеуметтік және мәдени дамуы үшін шектерді қоюға мүмкіндік береді. Өмірлік стратегияларды қалыптастыру процесіне көптеген факторлар әсер етеді. Әсер ету позитивті (мақсаттарды нақты анықтау, мәселені шешуде тиімдірек тәсілдердің пайда болуы, мақсатқа жылдам жету және т.б.) және негативті (стратегияны бұрмалау, қиындықтармен күресуде девианттық тәсілді таңдау, мақсатқа жетуде кедергілердің болуы және т.б.) болуы мүмкін. Біз өмірлік стратегияны іске асыруға елеулі неагтивті әсер ететін факторларға басқалармен қоса отбасындағы зорлық деп санаймыз. Отбасындағы зорлық адамның барлық өмірінің барлық—биологиялық, психологиялық, әлеуметтік, рухани саласына әсер етеді, олардың әр қайсысын бұзады: физикалық қанағаттану қажеттілігін қиындатады, құндылықтар жүйесін бүлдіреді, адамның қатынасын бұзады, адамның әлеуметтік өмірін қалыптан шығарады, оның мінез-құлқының түбін өзгертеді және т.б. Үйдегі зорлық жағдайын қалайша жеңуге болатындығына қатысты әр түрлі тәсілдер бар. К. Мұздыбаев өзінің «Өмірлік қиындықтармен күресу стратегиясы» еңбегінде өмірліктің қиындықтарды еңсерудің тәсіліне екі әдісті көрсетеді. Үш стратегиядан тұратын мәселеге қатынасты өзгертуге негізделген бірінші әдіс (Перлин мен Шулер): 1) мәселені өзгерту стратегиясы (оны шешу бойынша белсенді әрекеттер), 2) мәселені көру тәсілін өзгерту стратегиясы (ситуацияны қабылдау және одан жағымды нәрсені көруге тырысу) және 3) эмоционалды дистресті басқару стратегиясы (эмоцияларды басқару). Өзіне дәйекті түрде қолданылатын үш стратегиядан тұратын өмірлік қиындықтарды еңсеру процесіне негізделген Мұздыбаевтың өзі бөлген екінші әдіс (Мосс және Шеффер): 1) бағалауға тоғыстырылған стратегиялар (ситуацияны түсіну, оның салдарын бағалау, егер ситуацияны шешу болашағы жайсыз болса, онда жоққа шығару немесе қауіпті азайту механизмі қосылады); 2) мәселеге тоғыстырылған стратегиялар (әлеуметтік ортада қолдау іздеу, мәселені шешу бойынша нақты әрекеттер); 3) эмоцияларға тоғыстырылған стратегиялар (сезімдерді басқару, эмоциялық тепе-теңдікті

кстау, жақсыға үмір арту)[8]. Бізге отбасындағы зорлықтан зардап шеккендерге қолдануға ұсынылған саралаудан қажеттісін түзету қажет болып табылады. Перлин мен Шулер саралауын негізге ала отырып біз үйдегі зорлық жағдайынан жапа шеккендердің ұстанатын келесі үш стратегиясын бөліп қарастырамыз: белсенді қарсылық көрсету стратегиясы (зорлықты қабылдамау, қарсы шабуыл жасау, әлеуметтік ресурстарды із деу, зорлық көрсетушіні өзгертуге талпыну және басқалар);

- мәселені мойындамау стратегиясы (мәселені елемеу, шеккен зардапты жабуға әрекет ету, зорлықты мойындамау);

- аман қалу стратегиясы (зорлықты отбасылық өмір нормасы ретінде қабылдау, жағымсыз зардап шегуге мүлде мән бермеу, ситуацияны басқаша ойлау және оған деген қатынасты өзгерту). Көбінесе әрекет етудің қайсыбір стратегиясын таңдау әлеуметтік ресурстар мен адамның жеке қасиетіне қолжетімділікпен анықталады. Адам қоғамдық және мәдени құндылықтарға көбірек бет қойған сайын егер зорлық қалыпты жағдай ретінде бағаланатын болса адамның өзімен өзі болуы жоғарылай түседі. Адам өз өмірінде орын алып жатқан жағдайды ұғынған сайын оның әлеуметтік мәртебесі жоғары болады, себебі оған өзіне және өзгелерге отбасылық сәтсіздікті басынан өткергендігін мойындау қиындай түседі, отбасындағы зорлық фактісін барлығының алдында мойындау ұят болғандықтан себеп-салдарды төмендету немесе өзімен өзі болу стратегиясын таңдауы жоғарылайды.

Қорыта келгенде тұрмыстық жәбір көрген әйелдердің өмірлік стратегияларын өзгерту мүмкіндіктері көп жағдайда олардың өмірі мен денсаулықтарына тигізген деңгейіне байланысты. Зорлық көрген әйелдерге өз өмірлерін өзгертуде бұқаралық ақпарат құралдар, қоғамдық ұйымдармен, мемлекеттік мекемелермен бірлесіп, семинар-тренингтер, түрлі шаралар қолға алыну қажет. Сонымен қатар әлеуметтік жұмысшылар психологтармен бірлесе отырып кеңес жүргізе отырып тұрмыстық жәбір көрген әйелдердің өмірлік стратегияларын өзгерту арқылы отбасын сақтауға өз-өзін дамытуға көмек бере алады деп ойлаймын. Себебі әлеуметтік желілерде кеңестер арқылы өз өмірлерін өзгерткен әйелдердің толассыз хаттарының күәсі болған едім. Алдағы уақытта арнайы оңалту орындарындағы отбасындағы зорлық көрген әйелдермен жұмыс жасау көзделіп отыр.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Әбілұлы А Отбасылық зорлық зомбылық Қазақстан әйелдері 2001 №4
2. Резник Т.Е Резник Ю.М Жизненные стратегии личности//Социол исслед. 1995 №2
3. Абульханова-Славская К.А Стратегия жизни М., 1991
4. Иванченко Г.В. Самоопределение личности как открытый проект// Человек 2005. №3
5. Резник Ю.М. Человек и общество (опыт комплексного изучения)// Личность, культура, общество. 2000 Вып2(3)

6. Федотова Н. Жизненные стратегии молодежи//Человеч. ресурсы. 2000 №2
7. Васильева О.С., Демченко Е.А. Изучение основных характеристик жизненной стратегии человека//Вопросы психологии 2001
8. Муздыбаев К. Стратегия совладания с жизненными трудностями//Жур социологии и социальной антропологии 1998 Т.1.вып 2

*Ишанов Е.Х.*  
*[eishanov@mail.ru](mailto:eishanov@mail.ru)*

*Магистрант кафедры  
педагогики и образовательного менеджмента  
КазНУ им. аль-Фараби.*

*Научный руководитель:*

*Кусаинов А.К.*

*[apnkaz@mail.ru](mailto:apnkaz@mail.ru)*

*Академик, профессор кафедры  
педагогики и образовательного менеджмента  
КазНУ им. аль-Фараби.*

## **ИНФОРМАЦИОННО-УПРАВЛЕНЧЕСКАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ РУКОВОДИТЕЛЯ СТРУКТУРНОГО ПОДРАЗДЕЛЕНИЯ ВУЗА**

Сегодня в век информатизации современную жизнь невозможно представить без информационных технологий. В результате стремительного развития технологической революции информация стала самым главным ресурсом государственного управления. Возник даже новый термин – информационное государство. Указом Президента РК в 2013 году 8 января была утверждена Государственная программа «Информационный Казахстан – 2020», нацеленной на повышение уровня качества услуг, предоставляемых населению и бизнесу, решения проблем, поднятия информационной грамотности всего населения республики в целях освоения и получения навыков работы с информационными технологиями посредством электронного обучения и подготовки, получения услуг.

Информационное общество направлено на достижение высокого уровня благосостояния народа за счет развитой и доступной инновационной инфраструктуры информационных технологий.

Казахстан объективно вовлечен в процесс становления глобального информационного общества. И в данной тенденции появляется необходимость в новом формате руководства, в частности информационно-управленческой деятельности во всех его структурных подразделениях организации. Недостаток компетентности управленческого персонала негативно влияет на результаты деятельности организаций. Изучение

вопросов управления образовательными организациями, и особенно компетенций руководителей представляет собой актуальную задачу, как в теоретическом, так и в практическом плане.

В эпоху острой конкуренции и кризиса компетентность руководителя выходит на первое место в управлении организованных процессов. От знаний, способностей и качеств руководителя, от его умений организовывать работу сотрудников и всего в целом, зависит настоящее и будущее организации. Грамотно организовывать и контролировать рабочие функции свои и персонала это наиболее эффективный способ добиться стабильности и процветания компании.

В последнее время в образовании стали часто говорить о компетентностной концепции формирования и развития педагогических и управленческих кадров. Руководитель образовательного учреждения должен обладать информационно-управленческими компетентностями. Что такое «компетенция» и «компетентность»?

Многими авторами профессиональная компетентность отмечается через соответствие специалиста требованиям профессии. По мнению А.К. Марковой, о наличии компетентности можно судить по результату труда человека. Каждый работник компетентен в той степени, в какой выполняемая им работа отвечает требованиям, предъявляемым к конечному результату данной профессиональной деятельности.[1]. Г.М. Коджаспирова представляет профессиональную компетентность как владение специалистом необходимой суммой знаний, умений и навыков, представляющих основу формирования профессиональной деятельности, общения и личности специалиста.[2]Л.М. Митина определяет компетентность через совокупность знаний, умений, навыков, способов и приемов их реализации в деятельности, общении и развития личности.[3]С.А. Хазова выделяет под термином «компетенция» - многообразие знаний, умений, личностных качеств, свойств и т.д, которыми должен обладать человек в соответствии со своим местом в социальной и профессиональной действительности. То есть компетенции могут быть описаны в терминах знаний, умений, навыков, опыта и т.д. В то время как термин «компетентность» указывает на соответствие реального и необходимого в личности специалиста, на степень присвоения личностью содержания компетенций. При этом компетентность может характеризовать овладение личностью не одной, а несколькими компетенциями. [5]

Анализ существующего научного знания позволяет развести эти понятия по основанию «потенциальное - реальное» следующим образом. Компетенция - характеристика потенциального состояния личности, а компетентность - характеристика личности, проявляемая в реальной деятельности. Исходя из этого положения можно видеть, что компетентность - это сложная интегральная характеристика, состоящая из комплекса компетенций, содержание которого определяется целями, задачами и характером деятельности.

Компетенция - это заданное социальное и профессиональное требование к подготовке специалиста, необходимое для его эффективной профессиональной деятельности. Проявление наличия компетенций фиксируется лишь в условиях реальной специфической ситуации.[4]

Таким образом, обобщая вышеперечисленное, можно заключить что под компетенцией понимается набор требований к профессиональной деятельности, а под компетентностью – соответствие специалиста этим требованиям.

Для того, чтобы понять сущность «информационно-управленческой компетентности» необходимо разобрать – что из себя представляет «информационная компетентность» и «управленческая компетентность».

В современном мире экспоненциально растет количество информации, необходимой для успешного развития образовательных организаций. К руководителям предъявляются высокие требования в отношении работы с информацией. Понятие информационной компетентности возникло в связи быстрым развитием информационных технологий. Сегодня в ряде источников под информационной компетентностью руководителя понимается следующее:

- способность определять информационные требования к вопросу исследования для формулирования стратегии поиска сведений, ориентированные на эффективное восприятие и оценку информации, а также отбор и синтез информации в соответствии с системой приоритетов;
- способность определять формы представления необходимых сведений, в процессе которой актуализируется работа с различными информационными источниками и ресурсами;
- умение организовывать сведения наиболее благоприятным для анализа, синтеза и понимания способом, позволяющим проектировать оптимальное решение управленческих рисков и педагогических практических задач, а также осуществлять ведение документации образовательной организации на электронных носителях;
- осознавать этические, юридические и политические проблемы использования информационных ресурсов. [6]

Общие требования по информационной компетентности распространяются и на руководителя образовательной организацией. Школа, вуз и другие образовательные учреждения находятся в информационном пространстве, включены в информационные сети, охватывающие все сферы жизни государства. В связи с этим современному руководителю образовательной организацией нужна не просто информационная грамотность, а владение навыками получения и анализа информации, а также составления информационных материалов.

Информационная компетентность руководителя образовательной организации важна еще под одной причине. Процесс образования сегодня связан с широким применением информационных технологий. Качество

образования определяется сегодня информационным обеспечением образовательного процесса. Поэтому информационная оснащенность образовательной организации является необходимым условием сохранения и развития конкурентных преимуществ. В этих условиях руководитель, чтобы выбрать правильную стратегию развития своей организации, должен разбираться в новейших информационных продуктах и аппаратных средствах работы с информацией. Эти навыки и умения входят, на наш взгляд, в информационную компетентность руководителя образовательной организации. [7]

Информационная компетентность в современном научном дискурсе рассматривается как способность ориентироваться в современном информационном потоке и готовность к отбору адекватных информационных педагогических средств; как профессиональное качество и комплекс знаний, умений, навыков и рефлексивных установок во взаимодействии с информационной средой; как базовая составляющая профессиональной компетентности.

Являясь отражением требований к профессиональной деятельности руководителя, информационная компетентность представляет собой системное образование действий, знаний, умений в сфере информации и информационно-коммуникационных технологий, необходимых для решений профессиональных задач. [8]

Специфика профессиональных задач руководителя определяет умственный, творческий характер его труда, предметом которого становится информация. Менеджеру любой сферы важно уметь работать с информацией, что составляет ядро информационной компетентности.

Таким образом информационная компетентность в нашем понимании – владение знаниями, умениями и навыками работы с информацией во всех ее формах, т.е. поиск, обработка, оценка, анализ, и т.д.

Управленческие компетенции являются теми навыками, наличие которых помогает руководителю результативно и эффективно выполнять возложенные на него функции.

Под словосочетанием «управленческая компетенция» - понимают личное или деловое качество, навык, модель поведения, владение которым помогает успешно решать определенную управленческую задачу и добиваться высоких результатов. Отсутствие той или иной управленческой компетенции у человека снижает его компетентность в управленческой сфере. Чем большее количество управленческих компетенций есть в арсенале руководителя, тем более компетентным управленцем он является.

В структуре управленческой компетентности Т.В. Боровикова выделяет следующие компоненты: когнитивный, мотивационно-ценностный, преобразующий.

Когнитивный компонент управленческой компетентности представляется как способность руководителя образовательной организации осуществлять изучение профессиональной ситуации средствами сбора

информации и ее анализа. В результате этого выявляются условия достижений и недостатков, причины возникающих противоречий и проблем.

В структуру этого компонента входят синтез знаний в области экономики, менеджмента, управления персоналом, государственного и муниципального управления, управления проектами, а также практические умения и навыки в этих областях, способы реализации профессиональной деятельности, обеспечивающие наибольшую эффективность управления.

Руководитель, имеющий сформированный когнитивный компонент управленческой компетентности, владеет навыками получения и преобразования информации не только в узкоспециальной, но и над предметной области, умеет оперировать междисциплинарными категориями.

Мотивационно-ценностный компонент управленческой компетентности руководителя образовательной организации предполагает осознание гуманистических ценностей своей работы, необходимость профессионального развития и становления, самообразования, стремление осуществлять управленческую деятельность творчески,

Руководитель, имеющий сформированный мотивационно-ценностный компонент управленческой компетентности, умеет формулировать цели четко, конкретно, выстраивать их иерархию. Такой специалист заботится о последовательности, ресурсобеспеченности целей, а также осознает условия реализации целей, такие как мотивация участников, уровень компетентности специалистов, степень сплоченности коллектива организации.

Преобразующий компонент управленческой компетентности состоит в способности руководителя генерировать новые профессиональные идеи, расширять содержание деятельности, проявлять творчество, оперативно реагировать на изменения внешней и внутренней среды образовательной организации, а также предполагает умение видеть альтернативы при планировании управленческой деятельности. Содержание компонента включает в себя способность определять перспективные и ближайшие цели деятельности организации, выстраивать их иерархию, проводить анализ их реалистичности и ресурсной обеспеченности в плане готовности к реализации. [9]

В управленческую компетентность входят следующие:

Управленческие знания:

- Знания об управленческих функциях
- Знания об управленческих решениях
- Знания о стратегиях организации
- Знания об управлении людьми
- Знания об управлении финансами
- Знания об управлении производственной деятельностью
- Знания об управлении качеством
- Знания об управлении проектами

Управленческие умения:

- Выполнять управленческие функции

- Разрабатывать процедуры, методы, стратегии
- Оценивать условия, влияние, последствия решений
- Анализировать взаимосвязи между стратегиями компаний
- Реализовывать стратегии, проекты организации
- Управлять персоналом, проектами
- Преодолевать сопротивления изменениям
- Внедрять инновации
- Решать управленческие задачи
- Принимать сбалансированные решения
- Применять знания на практике: современную систему управления качеством, применять технологии управления персоналом

Ценности:

- Чувство ответственности за предлагаемые решения и действия
- Гуманистические, демократические, человекоцентрированные ценностные ориентации
- Уважение и осознание значимости других людей
- Ценностное отношение к профессии.

Принимая во внимание вышеуказанные положения, мы пришли к выводу, что в профессиональной деятельности руководителя управленческая и информационная компетентность имеют тесную взаимосвязь. Взаимодополняя друг друга, информационная и управленческая компетентность являются важнейшими инструментами в арсенале современного руководителя работающего в сфере образования.

Информационно- управленческая компетентность руководителя должна включать умения поиска, получения, адекватного восприятия, передачи, оценки, отбора информации, умение организовывать информацию наиболее благоприятным для анализа, синтеза и понимания способом для принятия эффективных решений, а также умения выполнять управленческие функции, разрабатывать процедуры, методы, стратегии, оценивать условия, влияние, последствия решений, управлять персоналом, проектами, решать управленческие задачи, умения использовать современные информационные технологии в своей профессиональной деятельности.

Информационно- управленческая компетентность руководителя структурного подразделения вуза – это соответствие специалиста всем необходимым управленческим и информационным компетенциям.

Использование компетентностного подхода в управлении образовательной организацией становится требованием сегодняшнего дня. Весь цикл процесса обучения, контроля, оценки имплицитно включает в себя использование информационных технологий.

В качестве примера хотим осветить деятельность Центра ситуационного управления при Казахском национальном университете имени аль-Фараби.

Центр ситуационного управления был открыт постановлением Ученого совета университета № 06-22-29013 от 25.07.2016 г. по инициативе ректора



Казахского национального университета им. аль-Фараби, академика Г. Мутанова. Сотрудники Центра в круглосуточном режиме отслеживают все этапы учебно-воспитательного процесса, любые изменения оперативной обстановки на всех объектах университета и имеют возможность в режиме online вмешиваться в ход событий. Проект по созданию не имеющего аналогов среди вузов республики центра является продолжением инновационных преобразований, направленных на повышение эффективности работы и менеджмента вуза.

Центр ситуационного управления – это комплекс специально организованных рабочих мест для персональной и коллективной аналитической работы по оперативному управлению, контролю и мониторингу различных объектов и ситуаций.

Основным назначением Центра ситуационного управления является поддержка принятия стратегических решений на основе визуализации и углубленной аналитической обработки оперативной информации.

Центр обеспечивает решение следующих задач:

- управление в кризисной (чрезвычайной) ситуации;
- мониторинг образовательного процесса, анализ выявленных несоответствий;
- модерирование последствий управленческих решений с использованием информационно-аналитических систем;
- принятие, обработка входящей и исходящей актуальной информации посредством контакт-центра.

В КазНУ им. аль-Фараби запущен уникальный проект информационно-аналитической системы на основе программы PowerBI компании Microsoft, реализация которого осуществляется Центром ситуационного управления совместно с Центром анализа и обработки информации. Power BI — это облачная служба бизнес-аналитики, которая обеспечивает единое представление самых важных бизнес-данных. Отслеживать работоспособность организации с помощью динамических информационных панелей, создавать подробные интерактивные отчеты с помощью Power BI Desktop и получать доступ к данным с помощью приложений Power BI Mobile.

Цель разработки ИАС в контуре корпоративной информационной системы (КИС) КазНУ: создать агрегирующую систему извлечения данных из различных источников КИС, их преобразование и выгрузка в хранилище, с целью построения оперативного и интеллектуального анализа данных для эффективного их восприятия потребителями.

Результатом применения средств ИАС являются:

- регламентные аналитические отчеты, ориентированные на нужды пользователей различных категорий;
- средства интерактивного анализа информации и быстрого построения отчетов пользователями-непрограммистами с использованием привычных понятий предметной области;

- извлечение данных из различных источников, их преобразование и загрузка в хранилище;
- хранение данных;
- анализ данных, в том числе оперативный и интеллектуальный;
- подготовка результатов оперативного и интеллектуального анализа для эффективного их восприятия потребителями.

ИАС позволяют решать такие задачи, как:

- составление консолидированной отчетности и предоставление сводной информации о деятельности вуза (основные показатели деятельности, динамика их изменений и тенденции);
- проведение комплексной оценки деятельности вуза, основанной на постоянном контроле четырех наиболее существенных ее аспектов (учебный процесс, научно-исследовательская деятельность, воспитательный процесс, международная деятельность, финансы, отношения с внешним миром, инновации);
- оперативный мониторинг основных направлений деятельности вуза.

необходимо глубокое знание законов, по которым происходит процесс усвоения знаний, умений и навыков, формирования отношений к людям и явлениям мира.

Педагогу необходимо научиться пользоваться этими знаниями на практике, овладеть опытом, мастерством, искусством их умелого применения. Педагогическая практика нередко требует оценки сложившейся ситуации и срочного педагогического реагирования. На помощь учителю приходит интуиция, представляющая собой сплав опыта и высоких личностных качеств. В воспитательском опыте вырабатывается умение выбрать из арсенала педагогических качеств именно то, которое отвечает требованиям данного момента.

### **Список литературы:**

1. Галузьяк В.М. Проблема личной референтности педагога / В.М. Галузьяк, Н.И. Сметанский // Педагогика. – 1998. – № 3. – С.38–45.
2. Климов Е.А. Образ мира в разнотипных профессиях [Текст] / Е.А. Климов. – М.: Просвещение, 1995. –100-115с.
- 3.Щимеева З.Щ. «Социальный педагог», вестник, серия «Педагогические науки» 1(25),2010г. Алматы, с.38-40.
- 4.Генякова Г.М., «Работа социального педагога», Республиканский педагогико-методический журнал «Социальный педагог» 5, 2009г. Алматы, с.120-121.
- 4.Мардахаев Л.В. Социальная педагогика. М., 2001. с.1-5, 75-76с..
- 5.Мудрик А. В. Социальная педагогика: Учеб. для студ. пед. вузов / Под ред. В.А. Сластенина. – М., 1999 .с.100.

*Смайыл Дәрмен,  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың докторанты*

### **КІТАП – АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІКТІҢ АТАСЫ**

3-қараша – тұңғыш қазақ баспасы ашылған тарихи күн. Өкінішке орай, жыл сайын осы барша Қазақстан руханияты үшін аса маңызды рөл атқаратын айтулы дата ескерусіз қалып келеді.

Шежірелі шегініс жасасақ... 1920 жылы 3 қарашада Қазақ АССР-і Орталық атқару комитетінің «Қазақ мемлекеттік баспасын құру туралы» декреті қабылданды. Алғашқы қазақ баспасы құрылған бұл аса маңызды құндылыққа биыл – 98 жыл.

Бұл туралы белгілі ғалым, жазушы Шериаздан Елеукенов өзінің «Кітаптану негіздері» кітабында былай дейді: 1920 жылы 26 тамызда Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті мен РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің «Қырғыз (Қазақ) Социалистік Кеңес Автономиялық Республикасын» құру туралы Декреті жарияланды. Сол жылғы 3 қарашада

Киргосиздат – Қырғыз (Қазақ) мемлекеттік баспасының ірге тасы қаланды [1].

Аталған құжаттың еліміздегі баспа ісінің ұйымдастырылуы мен қазақ кітабының тарихындағы мәні өте зор. Мәселен, «Қазмембастың» ең бірінші шығарған кітабының өзі «Әліппе» екен. Мұның өзі көп тарихи сырдан хабар береді. Сорақысы сол, «Әліппесін» «Сауат ашуға» айырбастаған бүгінгі қоғам ұлт руханиятының тасқа басылуындағы маңызды сәтті естен шығарып алып жүр.

Осы ереженің негізінде ұлтымыздың тарихында үлкен бетбұрыс жасалды. Қазақ кітаптану ғылымының негізін қалаушы Шериаздан Елеукеновтің мәліметтеріне сүйенсек, «Қазмембас» мекемесінің атқарған қызметіне қарап, оған Қазақстан руханиятына кемел парасат дәнегін еккен баспалардың атасы ғана деп емес, тіпті сол кездегі Ақпарат және коммуникациялар министрлігі деп те қарауымызға болады. Өйткені, «Қазмембас» елді ақпараттандыру саласында тікелей жұмыс істеп, газет шығару мәселелерімен де айналысқан.

«Қазмембас» кейін «Қазақстан» баспасы болып өзгерсе, осы баспаның құрамынан бүгінгі кітап шығару ісіндегі белді-белді «Жазушы», «Жалын», «Балауса», «Мектеп», «Өнер», «Қайнар» т.б. көптеген баспалар дүниеге келген. Демек, 3 қарашаны «Ұлттық баспа күні» ретінде атап өтуімізге толықтай мүмкіндігіміз бар деген сөз.

Кітап – ақпарат таратудың ең көне түрі. Бұқаралық ақпарат құралдарының атасы – кітап. Бүгінгі таңда интернет беттеріндегі көп дүниелердің кітаптан алынғанын да жоққа шығар алмаймыз, көп жағдайда ғаламтордың өзі – кітаптың электронды нұсқасы. Яғни, ақпарат кеңістігінің атасы кітап екенін еріксіз мойындаймыз.

Жалпы кітаптың өзін тас кітап, қолжазба кітап, баспа кітап деп жіктейміз. Салыстырмалы түрде айтсақ, тұңғыш қазақ баспасөзі «Түркістан уалаятының газеті» 1870 жылы жарық көрсе, тұңғыш қазақ баспа кітабы 1807 жылы шыққан. Ал тас кітаптардың тарихы мүлде ары кетеді. Бұл – ақпарат таратудың негізі кітап екенін айғақтай түседі. Бұл мәліметтер Ұлттық Кітап күнін немесе Ұлттық баспа күнін атап өтуге болатынынан хабар береді.

Ұлттық баспа күнін бекіту өзге де еліміздегі рухани құндылықтардың шешілуіне мүмкіндік беретінін айта кетуіміз керек. Мәселен, «Баспа ісі туралы» заң қабылдайтын уақыттың да пісіп жетілгенін ашық айтқанымыз абзал. Бұл бір шетінен Қазақстан баспа ісін, кітап шығару мен тарату, кітапхана ісі секілді ең сүбелі дүниелерді қамтып, елімізде кітаптану ғылымын өрістетіп, кітап оқуды дамыту, электронды кітап жүйесін ілгерілету, авторлардың қаламақы мәселелерін шешуде де жағдай жасайтын еді. Сондай-ақ, бұл заңның қабылдануы қазіргі уақытта жыл сайын дауға айналатын мектеп оқулықтарын шығаруды да бірізге түсіретін бірден-бір басымдық болмақ.

Тағы бір күрделілік, осы салаға тікелей қатысты ұлт парасатын арттыру бағытында қызмет атқаратын «баспагер-редактор» шығармалық иелерін

сомдап шығаруға мүмкіндік беретін «баспа ісі» мамандығын даярлауға ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан жыл сайын грант та аз бөлінеді. Түсінген адамға бұл мамандық иелері қазіргі заманауи дейтін, әдебиетімізді танымал ететін, көп жазушыларға қажет «Әдеби агент» кәсібін де үйренетінін ұғынғанымыз жөн. Сондай-ақ, жазып-сызғандарды оң жамбасқа келетіндей етіп түзеп-күзеумен қатар, «Кітап мәдениеті», «Электронды кітап», «Сандық ақпараттандыру», «Оқу социологиясы мен психологиясы», «Кітап логистика» секілді көптеген руханиятқа тікелей қатысты пәндерді меңгереді. Демек, кітап немесе оқу арқылы адамды және қоғамды өзгертемін деген, инновациялық ойлауға тәрбиелейтін құлшынысы бар жазған-сызғаны арқылы парасат биігін қалыптастырамын деген әрбір тұлғаның еңбегінің тамыр түбінде осы мамандық жатыр. Кітапты тек ағарту деп түсінбейтін, оны тауар ретінде бағалайтын, дұрыс деп мойындалған ақыл-ойды адал ниетпен өзгенің игілігіне трансформациялайтын, одан пайда көретін кез келген адам үшін маңызды. Кітап – білімге құрылған ақпараттық қоғамның төңкерісшіл жетістігі. Онда «футурология» ғылымы сөз ететін адамзаттың болашағы туралы білімдердің жиынтығы да жатыр. Сондықтан, оқу арқылы қоғам мүшелерін тәрбиелеу мен олардың тұлғалық келбетін қалыптастыру, оқу арқылы ой ойлауға, ойлануға жетелейтін өте маңызды дүниелер құндақталған «баспа ісі» мамандығына деген көзқарасты түбегейлі өзгертуіміз керек.

Бүгінгі таңда ақша табудың түрлі жолдарын үйрететін семинар-тренингтер көбейген заман. Барлығы материалдық байлыққа ие болуға шақырады, бірақ рухани баю жағын естен шығарып жатқандары көп. Бір қызығы, ондайлар кітаптарын аударып алса да шығаруға әуес. Айтарымыз, сөзін баспа арқылы тасқа басқандардың істерімен қоса, кітап ісінің де тасын өрге домалатуды күн тәртібіне шығарған жөн.

Біз «Қазақтан неге Нобель сыйлығының иегері шықпайды?» деген сұрақты жиі қоямыз. Ал шет елдерде мұны әдеби агенттер жүзеге асыратынын білгіміз де келмейді. Оның арғы жағынан «аударма ісі» де қылтияды. Жаңа медиа, маркетингтік зерттеулер мен тактикалар, менеджменттік көзқарастардың ұштығы шығады...

Ақыры дүние жүзін айтқан екенбіз, онда елімізге неге ЮНЕСКО көлемінде аталып өтетін Бүкіләлемдік кітап астанасы бәсекесіне қатыспасқа?! Мәселен, биыл Бүкіләлемдік кітап астанасы Афина қаласы болса, 2019 жылғы кітап астанасы ретінде Шарджа (БАӘ) қаласы таңдалынды [2]. Егер Қазақстандағы бір қала «Кітап астанасы» боп таңдалатын болса, сол қалада бір жыл бойы кітап пен руханиятқа байланысты келелі шаралар өтіп, ол жерге бір жыл бойы әлемнің үздік авторлары, көзі тірі классик жазушылары келіп, отандық авторларымыз да әлемге танылып қалар еді, аударылар еді. Меніңше, халықаралық дәрежеде беделімізді арттыру үшін Алматы және Астана қалаларын ЮНЕСКО көлеміндегі «Бүкіләлемдік кітап астанасы» атағына ұсынатын кез келіп жетті.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» атты бағдарламалық құжатын жүзеге асыруда да Ұлттық баспа күнін бекітудің маңызы зор деп есептеймін. Елбасы аталған мақаласында «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай» [3] дейді. Сондықтан, бұл тағы бір демалатын «қызыл күнді» сұрау емес немесе Журналистер күні, Халықаралық баспасөз күні секілді басқа да кәсіби мерекелерге балама күн ойлап табу емес, өз ұлттық келбетінді тану, ұлттық кодыңның кілтін табу. Себебі, тарихи мәні бар латын графикасына көшу жолында да кітаптың рөлі қаншама мәртебелі екені айқын. Сондықтан, Ұлттық баспа күнін бекіту – Елбасы бастамасымен қолға алынған рухани жаңғырудағы Ұлы Дала елінің жаңа бір белесі болары сөзсіз.

Елбасының оқушылармен жүздескен бір кездесуінде «Білім – кітапта. Қазіргі таңда балалардың көбісі компьютерде отырады. Сондықтан, болашақта кітап оқығандар компьютерде отырғандарды басқарады» деген аталы сөз айтқаны бар еді. Өйткені, кітап – білімнің ғана бұлағы емес, дөңгеленген дамудың дінгегі, инновациялық ой ойлаудың тетігі. Сондықтан, ақпарат ғасырында ұлттық кітап ісін дамыту – болашаққа бағдарланған жемісті қадамымыз болары анық.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Елеуменов Ш. Кітаптану негіздері. «Санат» баспасы. – Алматы, 1995. 34-бет.
2. <https://ru.unesco.org/news/shardzha-obyavlen-vsemirnoy-stolicey-knigi-2019-goda>
3. Назарбаев Н. Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар. «Егемен Қазақстан» газеті. 12 сәуір, 2017.

*Төленді Шолпан Қанатқызы  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
Әллеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының  
«Әлеуметтану» мамандығының 1-курс магистранты*

*Ғылыми жетекшісі: социол.ғ.д., профессор  
Абдирайымова Г.С.*

#### **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАРЖЫ ПИРАМИДАЛАРЫ МӘСЕЛЕСІ: ХАЛЫҚТЫҢ АЛДАНУ СЕБЕПТЕРІ МЕН САЛДАРЛАРЫ**


Соңғы уақытта әлемнің барлық елдерінде қарапайым халықтың қалтасын қағуға бағытталған қаржы пирамидалары мәселесі өзекті болып отыр. Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің берген мәліметі

бойынша, қаржы пирамидаларына қатысты тек биылғы 6 айдың ішінде өндіріске 21 қылмыстық іс келіп түскен. Тексерудің нәтижесінде 9 қылмыстық іс сотқа жөнелтілген. Олардан келген жалпы шығын 11 миллион теңгені құрады. Ал іске күдікті тұлғалардың 2,6 миллион теңге көлеміндегі мүлкі тәркіленген. Қалған қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде. Жалпы, осы мерзім ішінде қаржы пирамидасының тұзағына түскен 100-ден астам адам құзырлы органға шағымданған. Алайда адамдар соған қарамастан қаржы пирамидаларына сенуін тоқтатар емес. Мұның соңы жеке қаражатынан айырылумен аяқталады [1].

**Пирамида** (ағылш. *pyramid*; гр. *pyramis (pyramidos)* - монументтік құрылғы) - Қаржы компаниялары колданатын жеңіл табыс тәсілі, күдікті мәміле.

Компания сатқан құнды қағаздарды алған «пирамиданың» төменгі қабатын құрайтын алаяқтыққа тартылған адамдардың ақша қаражаттары, одан бұрын құнды қағаздарды сатып алған адамдарға ішінара төленіп, сондай-ақ кең көлемді жарнамаға жұмсалады және қаржы компаниясының пайдасына алынады. "Пирамида" ерте ме, кеш пе әйтеуір бір кезде құлайды, бұл жағдайда төменгі қабаттағы қатысушылар өздерінің салымдарын жоғалтады, ал компания не күйрейді, не болмаса жаңа "пирамиданы" құруға кіріседі.

Бүгінгі күні бірқатар елдердің заңнамасымен, пирамидалық қаржылық операцияларға тыйым салынған [2].



Өткен ғасырдағы 90-жылдардың басында ТМД елдерінде осындай “пирамидалар” пайда болды. Олардың ең ірілері Ресейде “МММ”, “Русский дом Селенга”, “Властелина”, “Чара”, “Тибет”, т.б.[3].

Жалпы, қаржы пирамидаларын құрушылар адамның пирамидаға тап боғанын түсінбеуі үшін бүркемелеудің жаңа әдістерін ойлап табады. Әдетте, олар өздерін нақты ақша шығарумен онлайн ойындары деп атайды, онда ағаш отырғызу және өсіру қажет, немесе, мысалға, жануарларды сатып алу, оларды өсіру және кейіннен сату, өзара көмек қоры, ақша тымбочкалары және т.с.с. Мәні бір – бірінші кезеңде нақты ақша сомасын салу, ал екінші кезеңде – жаңа қатысушыларды шақыру. Бұның барлығы, бір сөзбен айтқанда қаржылық пирамида деп аталады. 2014 жылдың 17 қаңтарында Бас прокуратурамен әзірленген Қазақстан Республикасының «Қазақстан



Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржылық (инвестициялық) пирамидалардың қызметіне қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы қабылданды. Осы Заңмен қаржылық пирамида түсінігі белгіленді, қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құрған және (немесе) оның қызметіне басшылық жасаған үшін қылмыстық жауапкершілік (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 217 бабы), сондай-ақ оның қызметін жарнамалаған үшін әкімшілік (Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 150 бабы) жауапкершілік көзделген. Сонымен қатар, бүгінгі күні қаржылық пирамидалардың қызметінде халықтың қатысу себептерінің бірі қаржылық-кредиттік заңнама саласында білімнің жеткіліксіздігі, ақшаны ұстау мәдениетінің төмен деңгейі, сондай-ақ азаматтардың ақша жинауы және инвестициялауы болып табылады. Қаржылық пирамидалар заңсыз және дүние жүзінің 39 астам елінде тікелей тыйым салынған [4].

Қаржы пирамидаларының белгілері:

- Қаржы пирамидасын құрушы ұйымның көпшілігінің лицензиясы болмайды және оның қажет еместігіне адамдарды сендіруге тырысады.
- Салымшыларға жоғары кірісті уәде етеді. Немесе адамдарды қарыздарынан мүлдем құтылатындықтарына сендіреді.
- Өз жарнамаларында жоғары табыс инвестициялаудың супер жаңа түрлері арқылы келеді дегенді жиі айтады.
- Салымшыларды көп ойланбай, тезірек ақшасын шотқа салуға итермелейді.
- Сіздің қаражатыңыз тағы бірнеше адам әкелсеңіз, екі-үш есе болып бірден қайтарылады деген ұсыныс жасауы мүмкін.
- Келісім-шартта егер компания қызметі тоқтаған жағдайда салымшыға ешбір ақша төленбейтіндігі ескертіледі.
- Компания туралы мәліметтерді құпия сақтап, ешкімге жария етпеуге тырысады.
- Клиенттерден ақпаратты жария етпеу туралы қолхат алынады
- Сайттары әсіре жарнамаға толы болады[5].

Қазіргі уақытта Қазақстанда да бірнеше қаржылық пирамидалар құрықталып жатыр. Солардың бірі «Questra World» қаржылық пирамидасы. Questra секілді компаниялар Испанияда болғанымен, негізі мекен-жайы Виргин аралдары секілді офшорларда орналасқан. Онымен еншілес Atlantic Global Assent деп аталатын, инвестициялық деп айдар тағылған тағы бір компаниясы бар. 2016 жылдан ресми тіркеліп, қызметін бастаған. Жұмыс істеу тәсілдері – қысқаша түсіндірсек, азғана салым салу арқылы, жоғары пайыздарға ие болып, аз ғана уақыттың ішінде адамдарды мол пайдаға кенелетініне сендіру. Аталған қаржы пирамидасында адам ай сайынғы салым сала отырып, (1-сурет) түрлі-түсті түстер негізінде белгілі бір деңгейге көтеріле береді. Адамдардың бұған тез сеніп қалуының тағы бір сыры, ғаламторда бұл шетелдік

компания жетістіктері туралы өте мол ақпараттар берілген және аз ғана ақшамен зәулім сарайларға, қымбат көліктер мен қайықтарға ие болған адамдар туралы мәліметтер орналастырылған.

 QUESTRA HOLDINGS	Стоимость портфеля	Доход в неделю	Доход в месяц	Доход в год
 White	90 €	4 €	16 €	187 €
 Yellow	270 €	11 €	49 €	590 €
 Green	810 €	37 €	161 €	1 934 €
 Blue	2 430 €	121 €	525 €	6 299 €
 Red	7 290 €	379 €	1 640 €	19 683 €
 Black	21 870 €	1 312 €	5 686 €	68 834 €
 Standard	90 - 9 990 €	5 - 599 €	23 - 2 597 €	281 - 31 168 €
 Stable	2 500 €	113 €	487 €	5 850 €

1-сурет. «Questra World» қаржылық пирамидасына салынатын салым бойынша деңгейлер

Аталған компанияның жұмысшылары ықтимал клиентерге консультация беріп, атап айтқанда, сайтта шоттарды тіркеуге көмектесіп, «Банк Центр кредит» АҚ арқылы ақша қаражатының аударылуына ықпал еткен.

Осының негізінде, ағымдағы жылдың мамыр айында «Questra World» қызметінде қаржылық пирамида белгісінің болуына байланысты сотқа дейінгі тергеп – тексеруі басталды. Әрі қарай, қылмыстық іс негізгі қылмыстық іспен бірге тергеу үшін ҚР ПМ-ге жолданды.

Электронды төлемдердің дамуына байланысты нарықта бұл құралдарға қаржыны инвестициялаудың пайдасы туралы ұсыныстар көп. Алайда, оны қалай жасауды барлығы бірдей білмейді.

Алаяқтар осы жағдайларды пайдалануда. Қаржылық пирамидалардың адал ұйымдардан айырмашылығы неде?

**Біріншіден**, олар жаппай адамдарды үлкен пайдаға кеңелуге уәде беріп тартады. Мұндай кірістілікті бантер де, басқа ұйымдар да қамтамасыз ете алмайды. Бұл үрей тудыру қажет.

**Екіншіден**, олар көп жағдайда шет елдерде тіркелген, құрылтайшылары белгісіз, ақшалар шет елге шығарылады.

Олардың өкілдері алынған қаржыларды қалай табатындығы мен оларды қайда салу туралы нақты және анық түсіндіре алмайды. Оның орнына

сіз мықты әріптестері мен жобалары туралы дайын әңгімелер естіп, сізге әдемі буклеттерді көрсететін болады.

**Үшіншіден**, олар әрдайым сізбен жаңа клиенттерді тартқаныңызды қолдап, ол үшін сізге қосымша табысты уәде етеді.

Барлық бұл белгілер сіздің Қазақстанда қызметі мен жарнамасына тыйым салынған қаржылық пирамидаға тап болғаныңызды көрсетеді (*ӘҚБтК 150-бабы, ҚР ҚК 217-бабы*).

Бірақтар әлем елдерінде тиісті заңнама талаптарына сәйкес пирамидалық қаржылық операцияларға тыйым салынған. Ал Қазақстан Республикасында Қылмыстық кодекстің 217-бабында «Қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру және оған басшылық ету» деп аталатын арнайы бап бар. Онда мұндай қаржылық ұйым құрып, тартылған қаражатты кәсіпкерлік қызметке пайдаланбай жеке және заңды тұлғалар есебінен табыс табу жөніндегі қызметті ұйымдастырған немесе оған басшылық жасаған адамның мүлкі тәркіленіп, 1000-нан 3000 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айып салынады. Немесе үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан шектеліп немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасына кесіледі. Ал ең ауыр жағдайда, яғни, 3-бөлігі бойынша айыпталған азамат 5 жылдан 12 жылға дейінгі мерзімге сотталады [6].

Қазіргі таңда қаржылық пирамидалар ішкі мазмұнын сақтай отырып, сыртқы түрін өзгерту үстінде. Яғни, қой терісін жамылған қасқырға ұқсайды. Бұрынғы пирамидаларда жұрттың ақшасын жалған жоба мен түсініксіз қорларға құю ұсынылып келді. Ал күні бүгін халықты зауыт пен кен орындарын дамыту секілді псевдоматериалдық құндылықтарды жасауға шақырады.

Сондықтан мұндай пирамидалардың жұмысы алаяқтық жолмен жүзеге асатындықтан, аса сақ болған абзал!

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Егемен Қазақстан ақпараттық порталы, интернет ресурс: <https://egemen.kz/article/qarzhy-piramidas-y-da-bir-qaqpan-da-bir>
2. Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық. - Алматы: «Жеті жарғы» баспасы, 2008 жыл. ISBN 9965-11-274-6
3. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, VII том
4. Ақмола облысы прокуратурасының ақпараттық порталы, «Қаржылық пирамида», 2016 ж.
5. 7kun.kz ақпараттық порталы, «Қаржы пирамидаларының белгілері» Интернет ресурс: <https://7kun.kz/arzhy-piramidalaryny-belgileri/>
6. Батыс Қазақстан облысы прокуратурасының ақпараттық порталы, «Экономикалық қылмыстар», 2017 ж.

*Тулбаев Нурбол*  
*PhD докторант 1 курса (специальность социальная работа)*  
*кафедра социологии и социальной работы*  
*Казахский национальный университет им. аль-Фараби*

## **ОБЩЕСТВЕННОЕ ВОСПРИЯТИЕ И ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ СТАТУС СОЦИАЛЬНОЙ РАБОТЫ: ЗАРУБЕЖНЫЕ ПРАКТИКИ ИССЛЕДОВАНИЙ**

Социальная работа является относительно молодой специальностью в Казахстане и получает все более активное развитие в последние годы. Профессия социальной работы носит междисциплинарный характер и имеет широкий профиль оказываемых услуг. Учитывая эти факторы достаточно сложно сформировать точное представление о фокусе профессии социальной работы. В этом рассматриваемом аспекте, актуальным становятся исследование общественного представления и понимания людей о социальной работе и социальных работниках; источников доступной информации о данной профессии; факторов формирования и поддержания данного представления и имиджа социального работника, также как, и демографических факторов, связанных с восприятием социальной работы как профессии и деятельности социальных работников в целом. Все более важным становится понимание и восприятие общественностью статуса социальной работы, поскольку именно общественность является основным потребителем услуг социальных работников.

Сегодня становится очевидным, что профессия социальной работы в Казахстане, несмотря на интенсивность своего развития, сталкивается с определенными трудностями, связанными с процессом статусной профессионализации. Помимо структурных проблем, существующих в силу естественного и исторического развития социальной работы, таких как социальная солидарность и сохранение традиций поддержки, существуют ограничительные барьеры в развитии социальной работы именно в Казахстане. Как отмечают многие исследователи, одним из таких барьеров является отсутствие доступной информации о социальной работе и ее возможностях, а также сформировавшийся в казахстанском обществе несколько негативный образ социального работника.

Последнее, а именно трансформация образа и общественного восприятия социальной работы должна начинаться с четкого понимания и определения ее роли и миссии [1]. Поскольку, именно деятельность социальных работников включает «прямую практику с клиентами, организацию сообщества, надзор, консультативное управление, информационно-пропагандистские, социальные и политические действия, разработка и осуществления политики, образования и исследований и оценка» [2].

Результаты западных исследований об общественном восприятии социальной работы демонстрируют существующее негативное восприятие профессии социальной работы, обусловленное неправильными представлениями о данной профессии, стереотипами, ошибочным и негативным изображением социальной работы в средствах массовой информации. Отсутствие достоверной информации и знаний о социальной работе, множестве услуг и функций, которые предоставляют социальные работники в рамках своей профессии способствуют формированию негативного восприятия профессии. Вместе с тем, междисциплинарный характер социальной работы также способствует негативному восприятию общественности, вследствие невозможности отличить социального работника от других профессионалов.

Необходимость формирования позитивного имиджа социальной работы и социального работника актуализирует вопрос об изучении общественного восприятия социальной работы. На сегодняшний день сложившееся представление о социальной работе имеет место быть ограниченным и не отражает суть профессии, что, следовательно, ведет к формированию негативного имиджа социальной работы как о неэффективном подходе к решению проблем социально-уязвимых слоев населения. Важность изучения общественного восприятия как фактора эффективности социальной работы определяется противоречием между высокой значимостью данной работы для общества и ее низким престижем среди населения. Существующее отрицательное общественное восприятие социальной работы может привести ко многим серьезным последствиям, включая недоверие со стороны населения, негативную стигматизацию, уменьшение количество услуг, оказываемых нуждающимся, снижение количества социальных работников.

В свою очередь, понимание сложившегося восприятия социального работника и социальной работы как профессии, а также формирование корректного восприятия данной профессии будет способствовать снижению сопротивления клиентов и позволяя тем самым социальным работникам более эффективно и продуктивно взаимодействовать с клиентами на доверительной основе. Также, формирование благоприятного имиджа данной профессии позволит снизить ментальный барьер населения Казахстана для запроса и получения социальных услуг. Не имея полной информации и понимания о спектре социальных услуг, оказываемых социальными работниками, потенциальные клиенты могут не понимать, что потенциальное решение проблем, с которыми они столкнулись напрямую связано с обращением и взаимодействием с социальным работником.

В целом, улучшение восприятия и имиджа социального работника способствует формированию доверительной основы, которая необходима социальным работникам для практики как отдельными индивидами, так и с сообществами, облегчая как вовлечение индивидов в общественные действия, так и привлечение поддержки для финансирования социальных услуг из негосударственных и сторонних организаций. Также, определение

основных источников, влияющих на формирование общественного восприятия является ключевым в понимании причин низкого общественного статуса социальной работы и социальных работников. Вместе с тем адекватное представление специфики профессии социальной работы и функций социального работника позволит увеличить спектр, а также повысить эффективность предоставляемых услуг категориям населения, нуждающихся в этом. Немаловажным является и тот факт, что общественное восприятие социальной работы влияет и формирует профессию и в течение длительного периода времени. Соответственно, формирование позитивного имиджа социального работника будет способствовать набору талантливых социальных работников широкого спектра в будущем.

В 2004 году Национальная ассоциация социальных работников (NASW) провела серию из восьми фокус-групп, шесть из которых привлекли участников из числа широкой общественности, а две из них состояли из социальных работников. Цель этих групп состояла в том, чтобы помочь сформировать свою кампанию по государственному образованию, которая началась в 2005 году. Результаты показывают, что в обществе существует сложившееся общее негативное восприятие профессии социальной работы. Существует несколько причин, чтобы объяснить отрицательное общественное восприятие включая общие стереотипы и неправильные представления, негативное представлениесоциальной работы в средствах массовой информации, отсутствие доступной информации о социальной работе иуслугах, предоставляемых социальными работниками [3]

В 2004 году в США Лекрой и Стинсон провели опрос путем случайного телефонного опроса в котором приняло участие 386 респондентов, где 60% респондентов отметили положительное восприятие профессии социальной работы и самих социальных работников. Участники исследования рассматривали социальную работу как профессию в которой доминируют женщины, почти все респонденты (91%) определили главную роль социальной работы как«защита ребенка». Это является свидетельством того, что общество в целом имеет неправильное понимание о ролях и функциях социальных работников, и вследствие чего,они могут только идентифицировать стереотипную роль социальных работников.

Лекрой и Стинсон также обнаружили, что основным источником формирования восприятия и информации для респондентов является личный контакт с социальным работником. Более трети (35%) респондентовпринималикакую-либо помощь от социального работника, еще 32% получали информацию о социальных работниках изразличных средств массовой информации (например, телевидение, фильмы, журналы, книги и газеты).Около половины респондентов считают, чтодля осуществления практической деятельности социального работника необходима только степень бакалавра, в то время как одна треть респондентов считает, что необходима и степень магистра. Полученные данные также свидетельствуют о недостаточной осведомленности населения

в целом об обучении и о существующих образовательных программах по социальной работе.

Кроме того, исследователи спросили респондентов, как бы они отнеслись к социальной работе как к будущей профессии своих детей. Согласно результатам исследования среди возможных вариантов карьерных траекторий, социальная работа как профессия получила наименьшее одобрение в качестве будущего выбора для детей респондентов в сравнении с остальными смежными профессиями. Авторы признают, что результаты исследования могут быть ограничены из-за большего процента женщин среди респондентов, которые вероятно более осведомлены о профессии социальной работы и соответственно могут давать ей более благоприятную оценку [4].

Целью аналогичного исследования, проведенного в Израиле 2015 году является изучение восприятия израильской общественностью социальной работы и социальных работников, осведомленность населения о роли, выполняемой социальными работниками, также о их профессиональной подготовке, необходимой для осуществления деятельности социального работника, условия их трудоустройства. Также изучение образа социального работника, сложившегося в израильском обществе, отношения к социальным работникам, их профессиональному ранжированию были представлены по сравнению с другими профессиями в данном же контексте.

Имеющаяся информация и сложившееся восприятие формируют общественное мнение о социальных работниках. Позитивное восприятие способствует росту общественного доверия к социальным работникам и количеству обращений, консультаций и помощи при необходимости. Вместе с тем, существующий негативный имидж отождествляющийся с социальными работниками (которые воспринимаются как те, кто забирает детей от родителей, непрофессионалов неспособных искренне помочь) и стыд, связанный с обращением к социальному работнику, основанный на предвзятом мнении, что их задача – забота, в первую очередь о неблагополучных семьях.

Например, изучая опыт развития социальной работы в Израиле, можно отметить что она не имеет высокого профессионального престижа. Многие социальные работники в Израиле считают, что их условия занятости сложны, улучшения на протяжении многих лет без ощутимых изменений. Изменения требуют широкой общественной поддержки, без которой агитационной группе трудно добиться защиты своих прав и интересов в продвижении социальной политики в обществе. Кроме того, сложившееся восприятие профессии как менее престижной по сравнению с другими смежными профессиями не только снижает готовность людей к поддержке специалистов данной профессии, но также значительно снижает вероятность ее выбора в качестве карьерной траектории при наличии более престижных возможностей.

Так, в ходе исследования респондентам был представлен список убеждений по отношению к социальным работникам и социальной работе как профессии. Респондентам было предложено указать степень согласия с данными убеждениями используя шкалу Лайкерта. По результатам исследования, 43,9% респондентов отметили, что социальные работники занимаются группами, которые не пользуются большим уважением со стороны членов общества и 67,1% респондентов отметили что не воспринимают социальную работу как престижную карьеру. Несмотря на то, что в Израиле большинство социальных работников женщины, 44,9% респондентов считают, что характер данной профессии не подходит женщинам. Вместе с тем, 21,3% респондентов считают, что сами социальные работники демонстрируют предвзятое отношение в своей профессиональной деятельности. По мнению 26,1% респондентов средства массовой информации склонны изображать социальных работников в отрицательном свете. Около трети респондентов считают, что социальные работники имеют возможность влиять на формирование и осуществление социальной политики по определенным вопросам, касающимся их деятельности, тогда как 34,9% считают, что социальные работники этого не делают. 36,3% респондентов заявили, что социальные работники в израильском обществе не заботятся о своих клиентах. Более того, 51,8% респондентов заявили, что работа социальных работников основана на социальной идеологии и профессиональной этике (57,6%). 75% респондентов считали, что количество социальных работников недостаточно и 73,2% считают, что необходимо увеличить число социальных работников в Израиле [5].

В мае 2015 года в Турции из 6150 выпускников по специальности социальная работа, 4625 трудоустроены в государственные учреждения, 2381 заняты в Министерстве по делам семьи и общественной политики, 938 работают в министерстве здравоохранения, 449 в министерстве юстиции [6]. В ходе исследования, проведенного в 2015 году в Турции исследователи стремились ответить на следующие вопросы: знакома ли общественность о профессиональном статусе социальной работы; каковы источники информации формирующие общественное восприятие социальной работы как профессии? Каково общественное восприятие социальной работы и социальных работников?

Согласно сложившемуся общественному восприятию данной профессии, важно знать следующее: какие группы являются целевыми группами клиентов социальных работников, каковы их роли и функции; в целом, отношение к профессии социальной работы и социальным работникам. Это исследование представляет собой кросс-секционный опрос, который был разработан для оценки отношения к профессии социальной работы и социальным работникам, проведенный в декабре 2015 года в городе Маниса методом кластерной выборки, в котором приняли участие 500 респондентов. Согласно опросу, значительное число респондентов считают, что социальные работники работают только с детьми, нуждающимися в защите (93,4%), с



инвалидами (93,4%), с сиротами (92,2%), с пожилыми людьми (91,8%), с бедными (91,6%), с брошенными людьми, нуждающиеся в уходе (91,2%), а также с жертвами бытового насилия (84,6%).

79,2% респондентов утверждают, что деятельность социальных работников напрямую связана с преступниками и осужденными, их реинтеграцией в общество. 75,8% респондентов утверждают, что социальные работники помогают в защите прав пациентов, и 65,5% респондентов отметили, что они помогают людям адаптироваться к тяжелым болезням и процессам лечения. Также респондентам было предложено определить отношение к профессии и социальным работникам при помощи шкалы Лайкерта. В общей сложности, 89% респондентов согласились с утверждением, что «социальная работа - необходимая профессия», 80,3% респондентов считают, что «профессия социального работника недостаточно престижна в обществе», 84,7% респондентов согласились, с тем, что «они порекомендуют своим знакомым обратиться к социальному работнику, если им понадобится помощь», 80,8% респондентов согласились, что «они будут думать о получении поддержки от социального работника, если будет необходимость». Кроме того, 66,7% участников исследования считают, что «социальная работа» это очень трудная работа», 56% респондентов считают, что «социальные работники работают в рискованных условиях», в то время как 53,5% считают, что «социальные работники не имеют той репутации, которую они заслуживают в обществе». Более того, 83,4% респондентов не согласились с заявлением «социальная работа - это профессия для женщин» [7].

Таким образом, необходимость формирования позитивного имиджа социальной работы и социального работника актуализирует вопрос об изучении общественного восприятия социальной работы. Одним из важнейших элементов которого является понимание предпочтений людей, оказавшихся в трудной жизненной ситуации в поиске помощи от различных профессионалов для решения конкретных проблем. Актуальным остается и изучение основных источников влияния на формирование общественного восприятия, в том числе анализа понимания низкого общественного статуса социальной работы и социальных работников в Казахстане. Вместе с тем правильное понимание специфики профессии социальной работы и функций социального работника позволит увеличить спектр, а также повысить эффективность предоставляемых услуг категориям населения, нуждающихся в этом. Немаловажным является и тот факт, что общественное восприятие социальной работы влияет и формирует профессию и в течение длительного периода времени. Соответственно, формирование позитивного имиджа социального работника будет способствовать набору талантливых молодых людей, выбирающих профессию – социального работника в будущем.

В целом, как видится, изучение общественного восприятия профессии социальной работы, а также профессионального статуса социального работника в Казахстане позволит расширить научные представления об

особенностях отношения населения социальной работы в Казахстане; сравнить качественное влияние факторов на уровне системы и подсистемы на формирование общественного восприятия социальной работы и социальных работников, а также создать комплексную модель с учетом внутренних и внешних факторов, формирующих это восприятие. Позитивное понимание и восприятие социальной работы в казахстанском обществе формируют широкую общественную поддержку и доверие людей, которые в свою очередь способствуют достижению профессиональных целей данной профессии и ее специалистов, развитию социальной работы как профессии и укреплению как академической дисциплины в университетах.

#### **Список использованных источников:**

1. Corvo K., Selmi P., S.M. Montemaro (2003) 'Icons of Conformity: The Marketing of Social Work Education', Journal of Community Practice 11(1): 85–99.
2. NASW, 2008, preamble
3. Agresta, J. (2004). Professional role perceptions of school social workers, psychologists, and counselors. Children & Schools, 26(3), 151-163.
4. Lecroy C., & Stinson E. (2004). The public's perception of social work: Is it what we think it is? Social Work, 49(2), 164-174.
5. Kagan M. Public attitudes and knowledge about social workers in Israel, Journal of Social Work 2016, Vol. 16(3) 322–343
6. Association of Social Workers – SHUDER (2017) Türkiye'de sosyal hizmet uzmanı sayıları ve istihdam açısında durumları'. Available online at: <http://www.shudernegi.org/?pnun=175&pt=T>
7. Bolgün C., Sahin F. Public perception and attitudes about social work in Turkey, International Social Work 1 (14), 2018:1-14

*Үмітбек Перизат Нұрмаханқызы*  
*«Әлеуметтану» мамандығының 1 курс магистранты*  
*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті*

#### **ЖЕТІМДЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАҒА БЕЙІМДЕЛУІ**

*Түйіндеме.* Мақалада әлеуметтік кризис салдарынан ата-ананың қарауынсыз қалған балалардың мәселелері қарастырылған. Отбасылық өмірден балалар үйіне бейімделу кезіндегі балаларда кездесетін түрлі қиындықтар көрсетілген.

Бүгінде мемлекеттік органдар мен қоғамды әлеуметтік қауіп жағдайында тұрған отбасылар мен балалар санының өсуі, өсіп келе жатқан жас ұрпақтың физикалық және психикалық денсаулықтарының төмендеуі,

әлеуметтік жетімдер санының өсуі, қараусыздық пен панасыздық, балалар мен жасөспірімдер арасындағы нашақорлық пен қылмыскерлік сияқты күрделі мәселелер алаңдатуда. Солардың бірі - балалар үйінде тәрбиеленетін балалар мәселесі.

Баланың отбасылық өмірден балалар үйіне ауысу жағдайындағы бейімделу кезіндегі, әлеуметтік нормаларды игеру қиындықтарымен, отбасындағы қолайсыз жағдайлар салдарынан отбасында болатын қарым-қатынас үлгілері жайлы түсінік бұрмаланған, қисынсыз түрде болуымен, дамуында тежеліс байқалған клиникалық белгілер мен ілеспелі соматикалық аурулар – осы көрсетілген белгілер әлеуметтік депривация салдары болып табылады.

Қазақстан Республикасында соңғы жылдары жетім балалар мен ата-анасынан ажыратылған, яғни олардың қамқорлығынсыз қалған балалардың жағдайы көпшілікті толғандыруда. Бұл мәселе Қазақстан Республикасының «Қазақстан-2030» даму стратегиясына сай жетім балалар үйіндегі тәрбиелініп жатқан әрбір ұрпақтың жеке адам ретінде қалыптасуының шешуші факторы ұлттық тәрбие деп көрсеткен. Жетім балалар тәрбиесіне қазіргі кезде ұлттық тәрбие тұрғысынан да көңіл бөліп, оларды тұлғалық қалыптастыру мәселесі бүгінгі күн талабы. Балалар үйінде тәрбиеленуші баланың жеке тұлғасының әлеуметтік қалыптасуының өзіндік ерекшелігі бар. Оның іс-әрекеті толығымен тәртіпке салынып қадағаланылады, бұл бала дамуында артта қалушылықты, масылдықты, жеке басы еркін ұйымдастырудың төменгі деңгейін туындатады. Сонымен қатар, әлеуметтендіруге байланысты ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде әлеуметтендіру деңгейлері мен факторлары және «әлеуметтендіру», «бейімдеу» ұғымдары бөліп қарастырылады. Жетім балаларды әлеуметтендіру мәселесін шетелдік, отандық ғалымдардың зерттеулеріне, тәжірибелерге сүйене отырып, теориялық, практикалық тұрғыда сипаттау қазіргі педагогика іліміндегі мұндай өзекті мәселені шешуге себеп болады.

Көптеген теориялық деректерді талдау барысында біздің тарапымыздан қазіргі жағдайда жетім балаларға көмек көрсету жүйесінде жетім балалар тәрбиеленетін мекемелер қызметінің бірнеше жұмыс бағыттары айқындалды. Олар: әлеуметтік, медициналық, психологиялық, ұйымдастырушылық-тәрбиелеушілік. Мұндағы тәрбиеленушілердің қоғамдық ортаға бейімделуі баланың әлеуметтік статусына сай емес, медициналық тұрғыдан бұл типтегі балалар тұқым қуалаушылық тұрғысынан дертке шалдыққан немесе жүйкелері тозу арқылы ашушаң, ызақор болып келеді. Мұның барлығы айналып келгенде олардың әлеуметтенуіне кедергі келтіріп, әлеуметтендірудің тиімділігін төмендетеді яғни, балалар шынайы өмірге даярланбайды. Оларды қоғамдық өмірге даярлауда өздерімен қатар бірге алып жүретін адамдардың қажеттігі туындайды. Олар ең алдымен әлеуметтік педагогтар, содан кейін психологтар, жалпы педагогтар. Оларды әлеуметтендіруге қиыншылық тудыратын себептерге тоқталар болсақ, олар әлеуметтік бейімделу деңгейлерінің, әлеуметтік белсенділіктерінің,

әлеуметтік құзыреттіктерінің, әлеуметтік құндылықтарының қалыптасуы төмендегідей болып отыр. Оларды әлеуметтендіру әлеуметтік педагогтар-тәрбиеші-педагог-қоғам жүйесі арқылы іске асырылуы тиіс деген тұжырым жасауға болады. Демек, жетім балаларға әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан көмек көрсету, өмір сүруге үйрету, өзімен қатар алып жүру әлеуметтік педагог, психологтардың, тәрбиешілердің, кәсіби іс-әрекеттерінің жүйесі болып табылады. Бұл жетім балаларды өзімен қатар алып жүру баланың бойындағы жеке қасиеттерге сүйену арқылы іске асырылады. Жетім балалардың тұлғалық әлеуметтенуіне бағытталған педагогикалық алғы шарттар жасалуы және теориялық тұрғыдан жүйеге келтірілуі, әдістемелік тұрғыдан нақты қарастыру, кезек күттірмейтін мәселе деп айтуға болады. Балалар үйіндегі тәрбиеленушілер шектеулі қарым-қатынастың шеңберіндегі әлеуметтік байланыстардың тұйық жүйесінде өмір сүреді. Отбасының, білім беру жүйесінің әлеуметтендіру әсері барынша кемиді, достарымен, құрдастарымен қарым-қатынас шеңбері тарылады. Қоғам мекемедегі баланы шеттетіп, оны өзінен және де мәдени құндылықтар мен заңдылықтардан алшақтатады. Балаға қоғамнан алшақтату жағдайында әлеуметтік мәдени тәжірибені жеткізу қиындайды, ол ересек болған кезде де орны толмас тапшылық болып қалады [1].

Тәрбиені бала тұлғасының әлеуметтенуінің психологиялық-педагогикалық құрамдас бөлігі ретінде санау тұжырымдамасы (О.С.Гребенюк, А.В.Мудрик, М.И.Рожков); әлеуметтік ортаны баланың тұлғалық қалыптасуындағы өте маңызды детерминант ретінде қабылдауға бағытталған педагогикадағы әлеуметтік-рөлдік тұжырымдама (Н.М.Таланчук, В.П.Созонов); жетім балаларды өмірге бейімдеуде қолданылатын әлеуметтік-психо-логиялық қолдауды ұйымдастырудың басты психологиялық жағдайларының әдістемелік негіздерінде әзірленген әлеуметтік-психологиялық қолдау мен жәрдем теориясы (Л.И.Аксенова, А.В.Мудрик, Х.Т.Шерьязданова, Ю.Н.Галагузова, Б.А.Расчетина, А.А.Тынышбаева), интегративті тұлғалық құрылым ретінде көрінетін әлеуметтік-психологиялық жұмысқа ұстаздардың кәсіби жеке дайындығы тұжырымдамасы (Г.Ж.Меңлібекова) мазмұндап отыр. Жұмыс аясында зерттеу мәселелері бойынша психологиялық әдебиеттерді талдау, тұлғалық бағыттаушы сипатты технологиялық үлгіні қолдана отырып, балалар үйіндегі әлеуметтік-психологиялық қолдауды ұйымдастыру жүйесінің тәжірибесін оқып-үйрену, балалар үйінде тәрбиеленушілердің әлеуметтенуін әлеуметтік-психологиялық қолдау бағдарламаларын жобалау, әлеуметтік-психологиялық диагностика (сауалнама, бақылау, тестілеу, әңгімелесу), психологиялық тәжірибелік эксперимент әдістері қолданылды [2].

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1959 жылдың 20 қарашасында 1386 (XIV) қарарымен қабылданған «Бала құқықтары Декларациясында», 1989 жылдың 20 қарашасында қабылданып, 1990 жылдың 2 қыркүйегінде күшіне енген «Бала құқықтары туралы Конвенцияда» бала өмірі мен денсаулығы, білім алуы мен тәрбиесі жан-

жақты қаралған. Балалар үйі, интернаттар жағдайындағы «жабық» орта сенсорлық «аштық» тудыра отырып кез-келген жастағы адам баласына зиянды болып есептелінеді. Әсіресе, жаңа дамып, өсіп келе жатқан бала психикасы үшін оның зардаптары өте көп. Осы балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің мәселелері аса күрделі жағдайда. Бұл жағдайға қатысты өзекті мәселелердің негізгілері мыналар: жетім балалар денсаулығына деген әлеуметтік қамқорлықты күшейту, олардың құқығына қол сұқпау, қоғам өмірінің барлық салаларына толық араласуға жағдай жасау. Балалар үйі мен интернаттың тәрбиеленушілерінің ішінен жоғары оқу орындарына түсіп, түрлі салаларда қызмет атқарып, қоғамдық өмірге белсене араласып жатқандары бар екені белгілі. Дегенмен, қазіргі кездегі балалар үйіндегілердің барлығы бірдей жетім балалар емес. Мұндай мекемелерде ата-аналық құқынан айырылғандардың балалары, жалғызбасты ата-аналардың балалары, ата-аналары тастап кеткен балалар, ауруына байланысты әрекетке жарамсыз деп танылғандардың балалары, ата-анасы сотталып кеткендердің балалары, жетім және тастанды балалар тәрбиеленеді. Бұларды «әлеуметтік жетімдер» деп атайды. А.М.Прихожан, Н.Н.Толстых зерттеулері бойынша мынадай мәліметтерді білуге қол жеткіздік. Балалар үйінде тәрбиеленушілердің көптеген жағдайда өздерінің жеке құндылықтары, әлеуметтік беку жайлы ұғымдары жоқ болады, бұл терең эмоционалды жайсыздыққа (дискомфортқа) әкеліп соғады, ал ол өз кезегінде агрессия мен мазасызданудың пайда болуына себепші болады. Мазасыздану - болатын қауіп-қатерді күтуге орай эмоционалды жайсыздықты бастан кешу жағдайы [3].

Ресми ақпараттарға сүйенсек, Республикамызда 75000 жетім бала бар, олардың 660 интернат ұйымдарында тәрбиеленуде, олардың ішінде: жалпы және санаторий түріндегі мектеп-интернаттарда - 37 541 бала, мектеп жанындағы интернаттарда - 15 096 бала, балалар үйлері мен жетім балаларға және ата анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттарда - 12 574 бала, кемтар балаларға арналған түзеу мекемелерінде - 12 599 бала, ерекше тәрбиелену жағдайларына мұқтаж балалар мен жасөспірімдерге, мінез құлқы девиантты балаларға арналған мектеп-интернаттарда - 884 бала, отбасы үлгісіндегі балалар ауылдарында – 281 бала, отбасы үлгісіндегі балалар үйлерде тәрбиеленуде. Жетім қалған балалардың негізгі бөлігі білім беру және әлеуметтік қорғау органдарының интернат мекемелерінде тәрбиеленуде. Мұндай мекемелерде бала, бірінші кезекте, ата-анасының қамқорлығына зәру, бұл оның табиғи дамуына кері әсер етіп, нәтижесінде ауыр психологиялық салдарларға әкелуі мүмкін. Балалар еркін қоғамдағы жауапты өмірге дайын болуға тиіс. Ал жетім бала балалар үйінен түлек болып шыққаннан кейін күн сайын ересектердің көмегінсіз бастан кешіруіне тура келетін түрлі проблемаларды шешуге қауқары жоқ. Балалар үйлері түлектерінің ішінде олардың қатарластарына қарағанда, қылмысқа қатысушылар немесе қылмыс құрбандары неғұрлым жиі ұшырасады, жұмысынан немесе тұрғын үйінен неғұрлым жиі айрылады,

ал өз отбасын әрең құрса, оның нашақорлық немесе маскүнемдік жолға түсуі тіпті оңай, сонымен қатар олардың арасында суицид құрбандары да жиі кездеседі. Бұл - олардың жеке-дара өмірге енуінің үлкен қиындықтармен ұштасып, әр уақытта табысты жүрмейтінінің белгісі [4].

Қазіргі таңда халықтың адамгершілік және материалдық саулығын өзгеріске әкеле жатқан әлеуметтік дағдарысқа байланысты ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар үлкен мәселеге айналып отыр. Сондықтан балалар үйлері қоғамнан жоғалмайды, керісінше саны жағынан өсуде. Жетімдерді тәрбиелеудің тарихы адам тарихы сияқты көне болып келеді. Оларды тәрбиелеу тарихи арнайы мекемеде қысқаша айтқанда көп уақытты құрайды. Ал, жетімдер жайлы ғылыми зерттеулер тарихы және интернаттағы шарттардың арнайы құрылымы тым қысқа. Сондықтан да ата-анасыз балаларға психологиялық көмек жайлы біз сөз қозғауымызға тура келеді. Ол мәселе дәл қазіргі жағдайдағы көз алдымызда өтіп жатқан мәселелерімен тығыз байланысты. Яғни бұл әлеуметтік-қоғамдық мәселелер қазіргі таңда ең қажетті өзекті мәселе болғанымен де ол жайында ғылыми зерттеулер аса мол еместігі рас. Балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің дамуы жайындағы алғашқы психологиялық зерттеулер ХХ ғасырдың 20-жылдарында қарастырылған. Бұл жылдары психоаналитикалық теориялардың ықпалымен психология ғылымында көптеген сенімдер талқыланды. Яғни бұл бала өміріндегі кездесетін жеке адам болып қалыптасу мәселелері екені анық. [3] Балалар үйінің тәрбиеленуші балаларының барлығы дерлік тума ақауы бар балалар. Егер балаға ерте жастағы депривация оның негізгі психикалық процесстердің бұзылыстарына әкеліп соқтырса, онда ол балаға өзін қоршаған ортадан жеткілікті түрде ынта-жігер беру керек. Жоғары деңгейде балаға қоғамнан өз орнын табуына, өз мүмкіндерін пайдала алуына жол көрсету керек. Қоғамда және сол қоғамның көмегімен бала депривация салдарынан арылады және өзін қоршаған ортасымен жағымды, жақсы қарым-қатынаста болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. А.М. Прихожан, Н.Н. Толстых. «Дети без семьи.» Москва «Педагогика», 1990г.
2. Г. Мақашқұлова. Балалар үйінде тәрбиеленушілердің психикалық ерекшеліктері // Қазақстан мектебі.-2005.- 11/127 52-53 .
3. М.Д. Ауренова. Балалар үйінде тәрбиеленушілердің психологиялық дамуы // ҚазҰУ хабаршысы. Психология және социология сериясы -Вестн. КазНУ.Сер. психология. - 2004. -№1. -102-105 б.
4. <http://kk.wikipedia.org/wiki/>

## **ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫ МЕН ҒЫЛЫМҒА ДЕГЕН СҰРАНЫСЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС МАМАНДЫҒЫНЫҢ РӨЛІ**

